

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# Қазақстан КОММУНИСТІ

---

5

М А Й

1962

АЛМАТЫ

КАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ

THE UNIVERSITY OF CHICAGO  
LIBRARY

1944

1944

## М А З М Ұ Н Ы

БАС МАҚАЛА — Партияның халықпен байланысының жарқын көрінісі . . . . .	3
И. ЮСУПОВ — Кадрларды іріктеу және тәрбиелеу лениндік талапқа сай болсын . . . . .	10
Л. ПОЛНЕР — Партия ұйымдары түсті металлургияны өркендету күресінде . . . . .	16
Н. ФИЛАТОВ — Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыру жолдары . . . . .	22
Қ. СЕРІҚБАЕВ — Озат тәжірибе мектебі . . . . .	<u>27</u>

### «ПРАВДА» ГАЗЕТІНЕ ЕЛУ ЖЫЛ

Қ. ШАЛАБАЕВ — Бұқаралық — баспасөздің лениндік маңызды принципі . . . . .	31
Қ. ӘБІЛХАНОВ — «Правда» — қазақ баспасөзінің ұстазы. . . . .	38
Т. ҚОЖАКЕЕВ — Қазақстан өмірі «Правда» бетінде . . . . .	44

### ЖАҢА ПРОГРАММА ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ

Қ. ШӘЙМЕРДЕНОВ — Ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа кезеңі. . . . .	<u>48</u>
---	-----------

### ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Қ. МЕНДІБАЕВ — Бастауыш ұйым — бұқараның жетекшісі. . . . .	54
С. СӘРСЕНБАЕВ — Коммунистік тәрбиенің маңызды саласы. . . . .	<u>60</u>
А. БЕРДАЛИН — Жас коммунистер арасындағы жұмыс. . . . .	<u>65</u>

### ОҚУШЫЛАРДЫҢ СҰРАҒЫНА ЖАУАП

Х. ӘБДІРАХМАНОВ — Конгодағы жағдай. . . . .	<u>69</u>
---	-----------

### СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Ә. САТЫБАЛДИЕВ — Терминология сөздіктері жайында. . . . .	73
Журнал сынынан кейін . . . . .	80



*Филатов  
и др.*

## СОДЕРЖАНИЕ

ПЕРЕДОВАЯ — Предложения и критические замечания коммунистов в жизнь . . . . .	3
И. ЮСУПОВ — Подбирать и воспитывать кадры в духе ленинских принципов . . . . .	10
Л. ПОЛНЕР — Партийные организации в борьбе за развитие цвет- ной металлургии . . . . .	16
Н. ФИЛАТОВ — Пути повышения производительности труда в сель- ском хозяйстве . . . . .	22
К. СЕРИКБАЕВ — Школа передового опыта. . . . .	27

### ПЯТЬДЕСЯТ ЛЕТ ЛЕНИНСКОЙ «ПРАВДЕ»

К. ШАЛАБАЕВ — Массовость — важный ленинский принцип печати	31
К. АБИЛЬХАНОВ — «Правда» — учитель и наставник казахской печати . . . . .	38
Т. КОЖАКЕЕВ — Казахстан на страницах «Правды». . . . .	44

### БЕСЕДЫ О НОВОЙ ПРОГРАММЕ

К. ШАЙМЕРДЕНОВ — Новый этап национально-освободительного движения . . . . .	48
--	----

### ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ

К. МЕНДЫБАЕВ — Активизировать деятельность первичных партий- ных организаций . . . . .	54
С. САРСЕНБАЕВ — За действенность научно-атеистической про- паганды . . . . .	60
А. БЕРДАЛИН — Воспитание молодых коммунистов. . . . .	65

### ОТВЕТЫ НА ВОПРОСЫ ЧИТАТЕЛЕЙ

Х. АБДРАХМАНОВ — Положение в Конго . . . . .	69
--	----

### КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

А. САТЫБАЛДИЕВ — Некоторые вопросы терминологии. . . . .	73
По следам наших выступлений . . . . .	80

# Партияның халықпен байланысының жарқын көрінісі

Коммунистік партия еліміздегі коммунистік құрылыстың барлық елеулі мәселелерін халықтың кең талқысына салу арқылы шешіп келеді. Аса маңызды шешімдердің жобаларын бүкілхалықтық талқылауға салу — біздің елде партия мен мемлекеттің саясатын белгілеуге еңбекшілер бұқарасын кең қатыстырып отырудың пәрменді құралдарының бірі.

Мұның өзі ұлы көсеміміз В. И. Ленин ұйымдастырған Коммунистік партияның табиғатынан туып отырған жағдай. Біздің партияның еңбекші халықтың мүддесін қорғаудан басқа көздейтін мақсаты жоқ. Партияның түпкі мақсаты елімізде коммунизм орнату болса, ол осы жолдағы күрестің әрбір кезеңдерінде өз саясатын белгілеуде халықтың тәжірибесіне, ақыл-кеңесіне сүйенеді. Өйткені, В. И. Ленин «Халық бұқарасының ішінде біз не дегенмен де теңіздегі тамшыдаймыз, сондықтан біз халықтың санасы жеткен нәрсені дұрыс көрсетіп отырған кезде ғана оны басқара аламыз» (Шығармалар 33-том, 302-бет) деп үйреткен болатын. Саясат халықтың ісі болуға тиіс деп көрсеткенді Владимир Ильич.

В. И. Лениннің бұл нұсқаулары біздің елде қалтқысыз орындалуда. Партияның XII съезінің қарсаңында КПСС жаңа Программасы мен Уставының жобасын коммунистер, бүкіл еңбекшілер зор белсенділікпен талқылады. Өйткені, Программа мен Уставта белгіленген асыл мұрат пен ұлы міндет әрбір совет адамының көкейінен шықты, жүрегіне тебірентті. Партияның бұл маңызды документтерін халық өз өмірінің Программасы деп қабылдады.

Партияның Программасы мен Уставының жобасын талқылауға елімізде 9 миллионнан астам коммунист, яғни бүкіл партия қатысты. Біздің республикада ғана 22 мың жиналыс өткізілді, оған 1 миллион 300 мың адам қатысып, өздерінің ұсыныстары мен пікірлерін айтты. Коммунистердің, еңбекшілердің бүкілхалықтық талқылау үстінде айтқан ұсыныстары мен сын ескертпелері Программада алға қойылған міндеттерді неғұрлым тыңғылықты орындауды көздеген творчестволық ізденуден туған еді. Сонымен бірге олар коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, коммунистік қоғамдық қатынастарды қалыптастыру және жаңа адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттердің неғұрлым тез орындалуына бүкіл совет халқы күштар екенін көрсетті.

Коммунистер мен партияда жоқ еңбекшілер партия, совет және шаруашылық органдарының жұмысына жанжақты талдау жасап, кемшіліктерді аяусыз сынады, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын, ғылым мен мәдениетті өркендете берудің жаңа мүмкіндіктерін ашты, халық шаруашылығы мен мәдениет құрылысын дамытуға бөлінген қаржылар мен материалдық қорларды дұрыс та тиімді пайдаланудың жолдарын көрсетіп берді.

Партия жиналыстарында, конференцияларында, еңбекшілердің жиналыстарында, баспасөз бетінде, партия органдарына жолдаған хаттарында коммунистер мен партияда жоқтар халықтың әл-ауқатын кө-

теру және оған қызмет көрсетуді жақсарту жөнінде аса бағалы ұсыныстар мен сын ескертпелер айтты.

Бұл ұсыныстар мен сын ескертпелерді жүзеге асыру партия, совет және шаруашылық органдарына еліміздегі коммунистік құрылысты міндеттерінің толық орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастыру және саяси жұмыстарды күшейте беруге көмектесуде.

Міне, сондықтан да партияның XXII съезі одақтас республикалар Компартияларының Орталық Комитеттеріне, өлкелік және облыстық партия комитеттеріне Программа мен Уставтың жобаларын талқылаудың барысында түскен барлық ескертпелер мен ұсыныстарды қарқындылықпен жоюға шаралар қолдануды, ол шаралар туралы партия комитеттерінің пленумдарына, конференцияларына және партияның Орталық Комитетіне хабарлап отыруды тапсырған болатын.

Жақында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің II пленумы КПСС Орталық Комитеті март Пленумының қорытындылары және Қазақстан Коммунистік партиясының ауыл шаруашылығына басшылықты жақсарту жөніндегі міндеттері туралы Орталық Комитеттің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдастың баяндамасын, сонымен бірге партияның Программасы мен Уставының жобаларын талқылау кезінде түскен ескертпелер мен ұсыныстарды жүзеге асырудың барысы туралы Орталық Комитеттің екінші секретары Н. Н. Родионов жолдастың баяндамасын талқылады. Пленум партияның XXII съезінің шешімдерін жүзеге асыру, съездің документтерін талқылау үстінде түскен ұсыныстар мен сын ескертпелерді пайдалану нәтижесінде республика партия ұйымдарының жұмысы жақсара түскенін атап көрсетті.

Кәзірдің өзінде коммунистер мен партияда жоқ еңбекшілердің республикамыздың өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын шапшаң қарқынмен өркендетуге бағытталған бірсыпыра ұсыныстары жүзеге асырылды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Министрлер Советі Жезқазған және Балқаш кен-металлургия комбинаттарының маңында құрылыстарын салуға көмектесу, Каспий ойпатында мұнай мен газ іздестіретін геологиялық-барлау жұмыстарын күшейту, Жамбыл облысында химия өнеркәсіп орындарын салу қарқынын тездетіп, минералдық тыңайтқыштар өндірісін ұлғайту, ғылым мен техниканың жаңалықтарын өндіріске енгізуді жақсарту туралы нақты шаралар белгіледі. Кәзір ол шаралар іске асырылуда.

Қазақстан Компартиясының XI съезінде Гурьев облысының делегаттары мал шаруашылығының мұқтажы үшін Аралтөбе су қоймасын салу туралы ұсыныс енгізген еді. Бұл мәселе шешілді. Биылдың өзінде Одақтық үкімет бұл құрылысты салуға 1,5 миллион сом қаржы бөлді. Сонымен бірге Ертіс—Қарағанды каналының құрылысы басталды. 1966 жылы Ертіс суы Сарыарқаны қақ жарып, Қарағандыға жетеді. Сөйтінше Қарағанды кеншілері мен металлургтерінің арманы мен тілегі орындалады.

Республиканың ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін коммунистер, егіншілер мен мал өсірушілер, механизаторлар мен мамандар партияның Программасы мен Уставының жобаларын талқылай отырып, егіншілік пен мал шаруашылығының мәдениетін көтеру, ауыл шаруашылығы өнімдерін молайтудың әлі пайдаланылмай жатқан бай мүмкіндіктерін тиімді пайдалану, озат тәжірибе мен ғылым жетістіктерін кеңінен өндіріске енгізу жөнінде көптеген бағалы ұсыныстар айтуды бірге, партия, совет, шаруашылық органдарының басшылық жұмысын жақсартуға көмек боларлық талай сын ескертпелер жасаған болатын.

Бұл ұсыныстар мен сын ескертпелерді мұқият зерттеу партия ұйымдарына XXII съезд бен КПСС Орталық Комитетінің март Пленумының шешімдеріне сәйкес, колхоздар мен совхоздарда егіс көлемінің құрылымын қайта қарап, отамалы дақылдардың жүйесін енгізу, бұршақ

жүгері, қызылша сияқты мол өнімді дақылдардың көлемін көбейту жөніндегі шараларды жүзеге асыруға көмектесуде.

Екіншіліктің отамалы дақылдар жүйесі астықты көбейтумен бірге мал шаруашылығы өнімдерін молайтудың басты тірегі — берік жемшөп қорын жасауға мүмкіндік береді. Өткен жылдары республикамыздың ауыл шаруашылығында елеулі кемшіліктерге жол беріліп келді. 1961 жылы егістік жердің 28 процентіне көпжылдық және біржылдық шөптер, таза пар мен сұлы орналастырылды. Ал, бұршақ, жүгері сияқты мол өнімді дақылдар барлық егістікте 7,7 процент, Тың өлкесінде 0,2 процент ғана орын алды.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің II пленумы республиканың ауыл шаруашылығында орын алып келген бұл кемшіліктерді жоюдың нақты шараларын белгіледі. Биыл 1 466 мың гектар жер шөптер мен таза пардан босатылып, бұршақ, жүгері, қант қызылшасы және басқа бағалы дақылдар егіледі.

Бұл — екіншіліктің отамалы дақылдар жүйесін меңгерудің бастамасы ғана. Келешекте егістің жалпы көлемін кәзіргі 28,6 миллион гектардан 40 миллион гектарға дейін жеткізу, егістік жердегі сүрлемге арналған жүгерінің үлесі өткен жылы 5 процент болса, оны 13 процентке, яғни 5 миллион гектарға, бұршақ дақылдарының үлесін 0,2 проценттен 27,6 процентке, яғни 11 миллион гектарға жеткізу белгіленіп отыр.

Республика ауыл шаруашылығының еңбекшілері партияның жаңа Программасында алға қойылған міндеттердің талаптарына сәйкес биылғы жылға арналған жаңа міндеттемелер қабылдады. Олар биыл астық өндіруді 1,5 миллиард пұтқа дейін жеткізуге, мемлекетке кемінде 900 миллион пұт астық, 225 мың тонна шитті мақта, 1 миллион 787 мың тонна қант қызылшасын, 800 мың тонна ет, 1 миллион 230 мың тонна сүт сатуға ұйғарып отыр.

Коммунистердің, қатардағы еңбекшілердің ұсыныстары мен сын-ескертпелерін мұқият зерттеп, іске асырып отыру партия ұйымдарының ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің бұл міндеттемелерді орындап шығуын тыңғылықты ұйымдастыруына көмектеседі. Кәзір колхоздар мен совхоздардың өндірістік жұмыстарына тікелей басшылық жасап, олардың жоспарлы тапсырмаларды орындап отыруын бақылап отыратын колхоз-совхоз өндірістік басқармалары құрылды. Мұның өзі партия комитеттерінің негізгі назарын еңбекшілер бұқарасы арасында жалынды ұйымдастыру және саяси жұмыс жүргізу ісіне аударуға мүмкіндік береді. Ендігі жерде аудандық партия комитеттерінің жұмысында қағазбастылық, мәжілісқорлық әуре-сарсандар мүлдем жойылып, олардың секретарьлары мен бюро мүшелері, басқа қызметкерлері тікелей адамдар арасында жұмыс істейтін болуы керек.

Жасыратыны жоқ, осы уақытқа дейін кейбір аудандық партия комитеттері совет және шаруашылық органдарының жұмысына орынсыз араласып, әкімшілікке көбірек бой ұрып келді. Олар ұйымдастыру жұмысын, партия мен үкімет шешімдерінің орындалуын қадағалап ұйымдастырып отырудың орнына, тіпті техниканы, запас бөлшектерді бөлу сияқты шаруашылық жұмыстарымен де шұғылданды. Мысалы, Ақтөбе облысының Степной аудандық партия комитеті (секретары Бычков жолдас) өткен жылдың екінші жартысында бюро мәжілістерінде 44 мәселе талқылап шешкен болса, соның 34-і партия ұйымдарына қатысы жоқ бірыңғай шаруашылық мәселелер. Бұл мәселелерді аудандық совет атқару комитетінің, басқа шаруашылық ұйымдардың шешуіне де әбден болар еді.

Партияның жаңа Программасы мен Уставының жобаларын талқылау кезінде, конференциялар мен партия жиналыстарында коммунистер партия комитеттерінің жұмысындағы кемшіліктерді терең ашып көрсеткен болатын.

Кәзір әрбір партия комитеті партияның Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерін жүзеге асыра отырып, коммунистердің сын ескертпелерінен терең қорытынды шығаруға, өздерінің ұйымдастыру және саяси жұмыстарының әдістері мен тәсілдерін жетілдіре беруге тиіс. Олар алдымен еңбекшілер бұқарасына мейлінше жақын, солармен тығыз байланысты болулары керек. Кезінде В. И. Ленин: біздің саяси жұмысымыз бен күнделікті практикалық ісіміз партияның бүкіл пролетарлық бұқарамен, бүкіл шаруалар бұқарасымен тығыз байланысты болуына сүйенеді. Егер кімде-кім өз ісінде бұл тетікті ұмытса, жалғыз әкімшілікке әуестенсе, ол біздің ортақ ісімізге ешқандай пайда келтірмейді деп көрсеткен болатын. Халық бұқарасымен тығыз байланысты болу жөніндегі лениндік өсиет әрбір партия қызметкерінің қолындағы компас болуға тиіс.

Коммунистер мен партияда жоқтар партияның Программасы мен Уставын талқылаған кезде идеологиялық жұмысты күшейтуге, оның өмірмен байланысын нығайтуға бағытталған көптеген ұсыныстар мен сын ескертпелер жасаған еді. Бұл ұсыныстар мен ескертпелерді зерттеп, жүзеге асыру партия ұйымдарының коммунистік қоғамның жаңа адамын тәрбиелеу жөніндегі жұмыстарына елеулі көмек көрсетеді.

Соңғы кезде идеологиялық жұмыстардың, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жұмыстарының жайы барлық облыстық және аудандық партия комитеттерінің пленумдарында, партия активтерінің жиындарында талқыланды. Республика партия ұйымдарында идеологиялық жұмыс партияның ХХІІ съезінен кейінгі жерде едәуір жандана түсті. Саяси оқу жүйесіне тартылған еңбекшілердің саны өткен жылғыдан 300 мың адам көбейді. Кадрларға саяси және экономикалық білім беру жөніндегі жұмыстың бір тартымды түрі — теориялық және экономикалық конференциялар барлық жерде де өткізіліп тұратын болды.

Кәзір көптеген аудандық партия комитеттері, бірсыпыра облыстық партия комитеттері партияның Орталық Комитетінің март Пленумының материалдары бойынша ғылыми-экономикалық конференция өткізуде.

Жақында Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті биылғы август айында республикалық экономикалық конференция өткізуге ұйғарды. Конференцияның мақсаты — қоғамдық еңбектің өнімділігін арттыруға, өнімнің түсер құнын кемітуге, өндірістің ішкі мүмкіндіктерін ашып, оны неғұрлым толық пайдалануға, кәсіпорындардың бүкіл жұмысын, экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға еңбекшілерді жұмылдыру. Мұндай экономикалық конференция алдымен әрбір кәсіпорында, облыстарда, экономикалық аудандарда өтеді. Партия ұйымдары, аудандық, қалалық, облыстық, өлкелік партия комитеттері экономикалық конференцияларды тиісті әзірлікпен өткізіп, олардың кәсіпорындардың сапа көрсеткішін жақсартуын, кадрлардың экономикалық білімін арттыруын қамтамасыз етуге міндетті.

Коммунистердің, қалың еңбекшілердің ұсыныстары мен сын ескертпелерін мұқият зерттеп, жүзеге асырып отыру қысқа мерзімді науқан емес, ол үнемі шұғылданатын, түпкілікті де игілікті жұмыс. Коммунистердің ұсыныстары мен сын ескертпелерін пайдалана отырып, Программа мен Уставтың талаптарын табандылықпен жүзеге асыруды партия комитеттері өзінің бүкіл ұйымдастыру және саяси жұмыстарының өзегі деп білуге тиіс.

Республикамызда бірсыпыра облыстық партия комитеттері коммунистер мен партияда жоқ еңбекшілердің партияның Программасы мен Уставының жобаларын талқылау кезінде жасаған сын ескертпелері мен ұсыныстарының жүзеге асырылуы жайын бюро мәжілістерінде, пленумдарда талқылап, бұл жұмыстың барысына едәуір қозғау салды. Бірақ шешім қабылдаумен ғана іс бітпейді.



Бұл ұсыныстар мен сын ескертпелерді барлық басшы қызметкерлер, партия, совет активі өздерінің күнделікті жұмыстарында ескеріп, тиісті қорытынды жасап отыруға тиіс. Ал, партия комитеттері партия, совет, шаруашылық қызметкерлерінің, коммунистер мен партияда еңбекшілердің дұрыс сын ескертпелерін адалдықпен орындауын қамтамасыз етуге міндетті.

Коммунистердің сын ескертпелері мен ұсыныстарын жүзеге асырмай, сүйретпеге салуды сын мен өзара сынды тұншықтырумен барабар есептеу керек. Сын мен өзара сынды өрістету — кадрларды тәрбиелеудің, дандайсушылыққа, токмейілсушілікке қарсы күрестің өткір құралы. Сыннан адал қорытынды шығару — әрбір партия ұйымының, әрбір коммунистің Устав бойынша белгіленген міндеті.

Осыған қарамай, кейбір партия, совет және шаруашылық органдары коммунистердің аса маңызды ұсыныстары мен сын ескертпелерін жүзеге асыруда сымбатсыздық жасап келеді. Өндірістің резервтерін, ғылым мен озық тәжірибенің жетістіктерін неғұрлым жақсы пайдаланып, еңбек ұйымдастыруды жақсарту жөніндегі ұсыныстар мен сын ескертпелер бірсыпыра кәсіпорындарда тіпті тұтас экономикалық аудандарда да жеткілікті зерттеліп, жүзеге асырылмай келеді. Республиканың меркәсібі жалпы алғанда өндірістік жоспарды толық орындап келе алмағандықтан кәсіпорындардың үштен біріндейі өндіріс жоспарын орындамай жүргені осыны көрсетеді.

Тың және Семей халық шаруашылығы советтері еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің түсер құнын кеміту жөніндегі жоспарды үнемі орындамай келеді. Халық шаруашылығы советтерінің басшылары, мамандары артта қалып, экономикалық көрсеткіштері нашар болып келе жатқан кәсіпорындарда болып, олардың жұмысына нақты талдау жасау арқылы көмектесуге тиіс. Міне, сонда ғана іс ілгері басады. Ал, жалпы жұмысқа, жалпы басшылық жасау арқылы істің жағдайын түзетуге болмайды.

Партияның Программасы мен Уставының жобаларын талқылау кезінде тұрғын үй, мектеп, аурухана және басқа мәдени-тұрмыс орындарының құрылысын тездету, еңбекшілерге қоғамдық қызмет көрсететін орындардың жұмысын жақсарту жөнінде көптеген ұсыныстар енгізіліп, аса бағалы, нақты ескертулер айтылды. Бірақ көп жерде бұл ұсыныстар мен ескертпелерді орындау жұмысы нашар ұйымдастырылған.

Мысалы, Саран қалалық партия комитетінің жұмысын алайық. Қаланың коммунистері және басқа еңбекшілері партияның Программасы мен Уставының жобаларын конференцияда, партия жиналыстарында талқылай отырып, қалалық партия комитеті мен совет атқару комитетінің атына еңбекшілерге мәдени тұрмыс жағынан қызмет көрсету, тұрғын үйлерді, мектеп және балалар мекемелерін көбейту, қаланы көркейту жөнінде көптеген бағалы сын ескертпелер айтқан болатын. Коммунистер тұрғын үй құрылысын тездету, қаланы көркейту ісіне еңбекшілердің өзін кеңінен жұмылдыру жөнінде нақты ұсыныстар енгізген еді.

Бірақ қала тұрмысындағы кемшіліктер өте баяу жойылуда, өткен жылы еңбекшілерге 1450 шаршы метр тұрғын үй, 920 оқушы орны бар мектеп үйлері жоспарда белгіленгеннен кем берілді, балалар бақшасы мен яслилері жетіспейді. Сауда жұмысында кемшілік көп, тағамдардың кейбір түрлері магазиндерде ұдайы болып тұрмайды. Тіпті қала транспортының жүрісі де тәртіптелмеген. Мұның бәрі еңбекшілердің заңды қаразылығын туғызуда. Қалалық партия комитеті қаланы көркейту жұмыстарына жұртшылықтың өзін жұмылдыру жөніндегі ұсыныстарды жүзеге асыра алмай отыр.

Қалалық партия комитеті, оның бірінші секретары Зимин жолдас партия конференциясы өткеннен кейін, онда айтылған ұсыныстар мен сын ескертпелерді жүзеге асыруды ұйымдастырмады. Содан бері алты ай өтсе де ол ұсыныстар мен сын ескертпелердің орындалуы бюро мәжілісінде, болмаса пленумда талқыланып, еңбекшілерге бұл жөнінде істелген жұмыстар хабарланған жоқ.

Коммунистердің ұсыныстары мен сын ескертпелерін жүзеге асыру түптеп келгенде, партия комитетінің жұмыс дәрежесін, мәдениетін көрсетеді. Партия комитеттері жоспарлы, мақсатты, іскер де жедел жұмыс істейтін жерде бірде-бір бағалы ұсыныс аяқсыз қалмайды. В. И. Ленин партия, совет ұйымдарынан осыны талап еткен болатын. «Әрбір практикалық ұсыныс мүмкін қадерінше, неғұрлым айқын түрде, ешқандай сүйретпеге салынбастан, партияның жергілікті жердегі, орталықтағы басшы органдарының талқылап шешуіне дереу жіберіліп отыратын болсын» (Шығармалар, 32-том, 249-бет) деп көрсетті Владимир Ильич.

Коммунистердің ұсыныстары мен сын ескертпелерін жүзеге асыруды жедел қолға алған жерде көзге көрінерлік бірсыпыра игілікті жұмыстар істелді. Бұл жөнінде мынандай мысал келтіруге болады: өткен жылы Алматы қаласының Совет аудандық партия конференциясында күрделі машина жасау зауытының жұмысшысы Паринова жолдас: зауодқа оның техникалық жағдайына сай келмейтін көптеген ұсақ өнімдер, тіпті балалардың ойыншығына дейін шығаруға тапсырма берілетінін сынаған еді. Бұл кемшілік завод коллективінің жоспарлы тапсырманы үздіксіз орындап отыруына кедергі жасап келе жатқанын айтып қанды. Сонымен бірге ол заводта тұрғын үй құрылысы еңбекшілер мұқтажын жедел қанағаттандыру міндетіне сай емес скенін сынаған болатын.

Қаланың партия комитеттері коммунистің бұл сынынан жедел қорытынды шығарды. Завод өзіне лайықсыз ұсақ өнімдер өндіруден босады. Осының нәтижесінде завод коллективі өндірістік жоспарларды ай сайын толық орындап келеді. Сонымен бірге құрылыс жұмыстарындағы кемшіліктер жойылды, завод 1 200 шаршы метр тұрғын үйді шаруашылық әдіспен салып пайдалануға берді. Мұның үстіне Алматы халық шаруашылығы советі 1 600 шаршы метр тұрғын үй бөлді. Сөйтіп коллектив тұрғын үй жөніндегі қиыншылықтарды ойдағыдай жеңіп келеді.

Алайда, кейбір аудандық партия комитеттері өз жұмыстарын партияның жаңа Программасы мен Уставының қойған талаптарына сәйкес қайта құра алмай келеді. Олар әлі де болса партия конференцияларында, жиналыстарда коммунистер айтқан сын ескертпелер мен ұсыныстардан елеулі қорытынды шығарған жоқ.

Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысының Георгиев ауданының партия ұйымдарында жағдай осындай. Аудандық партия комитеті, колхоздар мен совхоздардың партия ұйымдары колхозшылар мен совхоз жұмысшыларын қолда бар мүмкіндіктерді пайдалана отырып, ауыл шаруашылығын өрге бастыру жолындағы күреске жұмылдыра алмайды. Аудан мемлекетке астық, ет, жұмыртқа сатудың жылдық жоспарын орындамады. Әрбір 100 төлдейтін малдан 84 қозы, 64 бұзау, 50 құлын ғана алынды.

Мұндай кемшіліктерге жол берілуінің басты себебі — мұнда коммунистердің ролі төмен, олар шаруашылықтың шешуші буындарын қойылмаған. Бүкіл аудан бойынша 30 коммунист шопан, 10 коммунист сауыншы, 2 коммунист шошқа бағушы болып жұмыс істейді. Партия ұйымдарында көпшілік-тәрбие жұмысы нашар. Маскүнемдерге, арам тамақтарға, еңбек тәртібін, социалистік заңдылықты бұзушыларға қарсы күрес мардымсыз жүргізіледі. Көптеген елді жерде мәдени-ағарту жұмыстары ұйымдастырылмаған, кино, лекция сирек өткізіледі.

Партияның Программасы мен Уставының жобасын талқылау үстінде аудандық партия конференциясында коммунистер бұл кемшіліктерді ашып, оларды жою жөнінде талай нақты ұсыныстар айтқан болатын. Бірақ аудандық партия комитеті ол ұсыныстарды қаразға тіркелген күйінде қалдырды. Жақында Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бюросы аудандық партия комитетінің коммунистердің ұсыныстары мен сын ескертпелерін жүзеге асыру жөніндегі есебін тыңдап, аудандық партия комитетінен бұл жұмыстағы кемшіліктерді жоюды талап етті.

Коммунистермен, еңбекшілермен тығыз байланыс жасап, олардың ұсыныстары мен сын ескертпелерін мұқият жүзеге асырып отыру, партия комитеттеріне өздерінің ұйымдастыру және саяси жұмыстарын өрістетуге түсуіне, шаруашылық пен мәдени құрылыстың мәселелерін жедел шешіп отыруына көмектеседі.

Коммунистердің ұсыныстары мен сын ескертпелерін жүзеге асыру жұмысы партиялық бақылау, істің орындалуын тексеру жұмыстарымен тығыз байланысты. Партияның Программасы мен Уставының жобаларын талқылаудың барысында түскен ұсыныстар мен сын ескертпелер башар орындалып отырған жерде істің орындалуын тексеру жұмысы да әлсіз екенін аңғару қиын емес.

Істің орындалуын тексеруді жақсарту жөнінде партия, совет және шаруашылық ұйымдарының басшыларына үлкен жауапкершілік жүктеледі. Өйткені, істің орындалуын тексеру, партия мен үкімет шешімдерінің орындалуын ұйымдастырып отыру — коммунистік құрылысқа басшылық етудің пәрменді құралы. Н. С. Хрущев жолдас бұл жөніндегі міндеттерді былай деп тұжырымдап берді: «Жоғарыдан төменге дейін қатаң бақылау жасауды жолға қою керек. Бұл қағаз жүзінде емес, нақты, пәрменді бақылау, жергілікті жерде істі тексеріп отыратын бақылау болуы тиіс. Жоғары партия және совет органдарының шешімдерін орындамайтын қызметкерлерді қатаң жазалап отыру керек. Істің орындалуын бақылауды және тексеруді күшейту жөніндегі бүкіл жұмыста коммунистерге, еңбекшілердің қалың бұқарасына арқа сүйеп отыру қажет».

Коммунистердің ұсыныстары мен сын ескертпелерінің орындалуын тексеруді жақсарту үшін партия органдары партия комитеттерінің, партия ұйымдарының есептерін тыңдап отыруға, сонымен бірге партия комитеттері бұл жөнінде коммунистердің алдында есеп беріп, істің орындалуын тексеруге штаттан тыс қызметкерлерді, еңбекшілер бұқарасын кеңінен қатынастырып отыруға тиіс. Мұның өзі партия комитеттерінің, партия ұйымдарының жұмысын жақсартып, коммунистердің және басқа еңбекшілердің партияның XXII съезі алға қойған міндеттерді орындау жолындағы белсенділігін арттыра түседі.

Республиканың партия ұйымдары партияның XXII съезінің талаптарына сәйкес, істің орындалуын бақылауды күшейте отырып, коммунистердің партияның Программасы мен Уставының жобаларын талқылаудың барысында жасаған ұсыныстары мен сын ескертпелерін мұқият жүзеге асырып отырады. Бұл коммунистік құрылыстың алда тұрған міндеттерін толық орындау жолындағы күреске бүкіл еңбекшілер бұқарасын бір кісідей жұмылдыруға көмектеседі.

# Кадрларды іріктеу және тәрбиелеу лениндік талапқа сай болсын

И. ЮСУПОВ,

*Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары*

Елімізде коммунистік құрылыс кең өріс алуда. Бұл кезеңде бұқаранын өндірістік және саяси өрлеуіне бас болудың және ұйымдастырудың маңызы зор. Бұған байланысты басшыларға қойылатын талапта үнемі өсіп отыр.

Партияның XXII съезінде, КПСС Орталық Комитетінің март Пленумында ауыл шаруашылығындағы ірі кемшіліктер үшін Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Министрлер Советі орынды әрі өткір сынға алынды. Бұл сыннан қорытынды шығару, биыл ауыл шаруашылығы өнімін шұғыл көбейту—республика партия ұйымының айбынды борышы. Бұл міндетті ойдағыдай орындау үшін ауыл шаруашылығының басшы кадрларын іріктеуді, тәрбиелеуді партиялық принципке орай жүргізу қажет.

Кәзір Қазақстан партия ұйымы алдында күрделі міндет тұр. Ол — еліміздің ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің нақты программасын жасап берген партия Орталық Комитетінің март Пленумының шешімін мүлтіксіз іске асыру міндеті. Бұл міндеттің негізгі талаптары мынадай: биыл Қазақстан ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді едәуір молайтып, мемлекетке кемінде 900 миллион пұт астық, 1,2 миллион тонна сүт, 800 мың тонна ет, 95 мың тонна жүн, 225 мың тонна мақта сатуға тиіс. Бұл үлкен де құрметті міндеттемелерді орындау күресіне еңбекшілерді бір кісідей жұмылдыруда басшы кадрлар маңызды орын алады. Ал басшы кадр өзінің алдына қойылған талаптың дәрежесінде болу үшін алдымен білімдар болуға тиіс. Халыққа жан-тәнімен берілген, қоғам мүддесін өз басының мүддесінен жоғары қоятын іскер, жігерлі кадрлар білімін үсті-үстіне толықтырып отырады. Мұндай кадрлар өндірісті, шаруашылықты шебер ұйымдастыра да біледі. Білімді де тәжірибелі нағыз ұйымдастырушыларды неғұрлым сергектілікпен және неғұрлым төзімділікпен сынап білу, танып білу, іріктеп алу, өсіру — партияның ежелгі талабы осындай. Тек осы талапқа лайық адамдарды он қайтара сынағаннан кейін, — деп көрсетті В. И. Ленин ең жеңіл міндеттерден ең қиын міндеттерге қарай жылжыта отырып, халық еңбегіне басшы болатын орынға жоғарылату керек.

Партия соңғы жылдары халық шаруашылығына нақты басшылық жасау мәселесіне шұғыл бет бұрды. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы озат тәжірибені мұқият зерттеу және мейлінше кең тарату коммунистік құрылысты нақты үздік үлгілер негізінде өрістету талабы мейлінше күшейді. Бұрын совхоздың, колхоздың басшылары, немерсе ферма мен бригаданың қызметкерлері көбінесе өз ынталарын көрсетуге мүмкіндігі болмай, әрбір мәселе жөнінде жоғарыдан директива мен нұсқау күтіп келген болса, кәзір жергілікті органдардың жауапкершілігі артуына байланысты, олардан жұмысты өздігінен істеу және іске творчестволықпен қарау талап етіледі.

Қатарында төрт жүз мыңға жуық мүшесі бар Қазақстан партия ұйымында іскер, шебер, алғыр басшылар аз емес. Совхоз, колхоз өнді

ісін жақсы басқаратын ысылған кадрлардың бірсыпырасы бүкіл Қазақстанның мақтанышына айналды. Мысалы, «Шымқорған» совхозының директоры А. Месяцев жолдасты кім білмейді? Ол жиырма жыл бойы осы совхозды басқарып келеді. Ол әсіресе мал шаруашылығының жай-жапсарын жақсы біледі. Малды азықтандырудың әдісі, жемшептің әрбір түрінің жұғымдылығы, әрбір өрістің оты, әр түліктің талағамы — бәрі де Месяцев жолдастың ойында сайрап тұр. Бұл директор жұмысшының мұқтажына, тілегіне, талабына ерекше көңіл қояды. Мұның өзі — оны көзге түсіретін, оның бойындағы үздік қасиеттерінің бірі. Ол үнемі халықтың ортасында жүреді. Әрбір шопанның жай-күйін, қабілетін Месяцев жолдас бес саусағындай біледі десек асырып айтқандық болмайды.

Колхоз бен совхозда жұмыстың өнімді де нәтижелі болуы көбінесе директордың немесе колхоз председателінің, партия ұйымы секретарының, мамандардың бұқарамен араласа білуіне, адамдарды ұйымдастырып, олардың күш-жігерін ең басты міндеттерді шешуге бағыттап білуіне байланысты екені мәлім. Басшылықтың дәрежесін осындай талаптың деңгейіне көтерген жерде шаруашылықтың үздіксіз өрге бауытынын тәжірибе көрсетіп отыр. Бұл арада Солтүстік Қазақстан облысындағы «Мамлют» совхозының тәжірибесін көрсеткен орынды. Мұнда бригада басына ысылған адамдар қойылған. Совхоздағы төрт бригаданың бірін С. Сарықұлов жолдас басқарады. Ол әрі тракторшы, әрі комбайншы. Совхоздың директоры Б. Дворецкий, бас агрономы Б. Тұрғынов жолдастар — жалықпай ізденетін адамдар. Бұлар бағыт сілтеуші ғана емес, сонымен бірге тәжірибелі дихандардың сарқыл-кеңесін ішіне тоқып алатын, олармен жұмыс істей білетін басшылар. Халықпен біте қайнасу, оның ой-тілегін ұғу, халықтың сарқылмас еңбегіне қолдау сыйлау — қандай басшыға болса да лайық қасиет.

Партияның ХХІІ съезінде Н. С. Хрущев жолдас былай деді: «Бұқарамен байланысты нығайту, бұқарамен ленинше араласқыш болу, үнемі халықтың ортасында болуға ұмтылу, солардың тұрмыс жайын, қажетін ойлаумен тіршілік ету, жаңалық үшін күресте партиялық ынтымақшылық көрсету — міне, партиялық басшының бейнесін белгілейтін қасиеттер осы болуға тиіс».

Қазақстанның совхоздары мен колхоздары білімді, іскер, маман кадрлармен жылдан жылға нығайтылып келеді. Облыстық және аудандық партия комитеттері ауыл шаруашылығының шешуші буынында шебер маман кадрлардың дұрыс орналастырылуын қамтамасыз ету мақсатымен едәуір жұмыс тындырды. Соңғы бес жылдың ішінде жоғары және орта арнаулы білімі бар совхоз директорларының саны екі есе көбейді. Мұнымен бірге ауыл шаруашылығының өзге буынындағы кадрлардың құрамы да жақсарды. Республика ауыл шаруашылығындағы елу мың басшы қызметкердің үштен екісінің жоғары және орта арнаулы білімі бар. Ауыл шаруашылығының басшы кадрларын нығайту жөнінде бізге партияның Орталық Комитеті үлкен көмек көрсетіп келеді. Партияның Орталық Комитеті екі жылда Қазақстанға 8 мыңнан астам маман кадр жіберді. Оның 3,5 мыңының жоғары білімі бар.

Қазақстанда ауыл шаруашылығының кадрларын даярлайтын жоғары және орта арнаулы оқу орындары тапшы деп айта алмаймыз. Техникумдар, жоғары оқу орындары жыл сайын көптеген мамандар даярлайды. Мұнымен қатар басшы кадрлар даярлайтын біржылдық екі мектеп, алты айлық екі курс және екі жылдық Қапланбек мектебі бар. Олар бір дүркін 600 адам даярлап шығара алады. Демек, республиканың ауыл шаруашылығын кадрмен нығайту жөнінде бірсыпыра мүмкіндіктер бар және едәуір жұмыс істелуде.

Бірақ ауыл шаруашылығының басшы кадрларын іріктеу және тәрбиелеу саласында елеулі кемшіліктер де бар. Кейде бұл жөнінде тіпті қатерге ұрынып жүрген партия комитеттері де жоқ емес. Білімі жоғары артта қалған, қажыған, талаптанбайтын кейбір адамдар күні бүгінге дейін колхоз бен совхоздың басында отырғанына қынжылмасқа болмайды. Құр кеудеге, көкірекке сүйеніп, «тәжірибені» желеу етіп жүргендер де кездеседі. Мысалы, Семей облысы, Аякөз ауданындағы «Қазақстан» колхозының председателі Р. Байқонысов жолдас дәл осындай адам. Ол бұрын осы колхозда бухгалтер болды. Арнаулы білім түгілі орта білім де жоқ бір адамға бұл да үлкен жүк еді. Оның үстіне ол кішісіз колхозшы емес-ті. Қызмет бабын пайдаланғаны, дөрекілігі және есеп-қисапты бытыстырғаны үшін Байқонысов партиялық жаза алғанды. Міне, осындай адамды аудандық партия комитеті «экономиканы біледі, тәжірибесі бар, ұйымдастыру қабілеті мол» деп колхоз председателдігіне ұсынды. Аудандық партия комитетінің бұл ұсынысына тарадан басқа болмайды.

Кәзіргі колхоз бен совхоз — көп салалы, күрделі шаруашылық. Бұл шаруашылықты басқаруға кездейсоқ адамды асығыс тағайындау салудың зардабы зор болатыны сөзсіз. Сондықтан совхоз бен колхоздың басшы кадрын іріктегенде асығып-аптырудан аулақ болу қажет. Бірақ амал не, қайсыбір партия комитеттері басшы кадрларды іріктегенде көбінесе анкеталық мәліметтерді негізге алады, адамның іскерлік қабілетін, ұйымдастыру шеберлігін жете білмейді және зерттемейді. Осындай анкеталық сипаттамасы тәп-тәуір В. И. Аракелов Көкшетау облысындағы «Золотая нива» совхозының директорлығына ұсынылғанда ол совхозға барудан бас тартты. Бұл қылығы үшін Аракелов обкомның бюросында партиядан шығарылды. Ал, бірақ алты ай өткеннен кейін әлгі Аракелов облыстың «Приишим» совхозының директоры болып шыға келді. Ол партияға қайтадан алынды. Осы совхозда директор болып жүргенде Аракелов көзбояушылыққа бой ұрды. Совхоздың малшы талан-таражға салды. Аракеловқа талап қойып, оны дұрыс тәрбиелеудің орнына облыстық партия комитеті оны жаңадан ұйымдастырылған совхозға директорлыққа жіберді. Партиялық қатаң талап көрмеген соң жауапсыздыққа еті үйреніп алған Аракелов бұл совхозда жүргенде де көзбояушылыққа салынды. Ақыры 1962 жылғы февральда облыстық партия комитеті Аракеловты партиядан шығарып, орнынан алуға мәжбүр болды.

Кадрды тәрбиелеу жұмысын үнемі құнттап отырмаудың салдарынан қайсыбір басшы қызметкерлер бір катеден екінші қатерге, ұсақ кемшіліктен үлкен кемшілікке барып ұрынады. Егер партия комитеті қызметкердің әрбір қадамын бақылап, оны жаңсақ әрекеттен сақтандырып отырса, оны принциптілік, адалдық, талаптылық рухында тәрбиелеу нұр үстіне нұр ғой. Амал не, қайсыбір партия комитеттері қызметкерді кемшілікке белшесінен батқанда бір-ақ көреді немесе оның жаңсақ әрекетін көрсе де көрмеген болып жүре береді. Мысалы, Семей облысының Шар ауданындағы «Терістанбалы» совхозының директоры Х. Бекешев жолдастың ұнамсыз қылықтарға үйір екені аудандық және облыстық партия комитеттеріне бұрын да мәлім болатын. Бекешев тері әрекеттері үшін үш рет партиялық жаза алғанды. Ал бірақ совхоз директорылығына бекітерде партия комитеттері Бекешевтің бұл кемшіліктерін ескерген жоқ. Бекешев директор болып бекітілгеннен кейін төрт айдан соң аудандық партия комитетінің бюросы жазаның үшеуін бір-біріне алып тастады. Бюро мәжілісінде Бекешев жолдастың тері мінезін байсалды талқылау, оған сабақ боларлық талап қою болмады. Мұндай әдіс кадрды дұрыс тәрбиелеуге көмектеспейді. Бұл қайта кадрды теріс жолға сілтейді. Іс жүзінде дәл солай болып шықты.

Бір жылдан соң-ақ Шар аудандық партия комитеті мемлекеттік қаржыны иемденгені, алаяқтармен жең ұшынан жалғасқаны үшін Бекешевті партиядан шығарып, орнынан алуға мәжбүр болды.

Жазаны жұмсарту, қылмысты кешіру, кемшілікті жуып-шаю сияқты әрекеттерге ешуақытта жол бермеу керек. Партия комитеттері таптылықтың, принциптіліктің үлгісі болуға тиіс. Кадрлардың өзіне тапсырылған іске жауаптылығын арттыру жөнінде тынбай камкорлық жасап отыру міндет. Артта қалған, білімін көтермейтін адамдарға өзіне лайықты жұмыс беріп, олардың орнына қолынан іс келетін, маман, жас кадрларды батыл жоғарылатып отыру керек. Бұл — қарт кадрларды елеме, олардан тез арыл деген сөз емес. Партияның XXII съезінде жасаған есепті баяндамасында Н. С. Хрущев жолдас былай деді: «Кадрлармен жұмыс істегенде партия жолы үшін күресте шыныққан қарт, тәжірибелі қызметкерлер мен істі жақсы білетін жас, жігерлі ұйымдастырушыларды дұрыс ұштастырудың лениндік принциптерін қатаң сақтау қажет. Бізде жұмыстың сабақтастығын сақтаудың маңызы орасан зор, мұның өзі ең жақсы партиялық дәстүрлерді сақтауға және қолымызуға себепкер болады».

Кадрмен жұмыс істеу, оларды дұрыс іріктеп, тәрбиелеу — өте күрделі іс. Бұл жұмыста байсалдылық, кадрдың қасиеті мен қабілетін түгел таразылау әбден қажет. Сонда ғана басшы кадрды жиі ауыстыру сияқты кеселден аулақ боламыз. Амал не, соңғы жылдары республикамызда совхоз, колхоз басшылары өте жиі ауыстырылып жүр. Мысалы, Көкшетау облысының «Еңбекшілдер» совхозында директордың жыл сайын өзгергеніне міне табаны күректей жеті жыл өтті. Совхоз директорларын жиі ауыстыру әсіресе Жамбыл, Павлодар, Қостанай облыстарында етек алып кетті. Соңғы үш жылдың ішінде Жамбыл облысында совхоз директорларының 69 проценті, Павлодар мен Қостанай облыстарында 60 проценті ауыстырылды. Қайсыбір шаруашылықтың басшылары жыл сайын өзгереді, кейде бір жылдың ішінде екі-үш рет ауыстырылады. Целиноград облысының «Аманкелді» совхозында былтыр басшылығы сегіз айдың ішінде директор екі рет ауыстырылды. Мұндай жағдайда шаруашылықты дұрыс басқару мүмкін емес.

Жұмысты ақсатқан, қолынан іс келмейтін, дәрменсіз басшыны ауыстырып отыру керек екенінде дау жоқ. Дегенмен, партия комитеттері басшы кадрды жиі ауыстырмайтындай жағдай жасау үшін күресуге тиіс. Басшыны орнынан алып тастау қиын емес. Ал, кадрға үздіксіз көмектесіп, оның өсуіне себеп болу, оны үнемі жебеп отыру әлдеқайда күрделі және қиын жұмыс. Кадрды талап қою, оған үнемі көмектесу, үйрету жолымен тәрбиелеген абзал. Жасыратыны жоқ, партия комитеттері, министрліктер мен ведомстволардың басшылары кейде тәрбие жұмысын басқаша түсінеді. Ақыру-жекіру, кадрға жаза беру, оны орынсыз айыптау сияқты әкімшілік әдісі де кездесіп қалады. Мысалы, бұрынғы Қарағанды облыстық совхоздар басқармасының бастығы В. Г. Голушко жолдас ақырып-жекіруге, қорқытуға, байбалам салуға келгенде өте жүйрік адам. Ол «Киев» астық совхозының директоры А. Ф. Христенко жолдасқа екі жылдың ішінде үш жаза берді. Пушкин атындағы совхоздың директоры Ф. Г. Гуськов жолдас бір жылдың ішінде төрт рет жазаланды, ал «Қызылтаң» совхозының директоры С. Рахымбеков жолдас осы жылғы екі айдың ішінде екі рет жаза алды. Ол ол ма, биылғы 17 февральда дәл осы басқарма 19 совхоздың директорын бірден жазалады. Оның ішінде 13 директорға қатаң сөгіс жарияланды.

Кадрды тәрбиелеу ісінде партия комитеттері үлгі көрсетуге тиіс. Басшы кадрдың кемшіліктерін үнемі көрсетіп отыру, оны сынау, оған жолдастық кеңес беру — партия комитеттерінің төл міндеті. Бірақ, амал не, Қарағанды облысының аудандық партия комитеттері бұл мін-

детті тым қысқа түсінеді. Мұнда партия комитеттерінің жұмысында да әкімшілік күшті. Соңғы бес жылдың ішінде аудандық партия комитеттері совхоз директорларының, колхоз председателдерінің 66 процентіне партиялық жаза берді. Әрине, кадрға қатаң талап қою керек. Бірақ кез келген орайда кадрды жазалай беру байсалдылыққа жатпайды.

Сол сықылды республикада мынадай кемшіліктер де ұшырасады. Бірқатар облыстық партия комитеттері кадрларды іріктеу, орналастыру, тәрбиелеу мәселесіне көп уақыт бойы көңіл бөлмейді. Мысалы Қостанай облыстық партия комитеті өткен жылы не бюрода, не пленумда кадр мәселесі жөнінен бірде-бір аудандық партия комитетінің есебін тыңдаған жоқ. Ал, оның бержағында бұл облыста ауыл шаруашылығының басшы кадрын тәрбиелеу жөнінде көбінесе әкімшілікке жол беріледі. Тек соңғы үш жыл ішінде аудандық партия комитеттері совхоз директорларына 795 дүркін партиялық жаза берген.

Партия комитеттері басшы кадрдың әділ төрешісі болуы қажет. Ож мұнымен бірге мұндай кадрлардың ең жақын қамқоршысы және тәрбиешісі болуы міндет. Жасыратыны жоқ, қайсыбір уақытта партия комитеттері бұл талаптың дәрежесінде болмай қалады. Мынадай бір мысал келтірейік. Ақтөбе облысының Шалқар ауданындағы «Жаңа қоныс» колхозында 1955 жылдан бері Т. Жақыпов жолдас колхоз председателі болып істейді. Отызмыңшының бірі Жақыпов жолдас олқы ұйымдастырушы емес екен. Осының арқасында соңғы жылдары колхозда ірі қараның саны екі есе, қой-ешкінің саны үш есе көбейді. Дәл осы мерзімнің ішінде колхоз мемлекетке ет сатуды 4,5 есе, жүн сатуды 6 есе ұлғайтты. Колхоздың ақшалай табысы 4 есе көбейді. Демек «Жаңа қоныс» колхозының шаруашылығы ілгерілегені даусыз. Бірақ колхоздағы партия ұйымының секретары К. Өтебаев жолдас Жақыповтың еңбегін, іскерлігін жоққа шығаруға тырысты. Колхоз председателімен арадағы алақөздігін қызмет мәселесіне араластырған Өтебаев Жақыпов жөнінде жоғарғы орындарға арыз бен шағымды үсті-үстіне жазды. Колхоздың шаруашылығында кемшіліктер де бар екені рас. Өтебаев және басқалары осы кемшіліктерден өзге пәрсені көргісі келмейді. Олар Жақыповты біржақты жамандауға кіріскен. Бұлар жөнінде аудандық партия комитеті дұрыс төрелік айтуға тиіс еді. Аудандық партия комитеті Жақыпов жолдасқа араша болудың орнына оны қызметінен босату жөнінде қаулы алды. Бұл теріс қаулыны колхоз коммунистері мақұлдамай қойды. Колхоз бастауыш партия ұйымының жиналысы Жақыповты басқарма председателдігіне қайтадан сайлауды ұсынды.

Кадрларды дұрыс тәрбиелеу істің орындалуын тексеру мәселесінде байланысты. Қаулы-қарардың, белгіленген шараның орындалуын үздіксіз тексеру — партия комитеттерінің көп күнттайтын ісінің бірі. Қазіргі кезеңнің бірінші кезектегі міндеті адамдарды іріктеп ала білу екенін, істелетін нәрсеге жеке адамның жауапкершілігін белгілеу, іс жүзіндегі жұмысты тексеру екенін жауапты қызметкерлер сезіп, білуге тиіс. Бірақ қайсыбір аудандық және облыстық партия комитеттері істің орындалуын тексеруді үнемі күнттап отырмайды. Ақтөбе облысындағы Ырғыз аудандық партия комитеті былтырғы жылдың 11 айында бюро мәжілісін 44 рет өткізді. Бірақ бюрода істің орындалуын тексеру жөнінде бірде-бір рет мәселе қойылған жоқ. Мұндай жағдайда қаулы-қарардың аяқсыз қалуына таң қалуға да болмайды.

Бізде соңғы кезде совхоз бен колхозды, ферма мен бригаданы және бөлімшені маман, іскер кадрмен нығайту жөнінде көп айтылып жүр. Бірақ облыстық және аудандық партия комитеттері жоғарғы ұйымдардың талабын орындауда дәйектілік, табандылық көрсетпегендіктен бұл саладағы жұмысымыз күні бүгінге дейін жақсармай-ақ келеді. Республикадағы колхоз председателдерінің 55 проценті практик адамдар. Бұл практиктердің тең жартысының жалпы орта білімі де жоқ. Бүгінгі



колхоз сияқты күрделі шаруашылықты басқаруға бұлардың шамасы әбден келеді деп айту қиын. Қарағанды облысында практик колхоз председателдерінің саны 75 процентке дейін барады. Павлодар және Қөкшетау облыстарында да жағдай дәл осындай. Ал совхоздардың бөлімшесі мен фермасын алатын болсақ, мұнда да жағдай мәз емес. Мысалы, Тың өлкесінде бұл саладағы қызметкерлердің 72 проценті практиктер. Колхоздардың фермасы мен бригадасын басқаратын адамдардың 80—90 проценті практик. Ферманы, бригаданы, бөлімшені маман кадрмен нығайтуға қажетті кадр бізде өсіп келеді. Соңғы он жылдың ішінде республиканың жоғары және орта арнаулы оқу орындарын 44 мыңға жуық адам бітіріп шықты. Оның үстіне соңғы екі жылда басқа республикалар мен облыстардан 8 мыңнан астам маман тағы келді. Егер біздің шаруашылық басшылар осы кадрлардың тұрақтап жұмыс істеуіне ұмтылса, істің жайы басқаша болар еді. Амал не, совхоз директорлары мен колхоз председателдерінің бірсыпырасы мамандарға тиісті тұрмыстық жағдай туғыза қоймайды, оларға көмектеспейді. Осының салдарынан және басқа да сылтаумен ауыл шаруашылығынан жалтарып кеткен 19 мыңға жуық маман түрлі ұйымдар мен мекемелерде жұмыста жүр.

Партияның Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі агрономдар мен зоотехниктердің және басқа да мамандардың ауыл шаруашылығындағы ролін күшейту жөнінде қаулы қабылдады. Бұл қаулыда агроном мен зоотехниктің, инженер мен механиктің, экономист пен құрылысшының совхоз және колхоз өндірісіндегі орны, міндеті саралап көрсетілген. Біздің республикада 33 мыңнан астам ауыл шаруашылығының маманы жұмыс істейді. Бұл — үлкен күш. Ендігі міндет осы күшті дұрыс та толық пайдалану болып отыр.

Партия Орталық Комитетінің март Пленумының ауыл шаруашылығына басшылықты қайта құру туралы қаулысына орай өндірістік басқармалар құрылып, олар нақты іске кірісті.

Облыстық партия комитеттерінің өндірістік басқармалар жанындағы партия ұйымдастырушылары, инспектор нұсқаушылары кадр арасындағы жұмысты жақсартуда мұрындық болуға міндетті. Март Пленумында Н. С. Хрущев жолдас бәрі де кадрға, адамға байланысты деп көп айтты. Кадрды іріктеу, тәрбиелеу ісін шұғыл жақсартуды партия көзір қатты талап етіп отыр. Кадрды іріктеу, орналастыру, тәрбиелеу жөнінде бізде шалағайлық көп-ақ. Бұл кемшіліктерді жою — бүгінгі шұғыл міндетіміз. Осы міндетті орындауда өндіріс басқармалары мен партия ұйымдастырушыларына үлкен үміт артамыз. Бұл буын кадрмен қолма-қол араласып, қызметкердің іскерлік қабілетін жақсы білуге тиіс. Басқарма мен парторгтың ауыл шаруашылығының үлкенді-кішілі басшы қызметкерін жанжақты зерттеп, оларды практикалық жұмыста сынап отыруға толық мүмкіндігі бар.

Ауыл шаруашылығының басшы кадрлары арасындағы жұмысты жақсарту — бүкіл республика партия ұйымының үлкен міндеті. Бұл жұмысты лениндік талапқа сай жүргізсек, бүкіл шаруашылықты өрге бастыруға әбден болады. Демек, басшы кадрды тәрбиелеу, істің орындалуын тексеру жұмыстарын мейлінше жақсартып беру керек.

# Партия ұйымдары түсті металлургияны өркендету күресінде

Л. ПОЛНЕР

Коммунистік партияның басшылығы, орасан зор көмегі арқасында Шығыс Қазақстан облысының өнеркәсіп қызметкерлері де социалистік экономиканы ілгері бастырып, елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау ісіне лайықты үлес қосып келеді.

Жалпы өнеркәсіп саласындағы, әсіресе түсті металлургия өнеркәсібін өрге бастырудағы бұл табысқа жетуде партиялық-ұйымдастыру, саяси-бұқаралық жұмыстар елеулі роль атқарды. Партия ұйымдары кәсіпорындардың шаруашылық қызметіне тереңірек араласып, жаңа техникапы өндіріске енгізу, өндіріс технологиясын жетілдіру мәселелерімен күнделікті шұғылданып отырады. Партия ұйымдары жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер арасында жарыстынақты да пәрменді ұйымдастыру, коммунистерді өндірістің шешуші буынына орналастыру, жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің жалпы ой-өрісін, әсіресе экономикалық білімін көтеру бағытында ұлан-асыр жұмыс істеуде. Түсті металлургия кәсіпорындарында ғылыми зерттеу жұмысының дәрежесі арта түсті, жаңашылдардың өнертапқыштардың қозғалысы өрістетілді.

Партияның XX, XXI съездерінің тарихи шешімдеріне орай Шығыс Қазақстан облыстық, қалалық партия комитеттері өз жұмысын қайта құрды. Облыстық партия комитеті кәсіпорындар мен құрылыстардың шаруашылық жұмысын жанжақты зерттеп, оған тереңірек үнілетін болды. Жұмысшылар мен қызметшілер арасында партиялық, саяси бұқаралық жұмыстың өрісін кеңейтті.

Облыстық партия комитеті өнеркәсіптің өте-мөте маңызды мәселелеріне көп көңіл бөледі. Партия ұйымдары халық шаруашылығының өзекті мәселелерін, шұғыл міндеттерін бөліп алады да, оны жанжақты зерттейді, оның төңірегіндегі қиыншылықтарды жояды, сөйтіп бүкіл жұмыстың ілгерілеуіне мұрындық болады. Кенді Алтайдың табиғи байлығын Отап игілігіне пайдалануда Бұқтарма су электр станциясының маңызы қандай екенін айтып жатпаса да болады. Партия ұйымы бұл құрылыстың барысына жете араласып отырды. 1958 жылдың жазында станцияның құрылысы баяулап, өндіріс жоспары орындалмады, мұнда олқылыққа ұшыраған учаске көбейе бастады. 1958 жылдың май айында облыстық партия комитетінің бюросы Бұқтарма су электр станциясы құрылысындағы істің жайын анықтау үшін арнаулы комиссия құрды. Комиссияның құрамында партия, комсомол, кәсіподақ қызметкерлері, маман құрылысшылар, экономисттер болды. Жедел жұмыс істеген бұл комиссия біраз кемшіліктің себебін терін ашып берді. Құрылыста еңбек өнімділігінің төмен екені, техниканың өнімсіз пайдаланылатыны, кадрлардың жұмыста тұрақтамауыны анықталды. Социалистік жарыс ұйымдастыруда, саяси-бұқаралық жұмыс жүргізуде кейбір шалағайлық бар екені байқалды. Сол жылдың 30 майында комиссия жұмысының қорытындысы обком-пле-

жұмысында талқыланып, аса маңызды құрылысты оққылықтан тез шығару шаралары белгіленді.

Құрылыста партия комитеті ұйымдастырылды, оның құрамына тәжірибелі адамдар сайланды. Пленум шешімін іске асыра отырып, Ертіс су электр станциясы құрылысы тресінің басшылығы және партия комитеті кадрлардың орналастырылуын жапатармағай қайта қадап шықты. Шешуші буынды басқаруға іскер, тәжірибесі мол, беделді қызметкерлер тағайындалды. Өз ісінің шебері деп есептелетін жұмысшылар, сондай-ақ инженер-техник қызметкерлер барлық сменаға біркелкі қайта бөлінді. Сонымен қатар облыстық партия комитеті Бұқтарма су электр станциясының құрылысына қажетті қосымша техника және құрылыс материалын беру мәселесін шешті.

Құрылыстың партия комитеті, алдымен жұмысшы, инженер-техник қызметкерлердің өнімді еңбек етуіне өндірістік, мәдени-тұрмыс жағынан толық жағдай жасау, тұрғын үйлер, тұрмыс қажетін өтейтін орындар салу мәселелерімен үнемі шұғылданып отырды. Партия комитеті жұмысшыға өндірістік және тұрмыстық жағдай туғызу үлкен міндет екенін естен шығармайды.

Партия ұйымдары әрбір қызметкерді жаңашыл, прогресшіл етіп тәрбиелеуге ұмтылады. Жаңалыққа үйір болу әрбір шаруашылық басшысының берік дәстүріне айналса артық емес. Құрылыстың партия ұйымы, оның коммунистері жаңалық десе ат-тонын ала қашатын кейбір қызметкерлердің бойкүйездігіне қарсы дәйекті күрес жүргізді. Партия ұйымы жұмыстағы жаңалық әдісті таратып, енгізетін шынайы орталыққа айналды. М. Инюшин жолдас бастаған бір топ инженер цементі аз ертіндіні қолдану жолымен құрылысты бетондаудың жаңа технологиясын жасаған болатын. Бірақ бұл жаңалыққа сол кезде құрылыста басшы қызметте болған Миронов, Гуменный қарсы шықты. Бұлар ол жаңалықтың маңызын жоққа шығаруға тырысып бақты.

Партия ұйымы бұл жөнінде салмақты пікір айтуға тиісті болды. 1958 жылдың 9 декабрінде партком кең мәжіліс шақырып, онда құрылысты бетондаудың жаңа әдісі туралы мамандармен ақылдасты. Партбюро мәжілісіне қатысушылар ол жаңалықты құнды әдіс деп баптады. Сонымен бірге су электр станциялары құрылысшыларының Шығыс Қазақстанда өткен бүкілодақтық кеңесі де жаңа әдісті толық мақұлдады. Бетондаудың жаңа әдісін қолдану мемлекеттің миллиондаған сом қаржысын үнемдеуге, цементтің жұмсалуын едәуір азайтуға мүмкіндік берді.

Облыс партия ұйымдарының осындай жүргізген нақты шаралары Бұқтарма су электр станциясын салуда табысқа жеткізді. Станцияның бірінші агрегаты 1960 жылдың 14 августында тұңғыш ток бере бастады. Ал 1961 жылдан бері мұндағы негізгі алты агрегат бүкіл Алтай өңіріне және көршілес облыстарға жүздеген миллион киловатт-сағат электр қуатын беріп келеді.

Партия ұйымдары облыс еңбекшілерін коммунистік жарысқа жұмылдырып келеді. Өскемен, Лениногор комбинаттарында коммунистік еңбек коллективі деген құрметті атақты жеңіп алуға ұмтылған күрескерлер бірінші болып шықты. Облыстық партия комитетінің бюросы бұл құнды бастаманы қолдай отырып, партия ұйымдарын патриоттық қозғалысқа бас-көз болуға міндеттеді. 1961 жылдың май айында обкомда арнаулы пленум шақырылып, коммунистік еңбек бригадаларының алғашқы тәжірибесі қорытылды.

Партияның XXII съезі қарсаңында облыс бойынша коммунистік еңбек коллективі атағын алу үшін күресушілердің саны 70 мың адам-

нан асты. Оның ішінде 54 мың адам түсті металлургия еңбеккерлері болып саналады. Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты, Березов кен байыту фабрикасы, Лениногор қорғасын заводы, Өскемен бу электр станциясы коммунистік еңбек коллективі деген құрметті атаққа көзірдің өзінде ие болды.

Облыстың партия ұйымдары жеке кәсіпорындармен қатар халық шаруашылығы советінің жұмысына да әрдайым көңіл бөліп келеді. Халық шаруашылығы советі өнеркәсіп пен құрылысқа күнделікті басшылықты бұрынғыдан біршама жақсартты. Мұны шаруашылық саласындағы кейбір жеке қорытындыдан аңғаруға болады. Облыстың кәсіпорындары 1961 жылдың өндірістік жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Түсті металлургия көзір де жұмысты жақсы істеп келеді. 1962 жылдың бірінші тоқсандық жоспарын 102,9 процент орындады. Облыстың өнеркәсібі 3,1 миллион сомның өнімін жоспардан тыс шығарды.

Кенді Алтайда түсті металлургия өнеркәсібін онан әрі өркендету күресінде партия ұйымдары жаңашылдардың, өнертапқыштардың қозғалысын өрістетуге үлкен мән беруде. Обком халық шаруашылығы советімен келісе отырып, жаңа техниканы енгізу, өндірісті механикаландыру, автоматтандыру жөнінде оқтын-оқтын облыстық кеңестер өткізеді. Көзіргі уақытта халық шаруашылығы советінің кәсіпорындарында жаңашылдардың жеті мыңдық армиясы жұмыс істейді. Олар соңғы үш жылда ғана 17 мың жаңалық ұсынысты өндіріске енгізді, одан 13 миллион сомның пайдасы келтірілді.

Соңғы екі жылда өнертапқыштардың белсенді қатысуымен облыс бойынша 11 автомат желі игерілді, технологиялық 15 схема жетілдірілді, өндірістік 45 цех пен учаске механикаландырылды.

Облыс экономикасын ілгері бастыруға партия ұйымдарының идеология саласында жүргізіп келе жатқан ұлан-асыр жұмысы да үлкен себеп болуда. Көптеген партия ұйымдары КПСС XXII съезінің шешімдерін кеңінен насихаттауда.

Өскемен, Зырян қалалық партия комитеттері жұмысшылардың инженер-техник қызметкерлердің экономикалық конференциясына ерекше зер салады. Мысалы, Өскемен қалалық партия комитеті қорғасын-мырыш комбинатында «Электр қуатын тиімді пайдалану» деген тақырыпқа экономикалық конференция өткізді. Оған өндірістің 300-ден астам озаты, инженер-техник қызметкері қатысты. Конференцияда белгіленген шараларды кейіннен іске асыру сол жылы 5 миллион киловатт-сағаттан астам электр қуатын үнемдесуге мүмкіндік берді. Соңғы екі жылда комбинатта 18 миллион киловатт-сағаттан астам электр қуаты үнемделді.

Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында өткен жылдың аяғында «Мүмкіндіктерімізді коммунизм үшін толық пайдаланамыз» деген тақырыпқа өткізілген конференция бұдан да нәтижелі болды. Алдыңғы ала мұқият әзірлікпен ұйымдастырылған бұл конференция кәсіпорының мүмкіндіктерін неғұрлым ұтымды пайдалану жөнінде ақылдасудың шынайы мектебіне айналды. Конференцияда құю цехының технологі коммунист Карапетян сөз сөйлеп, комбинаттың өндірістік қуатын едәуір арттыруға болатынын дәлелдеді.

Зырян қалалық партия комитеті де қорғасын комбинатында осындай бірнеше конференция ұйымдастырды. Оның ішінде «Өнімнің түсетін құнын кеміту жолдары» деген тақырыпқа арналған конференция өте қызықты өтті. Комбинат партия ұйымы дирекциямен келісе отырып конференцияда жасалған ұсыныстарды қорытты. Көзір ол іске асырылуда. Сонымен бірге кен бригадалары бригадирлерінің семинарлары өткізілді, өндіріс озаттары өз тәжірибелерін ортаға салды. Таңдаулылар өзінің жұмыс әдісін конференцияға қатысушыларға шақтады.

ға, забойға түсіп, көзбе-көз көрсетті. Бұл жұмыстың бәрін комбинатта партбюро, партия топтарының секретарьлары тікелей басқарды. Осы шаралар комбинаттың шаруашылық жұмысына қолайлы әсерін тигізді. Зырян металлургтері өнім шығару жөнінен кәзірдің өзінде 1963 жылдың, ал кейбір көрсеткіш бойынша 1965 жылдың дәрежесіне жетіп отыр.

Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты партия ұйымының шаруашылыққа басшылық ету тәжірибесі назар аударарлықтай. Мұнда партия ұйымы (секретары Б. Одиашвили жолдас) жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлер арасындағы социалистік жарысты нақты ұйымдастырады. Жарыста қабылданатын міндеттеме алдын ала барлық бригадада, сменада, цехта жанжақты талқыланады. Бұл талқылауға партком, партия тобы, комсомол комитетінің мүшелері, дирекцияның өкілдері қатысады. Комбинаттың ашық партия жиналысы осындай даярлықтан кейін социалистік міндеттемелерді қарап бекітеді. Міне содан соң міндеттемені іске асыру қолға алынады. Жарыстың қорытындысы ай сайын шығарылады. Озып шыққан цехтарға, сменаларға, бригадаларға комбинаттың ауыспалы Қызыл туы салтанатты жағдайда тапсырылады.

Коммунистік еңбек коллективі атағын республикамызда бірінші болып алған осы комбинат соңғы он жылда өнім шығаруды 14 есе ұлғайтып, еңбек өнімділігін 6,5 есе арттырды. Мұнда жыл сайын өндірілетін металдың құны кейбір одақтас республикалардың бюджетінен де асып түседі. Комбинат 1961 жылдың 22 декабрінде жетіжылдықтың үшінші жылының өндірістік жоспарын ойдағыдай орындағаны туралы рапорт берді. Комбинат биылғы жылдың бірінші тоқсанында 715 мың сомның өнімін жоспардан тыс шығарды. 1957 жылы өндірістік үздік табысы үшін жеңіп алған Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан кәсіподақтары Советінің ауыспалы Қызыл туын комбинат қолынан шығармай, берік ұстап келеді.

Партия ұйымы—жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлердің жалпы білімін, ой-өрісін кеңейтуге қамқоршы. Мұнда экономикалық 72 үйірме, 8 озат тәжірибе мектебі, ұқсас мамандықтарға үйрететін жүзден астам топ бар. Сонымен қатар 1 300-ден астам металлург жұмысшы жастар мектебінде, техникумдарда, жоғары оқу орындарында, аспирантурада оқиды. Комбинатта қоғамдық негізде инженерлік білім беру мектебі, конструкторлық 2 бюро жұмыс істейді.

Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының коллективі тәрбиелеп шығарған өнертапқыш, жаңашылдар аз емес. Соның бірі—коммунист И. Котов жолдас. Ол мырыш құятын жаңа машина ойлап шығарды. Коммунистік еңбек екпіндісі И. Вахрушевпен бірлесе отырып, Котов руданы пешке салу, мырыш құю және оны вагонге тиеу жұмыстарын оңтқаратын автомат желіні де ойлап тапты. Бұл жаңалықты қолдану құю цехында еңбек өнімділігін мықтап арттыруға, осы уақытқа дейін қолмен істеліп келген ауыр жұмысты жоюға, 18 адамды басқа учаскеге жіберуге мүмкіндік берді. Котов—елу жаңалық ұсыныстың авторы. Оның тек төрт ұсынысын өндіріске енгізуден ғана 80 мың сом үнемделді. Жаңашыл да өнерпаз Котов—партияның тарихи XXII съезінің делегаты, СССР Жоғарғы Советінің депутаты.

Маслянк кенінің партия ұйымы да жұмысты бірсыдырғы тәуір кестеп келеді. Мұнда коммунистер руда шығарудың жаңа әдістерін өндіріске енгізуге әрдайым мұрындық болуда. Коммунист Н. Чершуков жолдастың бригадасы қосалқы жұмысқа кететін уақытты қысқарту күресін бастады. Кен партия бюросы осы әдісті таратуды қолға алды. Бюро мүшелері бригаданың жұмыс басында жиі-жиі болып, істің мәңжайымен танысты. Олар бригада мүшелерімен келісіп жұмыс графигі-

гін жасады. Мұны іске асыру бұрын өнімсіз жұмсалып келген уақыты екі есе қысқартты.

Н. Чершуковтың бастамасын А. Суфиянов, В. Большаков, Н. Хайруллин жолдастардың бригадалары да қызу қолдады. Қазір бұл бригадалардың бәрі коммунистік еңбек коллективі деген құрметті атаққа ие болып отыр. Социалистік Еңбек Ері коммунист А. Суфияновтың бригадасын бүкіл еліміз біледі. Онда жұмыс істейтін 12 адамның бәрі оқиды, әрқайсысының 6—7 мамандығы бар. Бригада жұмысты жылма-жыл бірқалыпты істеп, өндірістік жоспарды ұдайы асыра орындап келеді. Бригада мүшелері жарты жылдың бір айында үнемі делген материалмен жұмыс істеуге міндеттенген.

Маслянк кенінде Сағымбай Нарыншиновтың бұрғылаушылар бригадасы да жұмысты еңсеріп істеуде. Ол кенге бұдан он жыл бұрын ауылдан келген жас жігіт еді. Партия ұйымы оны партияға алып, тәжірибелі бұрғылаушы етіп тәрбиеледі. Оның есімі кенді Алтайдан тыс жерге де мәлім. Өткен жылы ол басқарған бригада еңбек өнімділігін 1,7 есе арттырды. Бригада мүшелері түгелдей дерлік еңбек озығы және жаппай оқиды. С. Нарыншинов партияның XXII съезіне делегат болды.

Қазіргі уақытта Маслянк кені өнім беру жөнінен 1966 жылдың дәрежесінде жұмыс істеп келеді. Мұны кендегі партия ұйымының және оның коммунистерінің, Зырян қалалық партия комитетінің жүргізген саяси-ұйымдастыру жұмыстарының нәтижесі деп білу керек. Зырян қалалық партия комитеті масляндықтардың тәжірибесін кенінен насихаттауда. Өткен жылы сол кеннің тікелей өзінде қала насихатшыларының семинарын өткізді. Семинарға қатысушылар шахталарға түсіп, көрнекі үгіттің, партия жұмысының барлық түрімен, әдісімен танысты. Өндірістік жақсы көрсеткішке жеткені үшін, партиялық жұмысты үлгілі жолға қойғаны, еңбекшілерді тәрбиелеу ісін жемісті жүргізгені үшін Маслянк кеніне партияның XXII съезінің аты берілді.

Соңғы жылдары Лениногор полиметалл комбинатының коллективі елеулі табысқа жетті. Лениногор кеншілері руда қазып-құлатудың жаңа әдісін қолданады. Бұл жаңалықты тауып, өндіріске ойдағыдай енгізгені үшін коммунист инженерлер Н. Малкин, В. Бублис, Л. Кутузов, А. Травников жолдастарға өткен жылы Лениндік сыйлық берілді. Руда шығарудың бұл жаңа әдісін қолданғаннан бері Лениногор комбинатының кендерінде еңбек өнімділігі екі еседен астам артты.

Руда шығарудың жаңа әдісін тауып, оны өндіріске енгізуге Лениногор қалалық партия комитеті және комбинаттың партия ұйымы қызу араласты. Қалалық партия комитеті инженерлерге, ғалымдарға жанжақты көмек көрсетіп, бағалы кеңестер берді. Сонымен қатар ол «Главсвинецтың» бұрынғы басшыларының жаңа әдісті енгізуге қарсы әрекеттерін жолдан сырып тастады. Қалалық партия комитетінің қызметкерлері, комбинат партия комитетінің мүшелері жаңа әдісті сынаған өткізудің басы-қасында болды.

Лениногор қорғасын зауыдының партия ұйымы жұмысшылардың инженер-техник қызметкерлерді өнімді еңбек ету, өнімнің түсер құнын кеміту, өндірістік жоспарды ай сайын біркелкі орындау күресіне жұмылдыруда. Соңғы кезде жұмыстың бірталай учаскесі автоматтандырылды.

Завод рудадап қорғасын, сирек кездесетін металдарды айырып алу жоспарын ұдайы орындап, өнімнің түсер құнын едәуір кемітті. Заводта жаңашылдардың қозғалысы кең қанат жайды. Әрбір төртінші жұмысшы жаңалық ұсыныс енгізуші болып саналады. Заводта жетіжылдықтың өткен үш жылында 600 жаңалық ұсыныс өндіріске енгізілді. Слесарь Н. Карноухов, электриктер В. Веселов, В. Шелюхин

жолдастардың әрқайсысы он ұсыныстан енгізді. Завод партияның XXII съезі ашылуы қарсаңында коммунистік еңбек коллективі деген құрметті атақ жеңіп алды.

Кенді Алтайдың түсті металлургия саласында жетіжылдық жоспарды ойдағыдай орындауға берік негіз қаланды деуге болады. Жетіжылдық жоспар межесінен тыс 55 миллион сомның өнімі берілді. Өнімнің түсер құнын кемітудің нәтижесінде жоспардан тыс 8 миллион сом үнемделді.

Бірақ облыстың түсті металлургия кәсіпорындарының жұмысында елеулі кемшіліктер де бар. Қайсыбір кәсіпорнында өндірістік қуаттылық пайдаланылмайды, жаңа техниканы енгізу ондағыдай емес, тәрсіткіші жоғары деп жүрген жеке комбинаттың, заводтың ішінде артта қалып отырған смена, бригадалар кездеседі. Бірқатар кәсіпорнында өнімнің түсер құны жоғары, еңбек өнімділігін арттыру жоспары орындалмайды, өнімсіз шығындардың көп болуына жол беріледі. Кейбір бастауыш партия ұйымдары өндірістің мән-жайына терең бойлай алмай келеді, жұмыстың осал жерін дер кезінде көріп, батыл шара қолданбайды.

Партия ұйымдары кенді Алтай өңірінде өнеркәсіптің жетекші салаларының бірі — түсті металлургияны онан әрі өркендетуге, сөйтіп елімізге бағалы металдың барлық түрін мол беріп отыруға жұмысшыларды, инженер-техник қызметкерлерді жаппай жұмылдыруға міндетті. Бұл үшін, алдымен жұмыстағы кемшілікті жедел де батыл жою керек.

Елімізде сәулетті болашақ—коммунизм орнатудың кең программасын белгілеген XXII съездің тарихи шешімдері осыны талап етеді

# Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыру жолдары

Н. ФИЛАТОВ,

*ауылшаруашылық ғылымының кандидаты*

Елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы аса маңызды міндеттің бірі — ауылшаруашылық өндірісін үрдіс ұлғайту, сол арқылы халықтың тамақ, өнеркәсіптің шикізат жеткізуіндегі қажетін толық өтеу.

Партияның жаңа Программасында жоғары өнімді ауыл шаруашылығын жанжақты өркендету мәселесіне ерекше көңіл бөлінген. Партия бірінші он жылдың өзінде ауыл шаруашылығының жалпы өнімін шамамен екі жарым есе, ал жиырма жыл ішінде үш жарым есе ұлғайту міндетін алға қойды. Бұл уақыт ішінде астық өндіру есе есе, ет—төрт еседей, сүт—үш еседей артуға тиіс. Техникалық дақтар, картоп, овощ, жеміс, жүзім өндіру бірнеше есе өспекші.

Ауыл шаруашылығын өркендетудің басты жолы — колхоз бен совхоз өндірісін жанжақты механикаландыру, ғылым мен озат тәжірибеге жетістігін кеңінен қолдану, соның негізінде егіншілік пен мал шаруашылығының мәдениетін жоғары сатыға көтеру, еңбек пен қаржыны жұмсау арқылы әр гектар жерден алынатын өнімді еселеп арттыру.

«Өндірістің коммунистік дәрежесіне жету үшін, — деді Н. С. Хрущев жолдас партияның XXII съезінде Программа туралы жасаған баяндамасында, — еңбек өнімділігінің шешуші маңызын біз толық түсінуге тиіспіз. Қоғамдық еңбектің өнімділігін арттыру — біздің прогресіміздің өлшемі және адамдардың тұрмыс дәрежесі артуының аса маңызды көзі, міне, осы. Мәселені бұдан басқаша қоюдың қандайы болса да бос сөз».

Ауыл шаруашылығында да еңбек өнімділігі өсуінің маңызы орасан зор. Басшылықтың нашарлығынан және механикаландыру дәрежесінің төмендігінен, сондай-ақ басқа да кемшіліктен ауыл шаруашылығы саласында еңбек өнімділігінің өсуі өнеркәсіптегіден баяу болып келеді. Егер өнеркәсіпте 1940 жылмен салыстырғанда еңбек өнімділігі шамамен 2,5 есе артқан болса, ол ауыл шаруашылығында 1,8 есе ғана арты. Қазақстанның ауыл шаруашылығын өркендетудегі кемшіліктерінің негізгі себебінің бірі еңбек өнімділігінің төмендігі екені даусыз. Партияның Орталық Комитетінің март Пленумы республикамызда астық өндірудің және дайындаудың жетіжылдық тапсырмасынан кенже қалып отырғанын атап көрсетті. Сонымен қатар мал шаруашылығындағы кемшіліктер әділ де қатаң сынға алынды.

Партияның XXII съезі халық шаруашылығының барлық саласында еңбек өнімділігін еселеп арттыруға зор маңыз берді. Жаңа Программаға сәйкес алдағы уақытта ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігінің өсу қарқыны өнеркәсіптегіден едәуір артық болуға тиіс. Еліміздің өнеркәсібінде жиырма жыл ішінде еңбек өнімділігі төрт жарым есе өсуге тиіс болса, ауыл шаруашылығында 5—6 есе артуға тиіс. Алғашқы он жылда оның кемінде екі жарым есе өсуі белгіленген. Ал оның өзі еңбек өнімділігі дәрежесі жағынан АҚШ-ты бірінші он жылда қуып жетуге, ал 1980 жылы ол дәрежеден едәуір асып түсуге мүмкіндік береді. Колхоздар мен совхоздарда еңбек өнімділігінің артуы ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру қарқынынан әрдайым озық болуы шарт.



Ауыл шаруашылығы саласында еңбек өнімділігі көп жағдайға, алдымен, еңбек процестерінің — жер өңдеу, егісті күту, егін жинау, сиыр сауу, қой қырку, қораға су жеткізу сияқты жұмыстардың механикаландырылу дәрежесіне байланысты. Егер осы жұмыстың бәрін атқаруда өндірісті машиналандыру дәрежесі неғұрлым жоғары, құрал-жабдық неғұрлым жетілдірілген болса, кадрлар неғұрлым маман, іскер болса әрбір гектар егісті күтуге, әрбір бас малды бағуға шығын сол-ғұрлым аз жұмсалады, демек, өнімдер арзанға түседі. Жұмысты түгел механикаландыру және алдағы уақытта автоматтандыру — ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін керемет арттырудың негізгі жолының бірі.

Астық шаруашылығында жұмыстың көбін механикаландыру үлкен нәтиже беріп келеді. Бүкіл ел бойынша соңғы отыз жылда астықтың әр центнерін өндіруге жұмсалған еңбек он есе кеміді. 1960 жылы елдің совхоздарында әр центнер астық өндіруге 2 сағат, оның ішінде тындағы совхоздарда 1,6 сағат уақыт жұмсалды. (Уақыт өлшемі адам-сағатпен есептеледі, ал адам-сағат деп жұмыс уақытының бір сағатын айтады, бұдан әрі тексте тек сағат деп алынады).

Мақта, қант қызылшасын, картоп, овощ өндіруде де еңбек өнімділігі біршама артты. Алайда, кәзіргі уақытта бұған қанағаттануға болмайды. Еңбекті көп керек ететін техникалық және басқа дақылдар өндіру жұмысын онан әрі механикаландыру еңбек өнімділігін шұғыл арттыруды қамтамасыз етеді. 1960 жылы Алматы облысының колхоздарында қант қызылшасының бір центнерін өндіруге төрт сағат немесе жұмыс күнінің орта есеппен жартысы жұмсалды. Ал, оның бержағында бір жарнақты қант қызылшасы егісінің көлемін ұлғайту оны күтіп-баптау жұмысын едәуір жеңілдетеді, әр центнер қызылша өндіруге кететін уақытты 30—40 минут азайтуға мүмкіндік береді.

Кубанның атақты механизатор-диқаны В. Светличный жолдас 1960 жылы қызылшаның әр центнерін өндіруге небәрі 17 минут қана жұмсады. Бұл Алматы облысының колхоздарындағыдан 15 есе кем. Еңбек өнімділігін Светличный жолдастың әдісімен арттырудың мәні орасан зор. Өйткені ол облыс бойынша қызылша өндіруде мыңдаған сағат уақытты үнемдеуге немесе жазғы маусымда кемінде 10 мың адамды басқа жұмысқа пайдалануға мүмкіндік берер еді.

Өзбекстанның білікті механизаторы Социалистік Еңбек Ері В. Тюпко жолдас мақтаның әр центнерін алуға 7,38 сағат уақыт жұмсайды. Мұның өзі бүкіл Өзбек республикасы совхоздарында мақтаның әр центнерін өндіруге жұмсалған еңбектің орта мөлшерінен жеті есе аз. Еліміздің атақты механизаторлары В. Светличный, В. Тюпко сияқты жолдастардың еңбек өнімділігін үздік арттырудағы сыры неде? Өйткені олар техникалық дақылдар егуді, күтіп-баптауды, олардың өнімін жинауды түгелдей дерлік машинамен атқарады. Мысалы, қант қызылшасы мен мақта егісінің қатараралығын өңдеу тегіс механикаландырылған.

Қазақстанның маңдайалды совхоздарында астықтың әр центнерін алуға 1,6 сағат уақыт кетсе, Солтүстік Қазақстан облысының «Молодогвардейский» сияқты шаруашылығында 35 минут қана жұмсалады. Бұл республикадағы барлық совхоздың орташа көрсеткішінен үш еседей, АҚШ-тағыдан екі еседей аз.

Овощ, темекі жинау жұмысын машиналандыру жөнінде де түбегейлі міндеттер алда тұр. Бұл салада өндірісті механикаландыру әзірге ойдағыдай болмай келеді.

Еңбек өнімділігін арттыруда жетілдірілген жаңа тракторды, құрал-сайманды, сондай-ақ шапшаң жүріспен жұмыс істеуге бейімделген машина түрлерін пайдалану үлкен орын алады. Кәзір еліміздің өнеркәсібі 220 аттық күші бар трактор жасап шығаруды игере бастады. Мұны

пайдалану жер жырту, өңдеу, егін жинау жұмыстарында да еңбек өнімділігін мейлінше арттыруға көмектеседі. Алым көлденеңі 10 метр келетін жаңа жатқаны іске қосу егін жинау жұмысындағы қол еңбегінің қажетін 2,5 есе кемітуге жол ашады. Партияның Орталық Комитетінің март Пленумында Н. С. Хрущев жолдас атап көрсеткендей, Тың өлкесінің колхоздары мен совхоздарында осындай жатқаларды пайдалану егін орағында механизаторлардың санын жүз мың адамға кемітуге мүмкіндік береді.

Жүгері жинайтын, пішенді буып, тайлайтын жаңа машина тегікті іске қосу да еңбектің анағұрлым нәтижелі болуына жеткізеді.

Мал шаруашылығы саласында да еңбек өнімділігін арттырудың мүмкіндігі мол. Кәзір колхоздар мен совхоздарда қой автомат қырып, тықпен қырқылып жүр. Бірақ, сиыр сауу, малды азықтандыру, қорық тазалау және осы сияқты басқа ауыр жұмыстарды механикаландыру жайы оңша емес. Сондықтан өнімнің әр центнеріне жұмсалатын шығын әлі де көп болып жүр. Мысалы, Алматы облысының колхоздарында сүттің әр центнерін алуға 20 сағат, ал совхоздарында 15 сағат уақыт кетеді. Мұнда сүттің түсер құны жоғары болып жүргені де осыдан. Ал, егер «елочка» сияқты сауын агрегатын пайдаланса, еңбек өнімділігінің еселеп артатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Сиыр саууды механикаландыру сүт алуға жұмсалатын шығынды үш еседен артық кемітеді.

Иванов облысындағы «Шуйский» совхозының сауыншысы З. Заботина «елочка» агрегатын өнімді пайдаланудың асқан үлгісін көрсетті. Ол ері екеуі осы агрегатпен бір жылда 600 тонна сүт сауды. Мұның өзі Алматы қаласы маңындағы колхоз сауыншыларының әрқайсысы сауып жүрген сүттің орта мөлшерінен 7—8 есе артық. Алматы облысында сиыр фермасындағы жұмысты тегіс машинамен істеуге көшіру арқылы сауыншылардың санын 4—5 мың адамға азайтуға болады. Демек, алынатын сүттің жалпы мөлшері артумен бірге оның түсер құны едәуір кемиді. Шошқа, құс фермаларында да ауыр жұмыстың бәрін механикаландыру үлкен пайда береді. Соның нәтижесінде жұмыстың мәдениеті жоғары сатыға көтеріледі. Ал, мұның коммунизмге қарай беттеген колхозды ауыл үшін маңызы ерекше.

Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыру тек колхоз, совхоз өндірісінің механикаландырылу дәрежесіне ғана байланысты емес. Оған әсер ететін басқа да елеулі факторлар бар. Өндіріс жұмысын механикаландырып, өнім өлшеміне жұмсалатын шығынды күрт азайтуға болады. Бірақ ауа райына, жер жағдайына қарай егіс құрылымы әрі дұрыс, әрі тиімді белгіленбесе, егіннің түсімі төмен болса, фермада өнімсіз мал өсірілсе, оның жемшөп қоры жасалмаса колхоз, совхоз экономикасына қолайлы болып шықпайды. Мұндай жағдайда жұмыс істейтін әр адамға есептегенде өнім аз алынады, өнім өлшеміне шығын көп жұмсалады. Демек, өнім қымбатқа түседі. Бұл, әрине тиімді емес.

Кәзір егіс көлемінің құрылымын түбірінен өзгертудің, әр аймақ аудан, шаруашылық үшін неғұрлым мол өнім беретін дақылдарды іріктеп алудың мәні ерекше. Март Пленумының қаулысында көрсетілгендей, егін-жайдың құты — жүгері, қант қызылшасы, бұршақ көбірек егілуге тиіс, сөйтіп шөптанапты жүйеден егіншіліктің неғұрлым тиімді жүйесіне қарай батыл көшу керек. Міне, сонда ғана ауылшаруашылық өндірісін мықтап арттыруға мүмкіндіктің бәрі жасалады. Асылында, өнімі аз дақылдардың, әсіресе сұлының орнына жүгері, біржылдық шөп орнына дәнді бұршақ егу әр гектар жерден алынатын өнімді шұғыл молайтады, сонымен қабат ол өнімнің әр центнеріне жұмсалатын шығынды азайтуға, сайып келгенде егіншілікте еңбек өнімділігінің бірқыдыру артуына жеткізеді. Мысалы, біржылдық шөп орнына арпа егу

гектар жерден алынатын өнімді екі жарым есе көбейтіп, еңбек өнімін 1,2 есе өсіреді. Бұрнағы жылы Алматы облысында 90 мың гектар жерге біржылдық шөп, 86 мың гектар жерге арпа егілді. Еңбекті бірдей жұмсағанның өзінде арпадан гектар басы 11,6 центнер дән, төрт үшпіндей сабан немесе барлығы 1540 жемшөп өлшемі алынса, біржылдық шөптің гектарынан 13 центнер пішен немесе 624 жемшөп өлшемі ғана алынды. Бұл арада арпа мен біржылдық шөптің қайсысын егу экономикалық жағынан ұтымды екенін аңғару қиын емес. Ал, егер облыста біржылдық шөп орнына арпа егілген болса, 85 мың центнер жемшөп өлшемі артық өндіріліп, қосымша 70 мың центнер таза ет шығарылған болар еді.

Бұрынғы Шортанды тәжірибе станциясының көп жылғы дерегіне қарағанда, асбұршақ бидайдан өнімді екі еседей артық береді. Сол сияқты сұлыға қарағанда бұршақтың әрбір жемшөп өлшеміне шығын да аз кетеді.

Екіншіліктің отамалы егіс жүйесінен жүгері, жемдік қант қызылшасы көрнекті орын алуға тиіс. Суармалы егіншілік жағдайының өзінде сұлы әр гектардан мықтағанда 20—25 центнер ғана өнім бере алады. Ал Қазақстанның оңтүстік облыстарында жүгеріден суармалы жерде гектарынан 50—60 центнер дән немесе 800—1000 центнерге дейін көк балауса, мал азығына арналған қант қызылшасының гектарынан 30—400 центнер тамыр алынады. Дән үшін өсірілген жүгерінің әр гектары өзге дақылдардан гөрі жемшөп өлшемін екі жарым—үш есе, азығымен қоса балауса жүгері немесе жемдік қызылша өсіргенде жемшөп өлшемін бес-алты есе артық береді.

Еңбек өнімділігін арттыру үшін дақылдардың түсімі жоғары тұқым сорттарын, малдың асыл тұқымын тандап алудың, дақылды егу агротехникалық дәрежесін көтерудің маңызы зор. Мысалы, Тын өңірінде бидай тұқымының бұрынғы Цезиум-111 сортымен салыстырғанда Жаңа қызыл сорты өнімді екі еседей мол береді. Демек, бидайдың бұл жаңа сортын егу еңбек өнімділігін едәуір арттырады.

Ауылшаруашылық дақылдарының түсімі, малдың өнімділігі неғұнлым жоғары болса, өнімнің әрбір центнерін өндіруге жұмсалған шығын да солғұрлым аз болады. Мысалы, былтыр Іле ауданында сүт елу жөнінде еңбек өнімділігі Қаратал ауданындағыдан екі еседей жоғары болды. Іле ауданында әр сиырдан 3000 литрдей сүт сауылса, Қаратал ауданында 1200 литрдей ғана сүт сауылды. Біріншісінде сүттің өндіріс центнеріне 18 сағат, екіншісінде 32 сағат уақыт жұмсалды. 1961 жылы Талдықорған, Сарқант аудандарының қант қызылшасынан алынған өнім арасында үлкен айырмашылық болды. Талдықорған ауданының фермер-хазинашарлары қант қызылшасын дер кезінде егіп, жақсы баптап күтті, азығында суарды. Соның нәтижесінде әр гектардан 273 центнер қант қызылшасы жиналды. Ал Сарқант ауданында істің жайы басқаша болды. Мұнда әр гектардан жиналған қант қызылшасы 100 центнерден асып жоқ. Осының бәрі егіншілік мәдениетін көтерудің өзі де еңбек өнімділігін арттыруға жол ашатын шешуші шарттың бірі екенін ықпалдандырады.

Еңбек өнімділігінің мықтап артуы, жұмыстың берекелі болуы үшін ауылшаруашылық өндірісін дұрыс орналастырып, тиімді мамандандыру керек. Мұны озаттардың тәжірибесі айқын көрсетіп келеді. Партияның Орталық Комитетінің тарихи сентябрь Пленумына дейін ауыл шаруашылығын өркендету жоғарыдан жоспарланып келді, ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың гектарлық жүйесі талғанбай бір сабақпен қолданылып жүрді. Мұның өзі республикамыздың көп ауданы мен шаруашылығына елеулі нұқсан келтіргені жұрттың есінде. Мысалы, Қазақстанның шөл және шөлейт аудандарына (оның ішінде Гурьев, Алматы облыстарының жеке аудандары үшін) егіншілік, құс өсіру

бағыты белгіленді. Оларға товарлы астық өндіру, жұмыртқа аяу және оны мемлекетке тапсырып отыру міндеті жүктелді. Шынында, бұл аудандардың ол үшін ешбір жағдайы, мүмкіндігі жоқ еді. Ал, мұның еңбектің бейберекет жұмсалып, зая кетуіне, еңбек өнімділігінің төмен болуына әкеліп соқтырды.

Шаруашылық саласын орналастырғанда оған белгілі ауданның табиғи-экономикалық жағдайы қолайлы болуын қарастыру шарт. Шаруашылық саласының тұтынушы орталықтан алыс-жақыны, өнімді тасымалдау жағдайы, жұмыс қолымен қамтамасыз етілу жайы қатан ескеріле алынуға тиіс. Шаруашылықты өркендетудің экономикалық жағдайынан тиімділігін мықтап ескермесе болмайды. Мысалы, Алматы облысының Нарынқол ауданында дәнді бұршақ егу пайдалы. Өйткені ол дәнді де, көк шөпті де мол береді. Бұршақ егуге жұмсалған еңбек пен қаржы жақсы ақталады. Бұл ауданда қант қызылшасынан да мол өнім алуға болады. Бірақ қант қызылшасын жем үшін ғана егудің пайдасы бар. Ал, бұл ауданда оны қант өндіру мақсатымен егу тиімді емес. Өйткені, 300 километрден астам қашықтықтағы қант заводтарына қызылшаны тасуға көп қаржы жұмсауға тура келеді.

Қолхоздар мен совхоздардың шамадан тыс көп те ұсақ салалығын жою және тиімді мамандандыру да экономикалық зор пайда келтіреді. Мұнда шаруашылықтың әр саласы ірі де жоғары товарлы болуға тиіс. Маманданған шаруашылықтың барлық өндірістік буынында адам күші мен техниканы неғұрлым өнімді пайдалануға қолайлы жағдай жасалады. Демек, мұнда еңбек өнімділігі едәуір жоғары болады. Облыстың қолхоздарында овоштың әр центнерін өндіруге орта есеппен 14 сағат жұмсалады. Ал, Іле ауданының овош-сүт өндіру бейімделген төрт қолхозында 8,8, Ақсай овош-сүт совхозында 7,4 сағат уақыт кетеді. Мұның өзі овоштың әр центнеріне жұмсалатын еңбек белгілі кәсіпке бейімделмеген шаруашылықтардағыдан екі есе дей кем екенін көрсетеді. Мамандандырылған совхоздарда темекі өндіруге, сүт алуға шығын аз жұмсалады, түсер құны да едәуір кем.

Алматы облысының аудандарындағы фермалар тым шағын. Олардың саны өте аз. Мысалы, шошқа фермасының әрқайсысында орта есеппен 730 шошқа өсіріледі. Оның 50 ғана мегежін. Әр бақташы орта есеппен 3—4 мегежін ғана асырап, жылына 50 торай ғана өсіреді. Егер шошқа өсіруге шаруашылықтардың белгілі тобын ғана бейімделсе, олардың әрқайсысында 2—3 мың шошқа болатын ірі ферма ұйымдастырса, жұмыстың бәрін механикаландырса, онда шошқа бағатын адам санын 5—7 есе азайтуға, сөйтіп 1 200 — 1 300 адамды басқа жұмысқа жіберуге болар еді. Тым ұсақталып кеткен фермаларды ірілендіріп, оларды дұрыс мамандандыру мәселесіне көңіл бөліп отыру — әрбір шаруашылық басшысының жауапты міндеті.

Еңбек өнімділігін арттырудың маңызды бір шарты — ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің материалдық жағынан ынталандырудың мақсатты принципін мүлтіксіз қолдану. Н. С. Хрущев жолдас бұл мәселеді жұртшылықтың назарын талай рет аударды. Жұмысты жақсы істеген адамға ақыны да жақсы төлеу керек. Партияның Орталық Комитеті март Пленумының қаулысында атап көрсетілгендей, кәзір қолхоздар еңбекке қосымша ақы төлеу, совхоздарда кесімді-сыйлық беру тәртібіне кеңінен қолданған жөн. Бұл шара өзін лезде-ақ еселеп ақтайды.

Ауыл шаруашылығында таяудағы жылдары еңбек өнімділігін арттырудың кейбір мүмкіндіктері мен негізгі жолдары міне, осындай. Еңбек өнімділігін мықтап арттырудың мүмкіншілігін толық пайдалану республикамыздың қолхоздары мен совхоздары ауылшаруашылық өнімдерін мейлінше ұлғайта алады.

# Озат тәжірибе мектебі



Партияның XXII съезі ауыл шаруашылығында озат тәжірибені насихаттап, қорытуға; насихаттауға және оны колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының игілігіне айналдыруға зор маңыз берді.

Жәнібек аудандық партия комитеті ғылым жетістігі мен озат тәжірибені насихаттауға көңіл бөліп келеді. Осыған орай ауданда 1960 жылдың күзінде аудандық партия комитеті озат тәжірибе мектебін ұйымдастырды. Мектептің 12 адамнан құралған кеңесі бар. Оны аудандық партия комитетінің бірінші секретары Т. Ишмақов жолдас басқарады. Озат тәжірибе мектебінің жұмысы негізінен үш секция арқылы жүргізіледі. Мал шаруашылығы секциясын зоотехник, аудандық совет атқару комитетінің председателі Ахметов, егіншілік секциясын агроном, аудандық партия комитетінің секретары А. Сисенғалиев, ауыл шаруашылығын механикаландыру секциясын инженер, аудандық «Сельхозтехниканың» бастығы Божко жолдас басқарады.

Әрбір секция өзінің жұмыс жоспарын жасайды да, оны мектеп кеңесі бекітіп отырады. Кеңестің мәжілісі ай сайын шақырылады, онда жұмыстың барысы талқыланады, алдағы міндеттер белгіленеді. Мектептегі сабақ колхоз, совхоз орталықтарында өткізіліп тұрады. Сабақтан кейін шаруашылық жайымен көзбе-көз танысу әдетке айналған. Озат тәжірибе мектебінің оқуы әр тоқсанда бір рет өткізіледі. Оған алдын-ала тыңғылықты әзірлік жасалады. Баяндамашылар әрте бастан даярланады. Мектеп сабағына қатысатын адамның түгел келуі күні бұрын қамтамасыз етіледі.

Мектеп жұмысы белгіленген жоспарға сәйкес жүргізіліп келеді. Өткізілген әр сабақ өз нәтижесін беруде. Оқуға қатысушыларға сабақтың тақырыбы алдын-ала хабарландырылады. Сондықтан олардың әрқайсысы өз жұмысына байланысты нақты әзірленіп келеді.

Озат тәжірибе мектебінің алғашқы сабағы Мәншүк Мәметова атындағы совхоздың орталығы Сайхин селосында өтті. Оған партия, совет қызметкерлері, мамандармен қатар 200-дей озат шопан қатысты. Сабаққа Жәнібек ауданымен көршілес отырған Волгоград облысының Палласов ауданының бірсыпыра озаттары да шақырылды. Сондай-ақ колхоз, совхоздардың басшылары, партия ұйымының секретарьлары да қатысты. Мұның өзі озат тәжірибе мектебі сабағының қызықты өтуіне жағдай жасады.

Қой шаруашылығының келешегі, оның өнімін арттыра түсу жөнінде өз жұмыс тәжірибесі туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Мәншүк Мәметова атындағы қой совхозының атақты шопаны Ескендір Есімов жолдас баяндама жасады.

— Кейінгі кезде маған бөлек отар беріліп, өзім дербес шопандық сенімге ие болдым,—деп бастады ол баяндамасын. Саулықты қолдан ұрықтандыру техникасын меңгеру шопандар алдына қойылған маңызды міндеттің бірі. Ол бұл міндетті ойдағыдай орындап келе жатқанын айтты.

— Біз,— деді ол,— қойды қолдан ұрықтандыру маусымына алды ала мұқият әзірленеміз. Ұрықтандыру пунктіне керекті нәрсенің бәрі күнілгері әкелінеді. Әсіресе саулықтардың қонды болуына зер салынады. Асыл тұқымды кошқарлар күйек алудан екі ай бұрын ерекше күтімге алынады. Оларға керекті құнарлы азық пен жемшөп пунктіне тасылып, тиісті рацион бойынша беріледі.

Қой шаруашылығында күйектен кейінгі жауапты кезең—қой қоздауы. Мұны жұртшылық қой шаруашылығының көктемі деп атайды. Ескендір жәрдемші сақманшыларды дұрыс іріктеп алып, даярлау жөнінде ұсыныс жасаған болатын. Осыған орай соңғы жылдары қыс айында аудан орталығында, совхоздар мен фермаларда сақманшылардың 10—15 күндік семинары өткізіліп жүр. Мұның өзі жақсы нәтиже беруде. Әр шаруашылықтың өзінде даярланған сақманшылар қой қоздаған кезде қозы алуға қолма-қол көмек көрсетіп, үлкен қолқабыс тигізуде.

Шопан өз баяндамасында қойды қысы-жазы бірдей күйлетіп бағу білу жөніндегі жұмысын айта келіп, төлді көп алу тәжірибесін ортаға салды. Аудан жұртшылығы Е. Есімовты біздің Малащенко деп мақтан тұтады. Ол заңды да. Есімов 1958 жылы әр жүз саулықтан 138 қозы өсірді. Сол жылдың аяқ кезінде болған озат малшылардың аудандық жиналысында ол 1959 жылы әр жүз саулықтан орта есеппен 142 қозы аламын деп сөз берген-ді. Озат шопан бұл уәдесінде тұрды. Ал оның 1960 жылы өсірген қозылары әр жүз саулыққа есептегенде 158-ден айналды, әр қойдан төрт килограмм жүн қырқылды. Былтыр Ескендірдің отарында әр жүз саулықтан 160 қозы қораға қосылды.

Есімов жолдас баяндамасында өзінің үшжылдық жұмыс қорытындысын айтып, сөзін түйді. Осы үш жылда оның отары 3 888 қозы өсіріп, мемлекетке 12,5 мың тоннадай жүн өткізген. Жүннің түсер күнін жоспардағыдан 25 процент кеміткен. Қазір қой жаппай қоздап жатыр. Мәншүк Мәметова атындағы совхозда әр жүз саулықтан әзірге 122 қозы алынды. Қоздайтын саулықтар әлі де көп.

Озат тәжірибе мектебінде баяндама жасамас бұрын Е. Есімов біраз шопандармен кейбір мәселелер жөнінде пікір алысқан еді. Шопандар одан көкейде жүрген көп жайды егжей-тегжейлі сұрағанды.

Бұдан кейін Мәншүк Мәметова атындағы совхоздың директоры М. Назимулин, «Орда» совхозының директоры Т. Мырзағалиев жолдас сөйлеп, Есімовтың құнды тәжірибесін тарату жөнінде шаруашылықтарда іске асырылып жатқан шаралар туралы айтты. Бұлар сөзінің көпшілігін озат тәжірибені кеңінен тарата отырып, еңбек өнімділігін арттыру, мал өнімдерін еселеп көбейту мәселесіне арнады. Сабакқа қатысқан шопандар Есімовтың сөзіне қанағаттанғанын, одан көп нәрсеге үлгі боларлықтай тәжірибе естігенін өздері де күнделікті жұмыста оның тәжірибесін іске асыруға жұмылатынын айтты.

Партияның ХІХ съезі атындағы колхоз партия ұйымының секретары Сұлтанов, «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозының шопаны Сапаров, «Талов» совхозының шопаны Бақтыгереев, Калинин атындағы совхоздың қойшысы Досов, Волгоград облысының Палласов ауданындағы «Рамашовский» колхозының атақты шопаны Қанағатов және басқалары Есімов жолдастың тамаша тәжірибесіне жоғары баға берді.

Тәжірибе мектебіне қатысушылар мұнымен бірге алда істелетін жұмыс жөнінде де келісіп алды.

Өткен жылы Алматыда болған ауыл шаруашылығы озаттарының республикалық кеңесінде сөйлеген сөзінде Н. С. Хрушев жолдас: «Батыс Қазақстан облысының Мәншүк Мәметова атындағы совхозының аға шопаны Ескендір Есімов 1960 жылы 600 саулықты өзі күтіп-ба-

шып, әрбір 100 саулықтан 158 қозы алды және оны аман өсірді, әр қойдан 4 килограмнан жүн қырықты» деген еді.

Озат шопанның жұмысына берілген бұл аса жоғары баға облыс еңбекшілерін жаңа табысқа жетуге жігерлендірді. Әсіресе, Жәнібек ауданының шопандары мұны бәріміздің жұмысымызға берілген ортақ баға деп білді.

Озат тәжірибе мектебі көптеген өзекті мәселені талқылап, аудан ауыл шаруашылығын өркендетуге өзінің себін тигізуде. Соңғы кезде озат тәжірибе мектебінде малды жайып семірту және бордақылау, жүгері егу, жалпы жемшөп қорын молайту, мал тұқымын асылдыру, сиырды қолдан ұрықтандыру сияқты толып жатқан мәселе жөнінде бірнеше рет сабақ өткізілді.

Мектептің кезекті бір сабағында мал семірту, бордақылау мәселесі сөз болды. Онда ірі қараны семірту жөніндегі жұмыс тәжірибесі жайында «Талов» совхозының атақты малшысы А. Қонысов баяндама жасады. Малшылар оның сөзін зор ынтамен тыңдады. Қонысов жолдас мал семіртудің шебері: сиырдың тірідей орта салмағын 186 килограмға жеткізген. Ал, ол жоспар бойынша 330 килограмм болуға тиіс.

Осы шаруашылықтың бақташысы Ғ. Асанов әр жүз сиырдан жүз ұсау алуға қалай жеткені туралы айтып берді. «Малды семірту және ірі қара мен қойды азықтандыру жөнінде» мектептің мал шаруашылығы секциясының бастығы аудандық совет атқару комитетінің председателі зоотехник Ахметов жолдас баяндама жасады. Сондай-ақ мұнда жүгері егуді жақсарту туралы мектептің егіншілік секциясының бастығы аудандық партия комитетінің екінші секретары А. Сиығалиев жолдас сөз сөйледі. Бұл сабаққа жүгерішілер, агрономдар, егіс бригадирлері, механизаторлар—барлығы 168 адам қатысты.

Озат тәжірибе мектебінің бір сабағы «Орда» совхозының орталығында өтті. Бұған озат шопандар, партия ұйымының секретарьлары, совхоз директорлары, колхоз председателдері, шопандар — барлығы 250 адам қатысты. Ол мектеп ұйымдастырылғаннан бері өткен алтыншы сабақ еді. Бұл сабақта бір жағынан жылдың қорытындысы шығарылды. Бұдан бір жыл бұрын баяндама жасаған Есімов өзінің берген уәдесін абыроймен орындап, әр жүз саулықтан 160 қозыдан шып, оны түгел өсіргенін айтса, «Орда» совхозының шопаны Е. Аманалиев қой санын көбейтуде қол жеткен тәжірибесін жұртшылық алдына тартты. «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозының қойшысы С. Садыбаллин, Мәншүк Мәметова атындағы совхоз партия ұйымының секретары Елемесов, «Орда» совхозының директоры Т. Мырзағалиев жолдасар да баяндама жасады. Мектеп сабағында бірнеше шопан, маман сөйлеп, істелген жұмыстың жайына жанжақты тоқталды.

Озат тәжірибе мектебіне қатысушылар облыстың барлық қой өсірушілеріне арнап үндеу жазды. Онда жетіжылдық жоспарда белгіленген қой санын көбейту міндетін 1963 жылы орындап шығайық деп тәртіптелген. Мұндай белеске шығу үшін, алдымен қой өсірудің бүкіл облысқа атағы жайылған шамшырақтарының құнды тәжірибесін кенесіхаттау мәселесі сөз болды.

Үндеу аудан колхоз, совхоздарында талқыланды. Үндеуді Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бюросы мақұлдап қаулы алды.

Жәнібек ауданындағы озат тәжірибе мектебінің сабағы осылайша жоспармен жүйелі жүргізілуде. Мектеп жұмысына облыс еңбеккерлері зор мән беруде. Облыстық партия комитетінің бюросы Жәнібек аудандық озат тәжірибе мектебінің жұмыс жайын тыңдап, оның бір-

сыпыра игілікті іс атқарғаның атап көрсетті және мектеп тәжірибесін облысқа кең тарату шараларын белгіледі.

Озат тәжірибе мектебінде аудандағы барлық шаруашылықты көрсеткіштерін бейнелейтін плакат, схема, кестелер бар. Мектеп кеңесі озат шопан Е. Есімовтың, бақташы А. Қонысовтың тәжірибесін қорытып, көпшілікке тарата бастады.

Еліміздің белгілі ғалымы, Армян Ғылым академиясының академигі А. Байбуртцянның әдісі бойынша қозы піштіруді үйрену үшін ауданның мал мамандары Ленин атындағы колхозға жиналып, кеңес өткізді. Бұл мәселе жөнінде мамандар өзара пікір алысты. Мектеп кеңесі бұл мәселені күн тәртібіне қойып, оны келешекте іске асыруға көздеп отыр.

Аудан партия ұйымдарының жүргізген саяси ұйымдастыру жұмысы, әсіресе озаттардың тәжірибесін насихаттап, тарату бағытындағы жұмысы жақсы нәтиже беріп отыр. Тарихи сентябрь Пленумында бері өткен уақытта ауданда мал шаруашылығы едәуір өрге басты. Міне, содан бері мұнда қой саны 2,5 есе, сиыр екі есе көбейді. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру біраз артты. 1952 жылы ауданда 14 мың центнер ғана ет дайындалған болса, былтыр 56 мың центнер ет дайындалды. Аудан шаруашылықтары былтыр мемлекетке 1953 жылғы бір мың центнер орнына 8 650 центнер жүн сатты.

Мал шаруашылығын сумен қамтамасыз ету бағытында біраз шаруа іске асырылды. Соңғы үш жылда ғана үлкенді-кішілі 21 су бөгені жасалды, жайылымда 400 құдық қазылды, оның көбінде су тарту жұмысы механикаландырылды.

Мал шаруашылығын өркендетуде кемшіліктер де жоқ емес. Әсіресе малдың қыс кезіндегі өлім-жітімі әлі толық жойылмай келеді. Ауданның партия, совет ұйымдары кәзір жұртшылықтың назарын осы кемшілікті жоюға аударып отыр.

Аудан еңбекшілері партияның XXII съезінің, КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдеріне нақты іспен жауап беруге белгіленді. Олар мал санын едәуір көбейту және оның өнімділігін еселеп арттыру арқылы 1962 жылы мемлекетке 63 мың центнер ет және 10 220 центнер жүн сатуға, етке өткізілетін ірі қараның тірідей салмағын кемінде 330 килограмға, қойдың салмағын 50 килограмға, әр қойдан қырқылатын жүнді 4 килограмға жеткізуге міндеттенді. Жеміс-жидек қорын нығайту шаралары да белгіленді.

Жәнібектіктер социалистік жарыста алған бұл міндеттемелерін абыроймен орындап, елімізде азық-түлік молшылығын жасауға лайықты үлес қосады.

К. СЕРІКБАЕВ

Батыс Қазақстан облысы,  
Жәнібек ауданы.



# «Правда» газетіне елу жыл

## Бұқаралық—баспасөздің лениндік маңызды принципі

К. ШАЛАБАЕВ,

ҚКП Орталық Комитетінің насихат және  
үгіт бөлімі меңгерушісінің орынбасары

1962 жылғы 5 майда КПСС Орталық Комитетінің жауынгер органы — лениндік «Правдаға» 50 жыл толды. «Правданың» елу жылдығы тек совет халқы мен Коммунистік партияның, большевиктік баспасөздің өміріндегі ғана емес, сондай-ақ бүкіл ізгі ниетті адамзат өміріндегі маңызды оқиға ретінде аталып өтті. «Правданың» тарихы партиямыздың қаһарман тарихымен, баспасөзіміздің В. И. Ленин негізін қалап берген дақты дәстүрлерімен, сондай-ақ барлық ел жұмысшылары мен шаруаларының жарқын өмір жолындағы күресінің тарихымен тығыз байланысты.

В. И. Ленин өзінің Краковтен Демьян Бедныйға жіберген бір хатында: «Күнделікті жұмысшы газетін ұйымдастырып, Петербург жұмысшылары, — асырмай-ақ айтуға болады, — ірі тарихи іс істеді» (Шығармалар, 18-том, 183-бет) деп жазды. Елена Стасова айтқандай, «Правданың» үзілмей шыға бастауы большевиктер мен барлық жұмысшы табы үшін патшалық Россияны торлаған қара түнекті жарып шыққан прожектор сәулесіне тең болды.

В. И. Ленин «Правданың» жұмысшы табының революциялық күресін ұйымдастырудағы, барлық алдыңғы қатарлы жұмысшыларды партияның төңірегіне топтастырудағы, партияның қатарын нығайтудағы, оппортунистерге қарсы күрестегі орасан зор ролін талай рет атап көрсеткен болатын. «Правда» патша өкіметін құлатып, капитализмді талқандау, Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісіне жету, дүние жүзіндегі тұңғыш мемлекет — Совет елін нығайту, социализм орнату үшін лениндік жоспарын жүзеге асыру жолындағы күресте партияның сенімді көмекшісі болды. «Правда» жарты ғасыр бойы қай кезеңде болсын өзінің коллективтік үгітші, коллективтік насихатшы және коллективтік ұйымдастырушы міндетін бұлжытпай орындап келеді.

Баспасөздің маңызы әсіресе кәзіргі кезеңде, коммунизм құрылысы мен өрістеген кезде анағұрлым арта түсті. Ол еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде, партиялық-мемлекеттік құрылыста лайықты орын алды. Сталиннің жеке басына табынудың зардаптарын түгел жойып, партия өмірінде лениндік принциптерді қалпына келтіру арқасында баспасөзіміз бұрынғыдан да бұқаралық болып, нағыз халық трибунасына айналды. Баспасөз халқымыздың рухани өмірінің біртұтас бөлігі болса, совет журналистикасы — партиялық-қоғамдық қызметтің маңызды саласы. Баспасөз қызметкерлері, журналистер — партиямыздың сенімді көмекшісі, қолқанаты. Коммунистік партия журналистер еңбегін жоғары бағалап, коммунизм құрылысында жаңа адамды тәрбиелеуде, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік орнату үшін күресте баспасөзге ерекше маңыз беріп отыр. Бұл КПСС тарихи XXII съезінің шешімдерінде, партияның жаңа Программасында, Н. С. Хрущев жолдастың баяндамалары мен сөздерінде КПСС Орталық Комитетінің «Правда» газетіне, совет баспасөзінің барлық қызметкерлеріне құттықтауында айқын көрінді.

Таяуда «Правда» газетінің 50 жылдығына байланысты баспасөз радио, телевизия органдарында, полиграфия өнеркәсібінде көп жыл бойы сіңірген еңбегі үшін Қазақстаннан 87 адам СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша орден және медальмен наградталды. Бұлардың ішінде қарт правдашылар, республикалық, облыстық, аудандық газеттердің, республикалық журналдардың редакторлары, жұмысшы, ауыл-село тілшілері, жазушылар, полиграфия, баспа, радио және телевизия қызметкерлері, штаттан тыс бөлімдердің меңгерушілері ба

Республика бойынша 201 адам Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамоталарымен және Грамоталарымен наградталды. Мұның ішінде партия мен үкіметтің совет журналистеріне, баспа және полиграфия қызметкерлеріне жасаған зор қамқорлығын сипаттайды.

В. И. Ленин большевиктік баспасөздің жұмысына еңбекшілермен тығыз қалың бұқарасын неғұрлым кеңінен қатыстыру қажет екенін, мұнысыз бірде-бір газет, журнал өмір сүре алмайтынын ескертті, редакцияның төңірегіне мыңдаған, он мыңдаған халық тілшілерін топтастыруды талап етті. Ұлы көсем үйреткендей, баспасөзіміздің бұқаралығы, бірінші жағынан, оның халыққа арналып, халық үшін қызмет ететінінде болса, екінші жағынан, оның халық қолымен шығарылуында.

Совет баспасөзі, — деді Н. С. Хрущев жолдас «Правданың» 50 жылдығына арналған салтанатты мәжілісті ашарда сөйлеген сөзінде, — шын мәнісінде халықтық баспасөз. Ол халықтың қолымен жасалып, халыққа, коммунизмнің ұлы мұраттарына қызмет етуде.

Журналистика — бұқара творчествосы. Ол шағын топтың немен тандаулы адамдардың үлесіне тиген сыбаға емес. Сондықтан баспасөздің жұмысы бәрінен бұрын бұқарамен байланыс арқылы бағалынады. Халықтан қоз үзбей, онымен үнемі қоян-қолтық келген, өзінше бүкіл қызметін әр уақытта қоғамдық пікір мен еңбекшілердің хатына негіздеген газет, журналдар ғана өмірге белсенді араласып, алдында тұрған міндеттерін жақсы орындайды. Ал жұртты журналистиканы тартып, редакция жұмысына қатыстыратын жол көп-ақ. Бірақ соның ішінде жұмысшы және ауыл-село тілшілерінің бұқаралық қозғалысы мен қоғамдық негізді дамыту ерекше орын алады.

Жұмысшы және ауыл-село тілшілерінің қозғалысы партияның XXII съезінен кейін бұрынғыдан да құлаш жайып, өріс алуда. Қазақ республика редакцияларында жалақы алып жұмыс істейтін әрбір журналистке 25 халық тілшісі келеді. Мұның өзі баспасөзде көтерілетін қилы-қилы мәселелердің қайсысы болсын бұқараның қатысуына шешілмейтінін, сөйтіп жұмысшы және ауыл-село тілшілерінің қозғалысы жаңа белеске шыққанын көрсетіп отыр. Соңғы кезеңдегі тілшілер қатары жұмысшы табының, колхозшы шаруаның және совет интеллигенциясының алдыңғы қатарлы өкілдерімен толықтырылуы осы қозғалыстың қоғамдық өмірдегі ролі бұрынғыдан едәуір артты. Жұмысшы және ауыл-село тілшілерінің аса бай тәжірибесі, олардың барған сайын арта түскен саяси және мәдени-техникалық дәрежесі газет, журналдарда қай мәселені болсын, іскерлікпен терең көтеру үшін баспасөздің халық бұқарасына тигізетін әсерін күшейтуге мүмкіндік беріп келеді. Бұл жұмысшы және ауыл-село тілшілерінің қоғамдық-саяси зор күш екенін бейнелейді. Ендеше газет, журнал редакциялары халық тілшілерінің творчествосы мен көтерген дабылына тиіп-тиіп көңіл бөліп, жұмысшы және ауыл-село тілшілерінің бұқаралық қозғалысына жүрдім-бардым емес, қайта тиянақтылықпен үнемі басшылық жасауы керек.

Жұмысшы және ауыл-село тілшілерінің қозғалысына басшылықты жақсарту жөнінде соңғы жылдары бірталай жұмыс жүргізілді. Жергілікті жерлерде тілшілердің кеңесі мен конференциялары

ізілетін болды. Республикалық, өлкелік және облыстық бірқатар газеттер жұмысшы және ауыл-село тілшілерінің рейдтерін өткізуді жөнге салып, шаруашылықтың шешуші маңызы бар жерлерінде тілшілердің тұрақты постарын құрды.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ұсынысы бойынша Қазақстан Журналистер одағының басқармасы өткен жылдың 20 декабрінен үстіміздегі жылдың 20 январына дейін ауыл-село тілшілерінің республикалық рейдін өткізді. Рейд колхоздар мен совхоздарда көктемгі егіске әзірліктегі, мал қыстатудағы кемшіліктердің бетін ашумен қатар ауыл шаруашылығы өндірісінің резервтерін табу және оны іске қосу мәселесіне арналды. Оған республикалық, өлкелік, облыстық және аудандық газеттер, радио мен телевизия, барлық село тілшілері қатысты.

«Казахстанская правда», «Социалистік Қазақстан», Алматы облыстық «Коммунизм таңы» сияқты газеттердің рейдке белсене атқанын атап айтқан орынды. Бір ай ішінде «Социалистік Қазақстан» газетінде 40 шақты рейд материалы жарияланды. Газет рейдті редакциялық мақаламен ашып, оның қорытындысына бас мақала арнады. «Коммунизм таңындағы» рейд материалдарының бір ерекшелігі, бригада мүшелерінің кемшіліктерді қатты сынауымен бірге, оларды жоюдың нақты шараларын белгілеп, пайдаланылмай жатқан ішкі резервтердің экономикалық тиімділігін көрсете білуінде. Мәселен, газет Жамбыл ауданының Аманкелді атындағы колхозында егіншілердің артта қалғанын айта келіп, мұның себебі агротехникалық шаралардың дұрыс жүргізілмеуінде екенін, соның салдарынан егісті арам шөп басып кететінін, бір мың гектарға жуық суарылатын жер бола тұрса да оның тек жартысына ғана егіс егілетінін, бес мың гектардай егістің мүлде ескерусіз қалғанын, техниканы пайдалану жыл бойын құлдырап бара жатқанын, механизаторлар жеткіліксіз болғандықтан жұмыстың бір сменада ғана істелетінін жазды да, осы сияқты олқылықтардың шаруашылыққа қандай зиян келтіріп отырғанын, оларды қалай жоюға болатынын осы колхоздың өмірінен алынған фактілерге талдау жасау арқылы дәлелдеп берді.

Республикалық «Ленинская смена» мен «Лениншіл жас» газеттері 1961 жылғы 17 декабрьден бастап Қазақстанның темір жол станцияларында жатып қалған жүкті тасу жөнінде рейд өткізіп, халық шаруашылығына үлкен қолқабыс тигізді. Рейдке қатысқан жұмысшы және шаруа тілшілері жүк тасудағы сылбырлықты әшкерелеп қана қоймай, сонымен қатар жүктің станциялардан дереу жөнелтілуін қадағалап отырды. Рейдтің алғашқы 13 күні ішінде ғана республика бойынша 6326 вагон жүктің тиісті орнына жеткізілуі де осының жемісі. Бұл газеттердің әр номерінде «Астық шаруашылығының бүкілодақтық ғылыми-зерттеу институтының басшылары! Сіздерге тыңайтқыштар қажет пе еді? 7-інші октябрьде Қазақ темір жолының Целиноград бөлімшесіндегі Шортанды станциясына 20 вагон тыңайтқыш келді. Вагоннан түсірілген химикаттар содан бері босқа орын алып, далада бүлініп жатыр. Жүктерінді қашан тасып аласындар?», «Турьев облыстық тұтынушылар одағының председатели Баешев жолдас! Мақат станциясында сентябрьден бері бір вагон әйнек жатқанын білесіз бе?», «Семей облысының комсомолецтері! Станцияларда жатып қалған жүкті тасуда аз жұмыс істеген жоқсындар. Енді көп қалған жоқ — небәрі төрт-ақ вагон. Тағы бір қимылдасаңдар — табысқа жетесіндер!» деген сияқты қысқа-қысқа хабарлар жарияланып тұрды. Материалдардың осындай нақтылы болуынан да газет-

тердің дабылы бойынша дереу шаралар қолданылып, рейд кезінде жарты миллион тоннаға жуық жүк станциялардан тасылды.

Редакцияларда штаттан тыс бөлімдер ұйымдастыру, жұмысшы ауыл-село тілшілері мен авторлар советтерін құру, редколлегиялардың құрамына штаттан тыс мүше ретінде озат жұмысшылар мен колхозшыларды тартып, партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының өкілдерін енгізу бұрынғыдай сирек кездесетін жаналықтан күнделікті жұмыс дағдысына айналды. Кәзір баспасөз жұмысшына қай саласын алсаң да қоғамдық негізге соқпай кететіні жоқ. Бұл түсінікті де. Редакцияда жұмыс істейтін қызметкерлер қанша күште болса да олар барлық мәселені түгел қамти алмайды және ол мүмкін де емес. Сондықтан журналистердің ролі негізінен ұйымдастыру жұмысына қарай ойысып барады. Олай болса, редакция қызметкерлерінің өздері қоғамдық негізде жұмыс істеудің үлгісін көрсетуге тиіс. Ал бізде өз мақаласын жұмыс уақытында жазса да, тіпті кейде сол өзі жазатын материалға бола арнайы командировкаға барып келсе де қаламақының толық төленуін талап ету сияқты фактілер кездеседі.

Көп газеттерде қоғамдық негіз жақсы өріс алған. Олардың ішінде «Коммунизм таңы», «Алма-Атинская правда», Шығыс Қазақстан облыстық «Знамя коммунизма», республикалық «Ленинская смена» газеттері бар. Мәселен «Алма-Атинская правда» мен «Ленинская смена» газеттері кей күндері өздерінің бүкіл номерін штаттан тыс қызметкерлердің материалымен шығарып жүр. «Ленинская смена» газетінің демалыс күнгі номерлері көбінесе осылай шығады. Олардың тартымды, қызықты болатыны да сондықтан. Осы газеттің жуырдағы бір номерінде ғана штаттан тыс тілшілер жазған 41 материал, солар түсірген 7 фотосурет жарияланды. Кейбір редакцияларда штаттан тыс қызметкерлер еңбекшілерді қабылдап сөйлеседі. Бұл үшін сенбесайын келесі жетіде жұртты кімнің қай күні, қай сағатта қабылдайтыны газетке хабарланады. Баспасөзде жарияланған материалдардың аяқсыз қалып қоймауын қадағалау үшін ұйымдастырылған бақылау посты да — қоғамдық негізде жұмыс істеудің жаңа бір түрі.

Жұмысшы және шаруа тілшілерінің орасан зор қоғамдық роліне жете мән бермей, қоғамдық негізді дамытуға атүсті қараған газеттердің қай жағынан болса да ұтылып жүргенін сыпаттайтын фактілер көп. Газет, журналды негізінен редакция қызметкерлерінің күшімен шығаруға тырысып, халық тілшілеріне арқа сүйемеу тәрізді зияннан басқа ешқандай пайда келтірмейтін, советтік журналистиканың дәстүріне жат әдіс әлі де орын алып келеді. Бұған мысал ретінде бұрынғы Есіл аудандық «Знамя труда», Қорғалжын аудандық «Ленинский путь», Мақат аудандық «Социалистік Эмба» газеттерін алуға болады. «Ленинский путь» газетінде редакцияның штаттағы қызметкерлері А. Григорьев, А. Алшынбаев, П. Статиндердің «творчествосынан» аяқ алып жүре алмайсың. Тіпті А. Григорьевтің «іскерлігі» сондай екен, газет редакторы номер сайын оның бір материалын басуды азынғандай, екі-үш «мақаласын» қатарынан жариялауды әдетке айналдырды. Григорьевтің жазбайтын мәселесі жоқ. Ол қандай тақырапқа жаз десең де бас тартпайтын көрінеді. Ал қоғамдық негізде ұйымдастырылған материалды газет бетінен қанша іздесең де таба алмайсың.

«Социалистік Эмба» газетінің биылғы шыққан номерлерінде штаттан тыс қызметкерлер әзірлеген бірде-бір хабар жоқ. «Знамя труда» газетінде соңғы бес айда село тілшілерінің үш корреспонденциясы ғана жарық көрді. Жоғарыда аталған газеттер негізінен қатардағы адамдарға емес, көбінесе басшы қызметкерлер мен интеллигенция өкілдеріне сөз беріп, материалдардың басым көпшілігін тек

соларға ғана жаздыртып келді. Газет оқушылары жазған очерк, суреттеме, фельетон, әңгіме бұларда мүлдем жарияланбайды десе болады.

Бұқарадан қол үзген газеттен жаналық күту де қиын. Жұртпен жұмыс істеуден бас тартқан жерде бірсарындылық пен үстірттік орын алатыны сөзсіз. Қандай мақаланы болса да бірқалыпқа салып жазатын, кейбір сөздер мен сөйлемдерді орынды-орынсыз қолданып, әбден жауыр қылған, бірнеше ғана тақырыптың айналасынан шыға алмайтын газеттердің мұндай қалге ұшырауы қалың бұқараны өзінің негізгі сүйенішіне айналдыра білмеуінде. Кейбір газеттердің екі-үш жыл ішіндегі номерлерін алып салыстырсаң, жыл сайын белгілі бір мәселелерді ғана қайталай беретінін байқайсың. Тіпті, бұрын жазған мақаласын арасына біраз уақыт салып, тек фактілерін өзгертіп қана қайта басатын газеттер жоқ емес. Қызылорда облыстық «Ленинский путь» газетінің 1959 жылы жарияланған «Бүкіл көктемгі егіске зябь жұртылсын» және 1961 жылғы 9 сентябрьде басылған «Зябь болса, астық болады» деген бас мақалаларын салыстырсаңыз, ешқандай айырма таба алмайсыз. Мәселенің қойылуы да бірдей, фактілер мен кемшіліктер де ұқсас, сөйлемдер де таныс, мақалалардың құрылысы да егіз қозыдай. Мұндай жағдай «Ленинский путь» газетінде жиі-жиі болып тұрады. Бұл—газеттің халықпен байланысы нашарлап кеткенін, редакцияда бұқаралық жұмыстың бетімен жіберілгенін, авторлар активінің мардымсыз екенін, қоғамдық негіздің ұмыт қалғанын дәлелдейді.

Әрбір газеттің өзіне ғана тән бейнесі болуға тиіс деген талап, ең алдымен, халықпен күн сайын тілдесіп отыру қажет деген ұғым туғызады. Мұнсыз номер сайын жұрт құмарта оқитын қызық, тартымды материал беру мүмкін емес. Бұрынғы Целиноград аудандық «Совхозный путь» сияқты жеке газеттердің екі сөздің бірінде бұйрық пен ұсқау беріп, әкімшілікке бой ұруы өмірден қол үзгендіктің белгісі. «Совхозный путь» газетінің редакторы Масный жолдас өзінің үш-төрт жыл бойы бірде-бір шаруашылықта болмағанын жуып-шаю үшін:—Жақсы журналист екі цифрдан-ақ мақала шығарады. Телефон сияқты тамаша техника тұрғанда не жазамын десең де мүмкіншілік бар ғой, — дейді. Ал газетте жергілікті жағдайды жете талдап, орын алған кемшіліктерді жоюға көмектесетін, озат тәжірибені өндіріске енгізуге пайдасы тиетін мақалалар жоқ, мұның өзі «екі цифрдан-ақ мақала шығаруға» тырысып, авторлармен жұмыс істеуді ескерусіз қалдырудың кесірі.

Баспасөздің бұқаралық жұмысының негізгі бір саласы — еңбекшілердің хатын дұрыс пайдаланып, оның мейлінше көп жариялауына жағдай жасау. Партияның Орталық Комитеті еңбекшілер хатымен дұрыс жұмыс істеуді әрдайым ескеріп келеді. Хат бөлімі тікелей редакторға бағынады, ал редакцияға келген почтаны редактордың өзі қарауға тиіс. Алайда кейбір редакторлар еңбекшілер хатымен жұмыс істеуді екінші дәрежедегі нәрсе деп есептейді де, хат бөлімін редакциядағы ең қабілетсіз журналистердің қолына бере салады. Батыс Қазақстан облысының бұрынғы ауданаралық «Озат еңбекші» және «Коммунизм жолы» газеттеріндегідей, көп жерлерде редакцияға түскен хаттар тіркелмейді, олардың ескерусіз жатып қалмауы қауіпті болып қалмағанды, жарияланбаған немесе тексеруге жіберілген хаттардың несіне уақтылы жауап берілмейді. «Коммунизм жолы» газетіне бөрілі ауданынан небәрі екі-ақ тілші хат-хабар жіберіп келгені бұған толық дәлел. Ал «Озат еңбекші» газеті 1960 жылы бас-аяғы 710 хат алып еді, оның саны өткен жылы бұдан да азайып, 570-ке түсіп қалды. Осы екі газеттің екеуінде де авторлар мен ауыл-село тілшілері

арасында ешқандай жұмыс жүргізілген жоқ. Керек десе, газетке неше тілші қатысатынын да ешкім білмейді.

Жамбыл облыстық «Еңбек туы», Талдықорған қалалық «Коммунистический труд», бұрынғы Гвардия аудандық «Красное знамя» және басқа бірқатар газеттер еңбекшілердің баспасөзде жарияланған немесе зерттеп, шара қолдануға жіберілген хаттары бойынша не істелгенін нашар бақылайды. Газетте басылған көптеген хаттардың сол қалпында үн-түнсіз қалып қоюы, жарияланбаған хаттар дабылының тым сирек кездесуі, оның көбінесе формальды болуы — бұған айқын дәлел.

ҚПСС Орталық Комитеті март Пленумының қаулысына сәйкес жергілікті баспасөздің аудандық буыны қайта құрылды. Барлық жерде территориялық өндірістік басқармалар жанында облыстық партия комитеттері мен облыстық атқару комитеттерінің газеті — ауданаралық газеттер ұйымдастырылып, аудандық газеттер түгел жабылды. Республикамызда аудандық газеттердің соңғы номерлері 30 апрельде шығып, ауданаралық газеттердің тұңғыш саны 1 майда жарық көрді. Ауданаралық газеттер территориялық өндірістік басқармалардағы аудандардың санына қарай жетісіне үш немесе төрт рет, көлемі «Правданың жарты форматындай төрт бет болып шығып жатыр. Тек облыстық өндірістік басқарма ғана құрылған Гурьев пен Қызылорда облыстарында аудандық та, ауданаралық та газеттер болмайды.

Ауданаралық газет аудандық газеттің мұрагері емес. Ол — баспасөздің жаңа түрі. Сондықтан өрісі өскенге — өскелең талап дегенде, оның алдында тұрған міндеттері де күрделі. Еңбекшілерді ауыл шаруашылығын күшті қарқынмен өрге бастыру үшін жұмылдыру да, мемлекеттік жоспарды орындап қана қоймай, оның асыра орындалуын қамтамасыз ету жолындағы күрестің ұйтқысы болу да, социалистік жарыстың жаршысына айналу да, жұрттың назарын жер мен техниканы неғұрлым тиімді пайдалануға аудару да — міне осының бәрі де ауданаралық газеттердің ардақты борышы. Ғылымның жетістіктері мен озыстардың тәжірибесін өндіріске енгізу және ауыл шаруашылығы өндірісіндегі барлық резервтерді сарқа пайдалану мәселелері ауданаралық газеттердегі басты тақырыптарға айналмақ. Жаңа туған жас газеттер еңбек етудің таңдаулы әдісі мен үлгісін терең және жан-жақты көрсетіп, партия ұйымдарының саяси-ұйымдастыру жұмысын кеңінен жазуға міндетті. Жұртты қоғамдық меншікке коммунистік көзқарас рухында шаруашылықтағы салақтыққа, ысырапшылдыққа, мемлекеттік және партиялық тәртіпті бұзушылыққа төзбеу, кемшіліктерге ымырасы болу рухында тәрбиелеу — ауданаралық газеттердің төл ісі.

Ауданаралық газеттердің редакциялары өздерінің бүкіл қызметінде жұмысшы және ауыл-село тілшілерін тірек етіп, қоғамдық негізді дамытуға баса назар аударуға тиіс. Алғашқы уақыттан бастап-ақ жарияланған материалдардың түгел әсерлі болуын қамтамасыз етуге күш салу керек.

Осы айтылған кейбір басты-басты міндеттерді іске асырған ауданаралық газеттер ғана партия ұйымдары мен өндірістік басқармалардан жақсы көмек көрсете алады.

Партияның XXII съезі бүкіл идеологиялық жұмысты, оның ішінде баспасөзді онан әрі жақсартып, жетілдірудің ерекше маңызы бар екенін атап көрсетті. Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда да, коммунистік қарым-қатынасты қалыптастыруда да, жаңа адамды — коммунистік қоғам адамын тәрбиелеуде де баспасөз зор роль атқаруға тиіс. Съезде айтылғандай, кәзір баспасөздің алдында тұрған ең басты міндет — еңбекшілерге партиямыздың жаңа Программасын терең түсіндіру. Осыған орай, республикамыздың газет, журналдары съезд шешімдерін орындау жолындағы бүкілхалықтық күресті жанжақты жазуда бірқатар жұмыс істеді. Әлі де болса кездесіп отыр-

ған аяды-көпті кемшіліктерге қарамастан, Қазақстан баспасөзінің жұмысында съезден кейінгі мерзім ішінде едәуір өзгеріс болғаны байқалады. Мұны баспасөздің қатал да әділ төрешісі — газет, журнал оқушыларының өздері мойындап отыр. Бірақ бұған тоқмейілсуге болмайды. Алда алып істер мен күрделі міндеттер тұр. Олар, КПСС Орталық Комитетінің секретары Л. Ф. Ильичев жолдас айтқандай, ХХІІ съезден кейін жаңа қарқынмен қанат серіпкен творчестволық ұлы өрлеуге барынша қолқабыс тигізу; советтік қоғам өмірінің барлық жағын да коммунистік негізге сәйкестендірудің неғұрлым белсенді құралы болу; өмір процестерін қорытып, олардың мазмұнын, теориялық мәнісін бағыл ашу; жұртқа партияның практикалық қызметінің ғылыми негіздерін түсіндіру; өмірмен байланысты нығайту; маркстік-лениндік теорияны тек насихаттаумен ғана тынбай, оның іс жүзінде орындалуына қолқабыс тигізу; идеологиялық және практикалық жұмысты бір-бірімен ұштастырып, оларды бір мақсатқа — шаруашылық пен мәдениет құрылысында жаңа табыстарға жету мақсатына бағыттау.

Жоғары идеялылықтың, большевиктік партиялықтың, бұқаралылықтың, шыншылдықтың өрнегі—«Правдадан» үлгі алған Қазақстан журналистері Никита Сергеевич Хрущев жолдастың: «Партиямыздың күші, баспасөзіміздің күші, оның бұқараға жеткізетін нақты ісінің зор жақпал жасауының қайнар бұлағы — бұқарамен біте қайнасқан байланысында. Ал нақты іс дегеніміз — партиямыздың лениндік саясаты, социализм мен коммунизм орнату жөніндегі лениндік идеялар. Мұндай жүк жеңіл жүк, оның ауырлығы жоқ... Ия, біздің бәріміз де бұл жүкті шабытты жігермен көтеріп келеміз. Бұл жүктің ауырлығы жоқ, мұндай жүктің ауырлығын сезбейсің, ол сені қанаттандырып, алға баса беруге шақырып, ілгері ұмтылдырады!» деген сөздерін басшылыққа ала отырып, партия мен халық тапсырған міндеттерді қалтқысыз іске асыратыны күмәнсіз. Ақын айтқандай:

«Жалындаған пак жанында өр талап,  
Ол алады партиядан мол сабақ.  
Сөйлейді ол лениндік тілменен,  
Журналистер — партияға қолқанат».

# «Правда»—қазақ баспасөзінің ұстазы

Қ. ӘБІЛХАНОВ

Совет баспасөзі үшін биылғы жыл ерекше жыл, 5 майда бүкіл еліміз және барлық прогресшіл адамзат ұлы Лениннің перзенті—«Правданың» 50 жылдығын салтанатпен атап өтті.

В. И. Ленин «Правданы»—бүкіл Россияда жұмысшы ұйымдары мен жұмысшы газеттері қаптап кететін көктемнің алғашқы қарлырашы деген болатын. Бұл көктем әлдеқашан келді. Қазіргі күнде Совет коммунизмнің асқар шыңына қарай сеніммен өрлеп бара жатқан Советтік Социалистік Республикалар Одағына, ал лениндік партия аса қуатты және жауынгер баспасөзі бар пікірлес коммунистердің он миллион адамнан құралған айбынды армиясына айналды.

Бұрынғыдан мүлде өзгеше, қай кездегіден болса да әділетті, жаңа заманның бастамасы болған Ұлы Октябрь социалистік революциясын жасауда, ішкі контрреволюция мен шетел интервенциясының қара түнек күштерін күйретуде, жұмысшылар мен шаруалар өкіметін нығайтуда, елімізді индустрияландырып, ауыл шаруашылығын коллективтендіруде, Ұлы Отан соғысы жылдарында неміс-фашист басқыншыларды талқандауды ұйымдастыруда, елімізде социализм орнатуда, коммунистік партияның жаңа Программасын—коммунизм орнату Программасын қабылдауда «Правда» партия мен халық алдында өзгізгі ниетті бүкіл адамзат алдында тарихта теңдесі жоқ зор еңбегін сіңірді.

ВКП(б) Орталық Комитеті «Правда» газетінің 25 жылдығына байланысты құттықтауында «Лениндік «Правданың» тарихы большевизм тарихымен тығыз байланысты» деп жазды. Нақ сондай-ақ біздің бүкіл советтік баспасөздің пайда болу, қалыптасу және даму тарихы «Правданың» тарихымен сабақтасып жатыр. Сарқырап аққан өзен басы асқар шыңнан шыққандай, осы заманғы аса қуатты советтік баспасөз шежіресі «Правдадан» басталады. Ол біздің бүкіл баспасөздің, әсіресе ұлттық баспасөздің кемеңгер атасы, данышпен ақылшысы және тамаша ұстазы.

Мұны «Правданың» ең жақсы дәстүрлері негізінде, оның тікелей ықпалымен, туысқандық көмегімен және қолдауымен пайда болған қазақ совет баспасөзінің мысалынан айқын көруге болады. Коммунистік партияның күнбе-күнгі қамқорлығына бөленген Советтік Қазақстанның баспасөзі жоғары идеялылықты, большевиктік принциптілікті, өмірге терең араласуды, халыққа адал қызмет етуді әрқашан «Правдадан» үйреніп келді, үйреніп отыр және үйрене береді.

Қазақ тіліндегі тұңғыш советтік газеттер 1918 жылдың алғашқы жартысында шыға бастады. Сол жылғы 3 (16) апрельде жұмысшы және шаруа депутаттары Торғай облыстық Советінің «Қазақ мұңы» газеті жарық көрді. Оның бірінші номерінде белгілі революционер Ә. Жанкелдиннің Советтердің Торғай облыстық съезін ашардағы сөзі басылды. Онда былай делінген. Совет өкіметінің күші оның нақтылы саясат жүргізуінде, бұл саясат халықтың мұң-мұқтажына сай келеді.



Бұл өкімет аз уақыттың ішінде орасан зор жұмыс істеді. Мәселен, ол ерекше үлгімен мемлекеттен бөлді, жерді еңбекші халыққа, шаруаларға берді. Ескі соттарды жойды, бітім жасасып, армияны таратты. Осында қиынып отырған Сіздер енді қоян-қолтық бірлесіп, өздеріңіздің осы облыстағы тұрмысыңызды баршаға бірдей бостандық пен теңдіктің жана үлгілері бойынша жайғастыру жөнінде жұмыс істеулеріңіз керек.

Сол тұста Ақмолада (кәзіргі Целиноградта) «Тіршілік» газеті шыға бастады. Оған аса көрнекті жазушы және революционер С. Сейфуллин белсене қатысты. Сол кезде ол Ақмола Совдепі президиумының мүшесі болатын. «Тіршілік» газетінде жариялау үшін С. Сейфуллин Совет үкіметінің «Россия мен Шығыстың барлық еңбекші мұсылмандарына» Үндеуін қазақ тіліне аударып берді. Жазушы кейіннен өзінің «Тар жол, тайғақ кешу» атты кітабында «Тіршілік» газетінің жұмысын, қазақ халқының қас жаулары—алашордашылар мен ақсұбардияшыларға қарсы күресін көрсете кетеді.

Әлсіздігі мен кейбір қателеріне қарамастан, қазақ тілінде шыққан алғашқы советтік газеттер, тұтас алғанда, «Правдадан» үйрене отырып, Коммунистік партияның Совет өкіметін нығайту жолындағы күресінде, еңбекшілер арасында большевизм идеяларын насихаттауда үлкен роль атқарды.

Қазақстан баспасөзі азамат соғысының қаһарлы күндерінде де «Правдадан» үлгі алды. Қазақ газеттері еңбекшілерді халықтар досы рухында тәрбиелей отырып, барлық ұлттардан шыққан жауынгерлердің азамат соғысы майдандарындағы ерлік істерін үнемі жазумен болды. Мұның өзі қазақ халқына интернационалдық тәрбие берудің алғашқы қадамдары еді.

Сол кезде Бөкей ордасында (Батыс Қазақстан) шығып тұрған «Дұрыстық жолы» газеті қазақ еңбекшілері арасында Совет өкіметінің саясатын насихаттауда едәуір роль атқарды. Қызыл Армияға көмек туралы мақала, хабарлар газет бетінен түспеді. Батыс Қазақстанда совет өкіметін орнату үшін ерлікпен күрескен тамаша революционерлердің бірі Б. Жәнікешевтің 1919 жылғы 28 мартта осы газетте жарияланған мақаласында былай делінген: «Біздің армиямыздың Орал қаласына кіруін тұрғындар ерекше қуанышпен қарсы алды. Немесе жылдар бойы езгіде болып, қамшы мен тепкінің астында зар шеген қазақ халқының өкілдері, сондай-ақ украин поселкелерінің тұрғындары кәзіргі күнде даңқты Қызыл Армияның қатарына лектерімен келіп қосылуда».

«Дұрыстық жолы» газеті Қазақстан Советтерінің Құрылтай съезін шақыру туралы Совет үкіметінің шешімін жариялады, азамат соғысының майдандарындағы оқиғаларды үнемі жазып отырды. Сонымен бірге, газет ішкі және сыртқы жағдайлардың аса маңызды мәселелеріне көп көңіл бөлді.

Ішкі контрреволюция мен сыртқы жаулардан азат етілген жерлерде партия ұйымдарының жұмысы қайта жанданып, олардың баспасөз органдары шыға бастады. 1919 жылдың аяқ шені мен 1920 жылдың бас кезінде Омбыда «Кедей сөзі», Семейде «Қазақ тілі» газеттері жарық көрді. Қазақ еңбекшілері арасындағы партиялық-саяси жұмысты күшейту және оларды шаруашылық құрылысына жұмылдыру үшін соғыс-революциялық комитет «Ұшқын» газетін шығара бастады. Оның алғашқы номері 1919 жылғы 17 декабрьде Орынборда шықты. Бұл уездік немесе губерниялық газет емес, өлкелік газет еді. Кәзіргі «Социалистік Қазақстан» газетінің тарихы сол «Ұшқыннан» басталады.

Газет оқушыларды халықаралық және ішкі өмірдің аса маңызды оқиғаларымен, азамат соғысы майдандарындағы жағдаймен таныс-

тыра келіп, «Ұшқын» жергілікті жерлердегі Советтердің жұмысы, шаруашылық құрылысы туралы материалдарды үнемі жариялап тұрды. 1919—1920 жылдар қазақ совет баспасөзі үшін онан әрі қалыптасу, өсу және нығаю жылдары болды. Нақ осы кезде В. И. Ленин «Қырғыз жолдастар әріп құю, баспахана және қағаз жөнінен көмек көрсетуді сұрайды. Соларды қабылдап, барынша көмек көрсетуді өт сұраймын» деп, Мемлекеттік баспа мен Халық шаруашылығының Жоғарғы Советіне арнаулы записка жазды.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі ұлт республикаларының оның ішінде Қазақстанда журналистер кадрларын даярлау, жергілікті ұлт тілінде баспасөзді дамыту үшін қажетті материалдық-техникалық база жасау және басқа да мәдени шараларды жүзеге асыру жөнінде орасан зор жұмыстар істеді.

1920 жылы Оралда «Қызыл ту», Верныйда «Көмек», «Ұшқын» (татар тілінде) газеттері және басқа да жаңа газеттер шыға бастады. Қазақстан Советтерінің Құрылтай съезі Қазақ АССР-ін құрғандан кейін, Орынбордағы «Ұшқын» газетінің аты «Еңбек туы» болып өзгерді, сөйтіп ол 1920 жылғы 16 ноябрьден бастап РКП(б) облыстық бюросы мен Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің органы болды.

Орталық газеттердің және ең алдымен «Правданың» үлгісі бойынша, республика газеттері халық бұқарасын шетел соғыс интервенциясы мен ішкі контрреволюцияны талқандауға жұмылдыруда Қазақстан партия ұйымдарына барынша жәрдемдесіп, бүлінген шаруашылықты қалпына келтіруге белсене атсалысты.

1921 жылы облыстық партия комитеті «Еңбек туы» газетінің атын «Еңбекшіл Қазақ» (онан соң «Еңбекші Қазақ») деп өзгертті; кейіннен газет аты алдымен «Социалды Қазақстан», одан кейін «Социалистік Қазақстан» болып өзгерді. «Еңбекшіл Қазақтың» тұңғыш номері 1921 жылғы 7 ноябрьде шықты.

Сол жылы қазақ тілінде «Қызыл Қазақстан» журналы шыға бастады да, 1925 жылы ол қайта құрылды. «Таң» және «Сана» журналдарының орнына мұғалімдерге арналған «Жаңа мектеп» (қазіргі «Қазақстан мектебі») журналы ұйымдастырылды. «Тендік» газетінің орнына кейіннен «Әйел тендігі», (қазіргі «Қазақстан әйелдері») журналы шығып тұрды.

«Бостандық туы», «Ауыл», «Жұмыскер тілі», «Кедей», «Тілші» және басқалары сияқты губерниялық газеттер мен жұмысшы-шаруаларға арналған жаңа газеттер пайда болды. 1925 жылдың аяқ шенінде Қазақстанда 40-тан аса газет пен журнал шығып, олардың бір жолғы тиражы 80 660 дана болды, соның ішінде қазақ тілінде шыққан 13 газет пен журналдың тиражы 35 мыңдай еді.

Партиямыздың Орталық органы — «Правда» ұлт баспасөзінің өсу және нығаю жолына үнемі зер салып отырды, көп ретте ақыл-кеңес айтып, қателіктерін түзеді. «Правданың» сол кездегі көптеген бас мақалалары, жай мақалалары мен шолулары негізінен жергілікті газеттердің бағытына және идеялық мазмұнына арналды.

Партиямыздың Орталық Комитеті жергілікті баспасөзге тікелей және жанжақты басшылық етті. РКП(б) Орталық Комитеті баспасөз бөлімінің шолулары газеттер мен журналдардың жұмысын жақсартуға үлкен көмек болды. 1924 жылы «Красная печать» журналында «Еңбекші Қазақ», «Қазақ тілі», «Тілші», «Ақжол», «Бостандық туы», «Қызыл ту» газеттеріне және басқаларға шолулар басылды. Оларда газеттердің идеялық мазмұнын жақсарту, жарияланған материалдардың әсерін күшейту, партия комитеттерінің тарапынан баспасөзге басшылықтың дәрежесін арттыру жөнінде құнды кеңестер беріліп отырды.

«Правданың» қазақ совет баспасөзін қалыптастыруға, дамытуға жасаған ықпалы мен ролін аңғартатын мына бір мысалға назар аударуға болмайды. 1928 жылы Петропавлда шығатын «Бостандық» (қазіргі Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы») газетінде топ баукеспе ұрының елге салған ылаңы жайында номер сайын мақала-хабарлар басыла берген. Бірақ газет мұны тым кеш, болған оқиғадан соң үш-төрт жыл өтіп кеткеннен кейін жазған. Сонда жергілікті журналистердің бірі сол газетке «Бұл не ермек?» деген мақала жазып шығарады да, онда былай дейді: біз жазып отырған ұрылар алдеқашан құрыды, олардың көзір өлі-тірісін де ешкім білмейді. Газеттің міндеті атамзаманғы бірдеңені жазып, ұрылардың амал-айлауын ауыздың суы құрығанша әңгімелеумен жұртты алдандыру емес. Одан да партия ұялары, шаруашылық құрылысы, кооперативтер туралы жазған көп артық.

Бұдан әрі әлгі журналист (аты-жөні белгісіз, мақаласына «тілші» деп қол қойған) жұртты «Правдадан» үлгі алуға шақырады, сөйтіп онда жарияланған бір корреспонденцияны мысалға келтіреді. Онда Покатилово селосы шаруаларының тұрмысы әңгіме болады. Олар өздерінің жиналыстарында мынадай қаулы алған көрінеді: «Бір елде социализм орнату мүмкін екені туралы лениндік теорияны басшылыққа ала отырып, Покатилово селосында социализм орнатылсын». «Правда» редакциясы бұл қаулыға өз тарапынан түсіндірме беріп, онда шаруалар ниетінің дұрыс екенін, деревняның бірте-бірте жана қорамға бара жатқанын, бірақ социализмнің әсте бір селода емес, бүкіл ел көлемінде орнатылатынын айтқан.

— Міне, көзіргі газет қандай болу керек!—деп тұжырады автор оның «Бостандық туы» газетінде жарияланған мақаласында.

Елімізді индустрияландыру, ауыл шаруашылығын коллективтендіру жылдары республика баспасөзін дамытудағы аса маңызды кезең еді. Қазақстан баспасөзі елімізде социализм орнатудың лениндік жоспарының жалынды насихатшысы, партияның сара жолын жүзеге асырудың табанды күрескері болды. Баспасөз ықпалының артуы сол кезде қазақ тілінде шыққан газеттердің тиражы туралы мәліметтерден айқын көрінеді: 1929 жылы ол 62 600 дана, 1930 жылы—149 000, 1931 жылы—201 000, 1933 жылы—393 000 дана болды. 1932 жылдың бас кезінде республикада 124 газет, оның ішінде 45 газет қазақ тілінде, ал 1933 жылдың аяқ шенінде барлығы 238 газет, оның ішінде 88 газет қазақ тілінде шықты.

Осы кезде «Правда» Қазақстан баспасөзіне арнап алғашқы сын материалдарды жариялай бастады. Бұларға «Өлкелік газеттердің ең ісі» (1931 жылғы 9 июнь), «Қарағанды қаласы — Қазақстанда» (1931 жылғы 26 декабрь) деген шолулар жатады. Бұл шолу мақалалардың жергілікті газеттердің бағытын өзгертуге, баспасөзді өмірге жақындатып, оның идеялық дәрежесін арттыруға көп пайдасы тиді.

«Правда» Қазақстан газеттерін сынап қана қоймай, олардың жақсы жақтарын да үнемі көрсетіп, қолдап отырды. Мәселен, 1930 жылғы 7 майда Шымкент аудандық газеті туралы ол былай деп жазды: «Әр номерде тұқымдық астықты жинау, құрал-саймандарды жөндеу, жер жырту, дәнді дақылдар егу туралы күнделікті мәлімет бар. Әр номерде дерлік зиянкестерді, бюрократтарды, егіс жұмысынан қатып жүргендерді әшкерелейтін қара тақта бар; колхоздарда әкімшілікке салынып, дөрекі мінез көрсетіп жүрген коммунистер аяусыз сыналады; сонымен бірге, егіске үлгілі әзірленгендер, алдыңғы қатарлы қызметкерлер, колхоз өндірісінің ерлері көрсетіледі. Ешкімнің бетіне қарамайтын өткір сынымен газет жауларын көбейтіп алды, ал бірақ оның тапқан достары бұдан әлде қайда көп. Күн сайын редак-

цияға шаруалар, колхозшылар, алдыңғы қатарлы агрономдар келіп өздерінің тәжірибелерін ортаға салады, кемшіліктер туралы әңгімелеседі, егіс майданының соңғы жаңалықтарын хабарлайды, ақыл-көніс алып кайтады».

Ұлы Отан соғысы совет халқы үшін үлкен сын болды. Соғыс кезінде Қазақстан газеттері тылдың бүкіл жұмысын соғысқа бейімдеп қайта құруда, Қызыл Армияға жанжақты көмек беруді қамтамасыз етуде партия ұйымдарына үлкен жәрдем көрсетті. Әрқашан да жәрдем барлық істе «Правдадан» үлгі ала отырып, республика баспасөзі біздің сөзсіз жеңіп шығатынымызға бұқараның сенімін күшейтті.

Соғыс жылдарында республика баспасөзі майдан мен тылды өз ара байланыстыра білген дәнекерлердің бірі болды. Республикалық «Қазақстанская правда» және «Социалистік Қазақстан» газеттері сол сияқты көптеген облыстық және аудандық газеттер майданшы жауынгерлерге арналған көптеген номерлер шығарды, жаумен айқынсып жүрген қазақстандықтардың майдандағы ерлігі туралы, біздің әскерлерімізді қару-жарақпен, оқ-дәрімен, жабдықпен және азық-түлікпен қамтамасыз етіп жатқан жұмысшылардың, колхозшылардың жанқиярлық еңбегі туралы күн сайын баяндап отырды.

Тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде Қазақстан баспасөзінің тарихына жаңа жарқын беттер қосылды. Газеттер мен журналдар республикамыздың кең байтақ даласында болып жатқан орасан зор өзгерістердің шын мәнісіндегі шежіресіне айналды. Бүкіл еліміздің баспасөзі сияқты, Қазақстан газеттері партияның шақыруымен, жұрқтың әмірімен тың игеруге келген, жас патриоттардың ерлік еңбегін Совет Одағының барлық туысқан халықтарының республикамызға көрсеткен қалтқысыз көмегін жазды.

Бұл қызу күндерде де «Правда» жергілікті газеттерді, оның ішінде ұлт тілінде шығатын газеттерді ұмыт қалдырып көрген емес. Оның «Үлкен іске күнбе-күн көңіл бөлу керек» деген шолуынан кейін, Алматы, Көкшетау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстық газеттері тың игерушілердің еңбегі мен тұрмысын байыпты жаза бастады. Партияның жаңа жер игеру жөніндегі шараларын жүзеге асыру жолындағы күрес республиканың барлық баспасөз органдарының туына айналды.

Республикалық «Социалистік Қазақстан» және «Қазақстанская правда» газеттері, олардың авторлары, жұмысшы, ауыл-село тілшілері мемлекетке тапсырылған қазақстандық тұңғыш миллиард пұт астық жолындағы күреске елеулі үлес қосты. Тың және тыңайған жерлерді игеруде аса зор ұйымдастырушылық және насихаттық жұмыс жүргізгені үшін және он мыңыншы номерлерінің шығуына байланысты «Социалистік Қазақстан», «Қазақстанская правда» газеттері Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Редакция қызметкерлерінің авторлары мен жұмысшы және ауыл-село тілшілерінің үлкен бір тобы үкімет наградаларын алды.

Республиканың мәдени өміріндегі бұл тамаша оқиғаға «Правда» газетінің редакциясы қуанған ниетін білдірді. Оның редакциялық коллегиясының құттықтауында: «Социалистік Қазақстан» және «Қазақстанская правда» газеттерінің Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталуы тың және тыңайған жер игеру жолындағы бүкілхалықтық күрес күндерінде елеулі сыннан өткен республиканың бүкіл баспасөзінің журналистердің, жұмысшы, ауыл-село тілшілерінің қызметіне берілген жоғары баға» делінді.

Партияның тарихи XX съезінен кейін совет баспасөзі шаруашылық және мәдениет құрылысының ең маңызды, нағыз көкейтесті, өмірлік зор маңызы бар мәселелерін жазуға шұғыл бетбұрды. Съезд біздің газеттеріміз бен журналдарымызға жаңа дем бергендей болды.

«Правданың» үлгісімен Қазақстан газеттері мен журналдары бірге терең араласып, жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау, КПСС ХХІ съезі белгілеп берген ұлы міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру жолындағы күресті барынша күшейтті. Партия Орталық Комитетінің совет журналистерінің Бірінші съезіне құттықтауы, Н. С. Хрущев жолдастың журналистерді қабылдауда сөйлеген сөзі баспасөз қызметкерлерінің күшіне күш, жігеріне жігер қосты, жаңа творчестволық шабытқа жігерлендірді.

«Правданың» жергілікті баспасөзге, әсіресе ұлт баспасөзіне жаңа отырған ықпалы мен жанжақты көмегін мына мысалдардан айтып көреміз. Соңғы жылдары «Правда» «Социалистік Қазақстан» газетіне екі рет шолу беріп, газеттің жұмысы туралы бас мақалалары мен басқа да мақалаларында бірнеше рет жазды. «Социалистік Қазақстанның» 5 материалы «Правдада» көшіріліп басылды. 1954 жылы Алматылық «Көкшетау правдасы» газетінен «Алғабастағы той» атты альбомды орыс тіліне аударып басты. «Правда» Қазақстанның басқа газеттері жайында да көп жазды.

1962 жылғы 2 апрельде Қазақстан баспасөзі тағы да бір зор абыройға ие болды. Бұл күні «Правда» өзінің коллективтік тілшілері — республикалық «Социалистік Қазақстан», «Қазақстанская правда», «Келік» «Тың өлкесі», «Целинный край» газеттерінің редакциялары ұйымдастырып берген арнаулы бетті жариялады. «Қазақстанның екінші майданы» деген жалпы тақырыппен партиямыздың Орталық органы — «Правда» КПСС ХХІІ съезі мен Орталық Комитет март Пленумының шешімдерін жүзеге асыра отырып, 1962 жылы республика ауыл шаруашылығының еңбеккерлері шыққалы отырған жаңа белестерін жеңінен баяндады.

Совет өкіметі жылдарында Қазақстан баспасөзі күрес пен жеңістің үлкен жолынан өтті. Кәзір республикада қазақ, орыс, корей, ұйғыр, өзбек тілдерінде 350 газет пен журнал шығады. Олардың біржолғы тиражы 2,5 миллион данадан асады. Орталық газеттер мен журналдарды қоса есептегенде, Қазақстан еңбекшілері жылына 6 миллион данадан аса әртүрлі күнделікті баспасөз алдырып оқиды.

Өзінің бастаушысы—«Правдамен» бірге, бүкіл совет баспасөзі кәзіргі кезде КПСС ХХІІ съезі мен Орталық Комитеттің март Пленумының тарихи шешімдерін жүзеге асыруға белсене атсалысуда. Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, коммунистік қоғамдық қатынастарды қалыптастыру, жаңа адамды тәрбиелеу жөніндегі партияның ұлы жоспарлары біздің барлық газеттеріміздің жауапкерлік туына айналды.

Кәзіргі күнде біздің бүкіл баспасөзіміздің алдына қойған міндеті мен мақсаты біреу-ақ. Ол—партиямыздың ХХІІ съезінің тарихи шешімдерін жұрттың көкейіне қондыра насихаттау, еңбекшілерді партия белгілеп берген жоспарларды ойдағыдай жүзеге асыруға жұмылдыру. Қазақстан газеттері мен журналдары өздерінің коллективті үгітші, насихатшы және ұйымдастырушы міндетін нақ осында деп біледі.

Н. С. Хрущев жолдас партияның қолқанаты деп атаған совет журналистері «Правданың» дәстүрлері мен принциптеріне бұдан былай да адал болады, марксизм-ленинизм туын жоғары ұстайды, еліміздегі коммунистік құрылыстың ұлы ісіне өздерінің лайықты үлесін қоса береді.

# Қазақстан өмірі «Правда» бетінде

«Правдадан» Совет Одағының барлық халқы өз өмірі, өз күресі туралы пікірлер естиді, қоғамымыздың дамуына қосқан азды-көпті үлесі туралы әділ бағасын алады. Сондықтан «Правда» Совет Одағындағы ұлттардың бәріне ортақ, бәріне қымбат.

«Правда» — Қазақстан еңбекшілерінің де досы, қамқоршысы. Оның өзінің сонау дүниеге келген күнінен-ақ қазақ еліне, қазақ жеріне назар аударды. Қазақ топырағындағы ауыр өмір, азапты тұрмысты көп алдына көлденең тартқан осы лениндік «Правда» еді.

«Правда» қазақ өмірі туралы 1912—1914 жылдардың өзінде көп жазды. Қазақстан еңбекшілерінің тұрмыс-халін, күнкөріс кәсібін көрсететін хабарларды оның бетінен жиі оқуға болатын еді. 1913 жылғы 1 мартта «Правдада» «684 семьяны жер аудару» деген материал жарияланды. Онда Орынбордың шет аймағында тұратын қала жұмысшыларының мойнында лашықтары тұрған жер үшін төлеуге тиісті 42 мың сом қарыз бар екенін, аштық пен жоқшылықтың кесірінен олардың мұны жеті жыл бойы өтей алмай келгенін, енді соны төлей қоймады деп қала әкімшілігінің 684 семьяны жер аударып жатқанын хабарлады.

Бұл — лениндік «Правданың» қазақ топырағындағы тап теңсіздігіне үстем тап өкілдерінің озбырлығын сол кезде-ақ көре білуінің куәсі.

Газет 1912 жылғы 16 августарғы номерінде мынадай да хабар берген болатын: «Қостанай. Уезд тұрғындарының аздап болса да өнім аламыз деген ақтық үміті үзілді. Шабылған егін жерде жатып өніп барады. Қалған егінді жинауға толассыз жауын мүлде мүмкіндік берер емес». «Правда» газетінің соңғы бетінде Қазақстан өмірінен осындай хабар беріліп келген.

«Правда» 1913 жылғы 23 апрельдегі біржылдық юбилейлік номерінде «Петитті оқындар! Жұмысшы хроникасын оқындар! Одан сізде пролетариат өмірі туралы нағыз шындықты білесіздер», — деп жазды.

«Правда» қазақ сахарасында революциялық қозғалыстың өрісте бастағанын дәлелдейтін материалдар басты. Мысалы, газет 1912 жылғы 29 июньде «Түркстандағы толқу» деген мақала жариялаған. Сонда мынадай жайды айтқан. Лепсі уезіндегі Қарақол болысында сайлау өткізілетін жатқан кезде қазақтар мен патша әскерлерінің арасында қақтығыс болып қалады. Сайлау өткізуге келіп отырған әкімдер патша чиновниктеріне қарсы келгендердің бірнешеуін тұтқынға алады. Сонда бір топ қазақ жігіті уезд начальнигі Абров пен оның қасындағы серіктеріне таппа бас салады. Оларға әкімдер тапаншадан оқ атады. Қазақтар бұған қарамай, әскерлер тобын бұзып жарып барып, қамауға алынған адамдарын босатып алады. Салық жинайтын инспектор мен писарьді өлімге етіп сабап тастайды. Кісі өлімі болады. Толқуды басу үшін әскер шақыртылады.

Тағы бір хабарды алып қарайық. Семиозердағы (кәзіргі Қостанай облысы) орман шаруашылығында қазнаның екі адамын қазақтар өлтіріп кетеді. Өлтіргендердің екеуі ұсталып, қалғандары қашып құтылады.

Осыдан үлкен жанжал шығады. Қарапайым қазақ, орыстар бірігіп Семіозердағы орман шаруашылығы кеңсесіне шабуыл жасайды. Осы үшін Опанасенко деген орыс шаруасы өлім жазасына кесіледі. Ерінің қашып шығуына көмектесу мақсатымен әйелі айдалып бара жатқан Опанасенкоға болат егеу береді. Оны полиция сезіп қойып, әйелді де түрмеге жабады. Осы туралы «Правда» 1912 жылғы 7 июль, 30 август күнгі санында жазды.

Сөйтіп, «Правда» революцияға дейін-ақ езілген қазақ шаруаларының өмірі мен күресінің шежіресі болды, сол кездің өзінде-ақ қазақ халқына деген ықылас-көңілін танытты. Қазақстандықтар да «Правда» шықтығын, оның большевиктік идеясын жақсы түсінді. Олар «Правда» революциялық күресте ақылшы, жетекші тұтты.

«Правда» қазақ еңбекшілерінің ісі, күресі туралы революциядан кейін де үзбей жазды. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ Қазақстандағы жаңалық, өзгерістер туралы, бұрынғыдан да күшейген қиын-тартысы туралы үнемі материалдар беріп отырды. 1918 жылдың 24 апреліндегі номерінде газет қазақтың ұлт буржуазиясы совет өкіметімен бірге келген жақсылық-жаңалықтарға үлкен наразы. Олар жергілікті жердегі совет қызметкерлерін қолға алу үшін алтынды да аяр емес деп жазды.

Газет қазақ халқының азамат соғысында қалай күресіп, революция жеңісі мен совет өкіметін қалай қорғап жатқанын елестетті. Бір жолы ол мынадай хабар берді: «Тұңғыш қазақ большевиктерінің бірі, белгілі партия қызметкері, қырғыз даласының Төтенше комиссары Жанкелдин Қырғыз маңында әскери бөлімдер құрып жатыр» (12 март, 1919 ж.).

Социализм орнату барысында «Правда» қазақ халқының қол жеткен табыстары туралы хабарлар мен мақалаларды жылма-жыл мол жариялай берді. Қазақтың революциядан кейін қайта туған халық еке-рін тарихи фактілермен дәлелдеп халқымызды лениндік партияға, совет үкіметіне; барлық совет ұлттарына сүйіспеншілік рухында тәрбиелеуге күш салды. «Правда» бұрын қырғыз атанып келген халқымыздың «қазақ» деген өз атын тек совет өкіметі тұсында алғанын атап көрсетті. «Қазақ республикасы — Октябрь социалистік революциясының перзенті», «Царизм сенімсіздікпен қазаққа қару ұстатпап еді. Оған қару мен бостандықты, бақытты тұрмысты пролетариат диктатурасы берді» — міне «Правданың» қазақ халқы туралы бір пікірі осындай еді.

«Правда» қазақ халық творчествосының таңдамалы шығармаларын бүкіл Одақ көлеміне танытуға көмектесті. Ол күні бүгінге дейін ұлттық мәдениетіміз бен өнеріміздің қамқоршысы, насихатшысы болып келеді. Қазақ поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаевты дүние жүзіне танытқан да біздің «Правда». Қазақ әні де, қазақ жыры да осы «Правда» арқылы әлем аспанында қалықтады.

1936 жылы Москвада өткізілген қазақ өнерінің бірінші онкүндігі кезінде «Правда» көп ақындарымыздың өлеңін жариялап, талай өнер өрендеріне сөз берді. Олардың суретін басып, халық таланттарын көтерудің үлгісін көрсетті. Қазақ театр өнерінің халық творчествосына, халықтың ән-күйлеріне сүйенгенін жақсылықтың нышаны деп бағалады.

1936 жылы жаңа Советтік Конституцияның негізінде Қазақ АССР Одақтас республикаға айналды. «Правда» өзінің «Бес жаңа Одақтас Республика» деген бас мақаласында «Бұл — кешегі езілген халықтардың зор үміт артқандық, зор сенім білдіргендік. Бұл үлкен міндеттер жүктейді, заводтар мен фабрикаларды, колхоздар мен совхоздарды өркендеуге беруді, еңбек өнімділігін арттыруды, алынатын өнімдерді молайтуды талап етеді».

Бұл сенім, бұл үмітті Қазақстан еңбекшілері абыроймен ақтады. Кәсіптері және тыңайған жерлерді игеру нәтижесінде Қазақстан елімізге бақытты көп береді. Бұл жөнінде «Правданың» өзі талай рет жазды да.

Өткен жылғы 24 июньдегі бас мақаласында ол «Қазақстан — социалистік ауыл шаруашылығы өте күшті дамыған республика... Ол елімізде жүздеген миллион пұт астық, жүздеген мың тонна ет, сүт береді» жазды. Қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетінің гүлденгенін бейнелейтін мақалаларды да «Правда» беттерінен оқып жүрміз. Мысалы, 1958 жылғы 13 декабрьде «Правда» былай деді: «Бұрынғы ауызекі өлеңнен басқа ешнәрсе білмеген қазақ халқының кәзір ұлттық операсы мен драмасы, би өнері мен кинематографиясы, симфониялық музыкасы мен живописі, графикасы мен скульптурасы бар».

Советтік Қазақстан ғылым, білім саласында да биік белеске көтерілді. Ғылым академиясы, мемлекеттік университет, көптеген ғылыми-зерттеу институттары, жоғары оқу орындары — міне бүгінгі Қазақстанның мәдениетін сипаттайтын көрсеткіштер («Правда», 24 июнь 1961 жыл). Қазақ академигі Қ. Сәтбаевтың есімі «Правда» арқылы бүкіл ғылым дүниесіне танылды. Н. С. Хрущев жолдас Қаныш Имантай ұлы Сәтбаевты Қазақстанның ғана емес, бүкіл Совет Одағының мақтанышы деп жоғары бағалады.

Лениндік «Правда» жалпы Қазақстан туралы ғана емес, қазақ халқының өзі туралы да тамаша пікірлер айтты. Оның ерлік, ізгі қасиеттерін жұртқа кең танытты. Халқымыздың Отанға, партияға деген адалдығы мен сүйіспеншілігін социализм құрылысының әр тұс, әр кезеңінде көрсетіп отырды. Отан тағдыры үшін шайқастарда қазақтың ұл-қыздары ерліктің, қаһармандықтың асқан үлгісін көрсетті. Отан жүрегі — Москваны қорғаудағы 28 батырдың 4-і қазақ еді. Тарихта теңдесі жоқ бұл қаһарлы шайқаста біздің батыр ұлдарымыз Әліпбай Қосаев пен Нұрсұлтан Есболатовтың, Асқар Қожабергенов пен Сенгірбаевтың қаһары орыс қанымен бірге ақты. Ленинград түбінде Сұлтан Баймағамбетов Матросовтың ерлігін қайталады.

1943 жылғы 6 февральдағы бас мақаласында «Правда» былай да жазды: «Қазақ халқы совет адамдарына аса жақын, аса ардақты. Біздің ел қазақтың турашыл, ашық, ерлік жүрегін, оның кішіпейілдігін, оның адалдығын сүйеді... Қазақтар майданда жауға қарсы жақсы соғысады. Тылда олардың әкелері, шешелері, әйелдері майдан үшін аябай еңбек етеді».

«Правда» Қазақстан еңбекшілерінің тылдағы ересен еңбегін де патшалық етті. Соғыс кезінде ол «Гитлершілдерді қирата жойып жатқан әрбір снарядта қазақ табиғатының бөлігі, қазақ еңбегінің үлесі бар. Түсті металдар — Қазақстанның Отан қорғау ісіне қосқан қымбат үлесі... Қазақ халқы Армияға астығын да, еті мен жүнін де көп беруде» деді жазды.

Тағы бірде газет былай деді: «Қазақстан өз жерінің байлығымен тауларының барлық асыл кенімен майданға қуатты тірек болып отыр. Оның жері дарқан байлық қоймасы, оның даласында мыңғырған маңғаз жатыр».

«Правда» қазақстандықтардың табысын ғана мадақтап, насихаттап қойған жоқ. Сонымен бірге ол біздің жұмысымыздағы олқылықтар мен кемшіліктерді қатал сынады, оны жоюдың жолдарын көрсетіп берді. Ол қазақ халқының өткендегі тарихын, бостандық жолындағы күрес бұрмалаушылықты айыптады.

Қазақстан еңбекшілері лениндік «Правданың» осындай еңбегі мен қамқорлығына риза еді. Олар «Правданы» алғашқы шыққан жылында ақ күшпен қарсы алды. Оны қолдан-қолға тигізбей оқыды. Газеттің материалдық жағынан қолдау ісіне белсене ат салысты. Оған дәлел ретінде мынаны айтқан жөн. 1913 жылы августта Түркстан жұмысшылары «Газетіміздің қаржы қорын молайту үшін қолдан келген көмегімізді береміз. Біздің бұл тиын-тебеніміз сүйікті газетіміз арқылы жұмысшы»



ардың бірігуіне пайда келтірер деп сенеміз» деп «Правдаға» жазған. Сол сияқты 1914 жылы мартта «Путь Правды» Ташкенттік 78 жұмысшының 22 сом қаржы жинап жібергенін хабарлаған.

Жақында «Правда» газетінің елу жылдығына байланысты жіберген құттықтауында Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті былай деп жазды: «Қазақстанның Коммунистік партиясы мен барлық қосылғыштері қазақ халқының және республиканы мекендеп отырған басқа да халықтардың революциялық сана-сезімін оятуда, Қазақстан Совет өкіметін қалыптастырып, нығайтуда, қазақ даласының бейнесін социалистік жолмен өзгертуде «Правданың» атқарған ролін жоғары бағалайды».

«Правданың» 50 жылдық тойы күні қазақ халқы лениндік партияға, ЦК Орталық Комитетіне, оның Орталық органы — «Правда» газетіне үлкен алғыс сезімін білдірді, оны келешекте де өзіне ұстаз, дос, бағашыр қамқоршы санайды.

**Т. ҚОЖАКЕЕВ,**

филология ғылымының кандидаты.

## Ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа кезеңі

К. ШӘЙМЕРДЕНОВ

Біздің заман — ұлт азаттық қозғалыстың тегеурінді күші зорайып, империализмнің отаршылдық системасы быт-шыты шығып күйреп жатқан заман. Езілген елдердің ұлттық-тәуелсіздік жолындағы күресі ту кәзір жер шарының барлық континенттерінде бірте-бірте желбірей бастады. Сөйтіп отаршылдықтың маскара системасы біздің көз алдымызда күйреуде.

Егер 1919 жылы империалистік мемлекеттердің отарлары мен жартылай отарлары және доминиондары жер шары көлемінің 77,2 процентін, халқының 69,2 процентін қамтыса, 1961 жылы ол едәуір кеміп, жер шары көлемінің 10,5 процентін, халқының 2,8 процентін қамтыды. Әсіресе дүниежүзілік екінші соғыстан бері талай отар империялар күйреп 1,5 миллиардтан астам адам отарлық қанауды бұғауынан шықты. Дүние жүзінің саяси картасында 50 шақты тәуелсіз жас мемлекеттер пайда болды. Олардың халықтары өздерінің дамуындағы жаңа кезеңге аяқ басты. Олар жаңа өмір құрушылар және халықаралық саясатқа белсенді қатысушылар ретінде, империализмді күйретуші революциялық күш ретінде күреске аттанды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының XVI сессиясында Совет Одағы 1962 жылды отаршылдықты толық жою жылы деп жариялауды ұсынған болатын. Бірақ оған отаршыл елдер қарсы шықты. Бұған ашыған халықтар отаршылдарға қарсы қажырлы күресін күшейте түсті. Олар кәзір отаршылдықтың бұғауын бірінен соң бірі бастырылатын үзе бастады. Тек 1961 жылдың ақырғы күндері Португалия империалистері төрт жүз елу жыл бойы отарлап келген Индия жерінен кетуін қуылса, 1962 жылдың бірінші күні Жаңа Зеландияға қамқорлыққа берілген Батыс Самоаның Тынық Мұхит ауданында бірінші болып тәуелсіздікке қолы жетті. Енді Батыс Ирианды Голландия отаршылдарының тепкісінен азат ету мәселесі күн тәртібіне қойылып отыр.

Осы жылғы март айының ішінде француз отаршылдары Швеция царияның Эвиан қаласында Алжирдің тәуелсіз мемлекет ретінде өзін-өзі билеуі туралы Алжир республикасының уақытша үкіметімен келісім жасауға мәжбүр болды. Бұл келісімнің нәтижесінде 7 жылдан астам уақытқа созылған отарлық соғыс аяқталып, Алжир халқы тарихи маңызы зор жеңіске ие болды.

Н. С. Хрущев жолдастың Алжир республикасы Уақытша үкіметінің председателі Бен Юсеф Бен Хедда мырзаға жолдаған телеграммасында атап көрсеткеніндей, «Алжир халқы отаршыларға қарсы қаһармандық күресімен отаршылдықты жоюдың және отар елдер мен халықтарға тәуелсіздік беру туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімін орындаудың ортақ ісіне аса көрнекті үлес қосты». Сонымен қатар бұл жеңіс тарихтың барысын кері бұруға болмайтынын, отаршылдықтың сөзсіз күйрейтінін, оны толық және түпкілікті жоюға ешқандай күштің, ешбір айла-әрекеттің төтеп бере алмайтынын дәлелдеді.

Қорытып айтқанда, барлық отаршылдар жан сауғалап, өмірін зарту үшін қаншама әрекеттенсе де дәурені өткен отаршылдық тәртіпті сақтай алмайды. Партиямыздың XXII съезінде жасаған есепті бағамасында Н. С. Хрущев жолдас атап көрсеткендей, «Қазіргі ғасырдың алпысыншы жылдары тарихтан империализмнің отаршылдық системасының толық күйреген жылдары болып орын алмақ».

Капитализмнің жалпы дағдарысының белесті кезеңдеріне сәйкес, отарлық системаның күйреу процесі де екі кезеңнен өтіп, міне, енді жаңа кезеңге аяқ басып отыр.

Бірінші кезең дүниежүзілік екінші соғыс жылдары және соғыстан кейінгі алғашқы он жылды қамтиды. Оның өзі капитализмнің жалпы дағдарысының екінші кезеңіне сәйкес келеді. Бұл бірінші кезеңнің негізгі белгілері мынадай: Азиядағы отарлар мен жартылай отар елдердің азаттыққа қолы жетіп, Қытай, Индия, Индонезия, Бирма халықтары өзінің тәуелсіз мемлекетін құрды. Көптеген елдерде ұлттық азаттыққа империализм мен ішкі реакциялық күштерге қарсы (Қытайда, Индияда, Үнді Қытай елдерінде, Филиппинде) қарулы күрес жүргізу арқылы қолы жетті. Ал империалистер бұл елдерде отарлық системаны ыдырауын күшпен тоқтатуға, тіпті отарлық тәртіпті соғыс арқылы қайтадан орнатуға әрекеттенді. Мәселен, империалистердің Солтүстік Азияға жасаған интервенциясы, Үнді Қытай халқына қарсы жүргізілген ұзақ соғыстар, Англия мен Францияның және Израильдің Египетке қарсы агрессиясы осыны дәлелдейді. Бұл кезеңдегі азаттыққа қолы жеткен халықтар империализмге қарсы күресте ұйымдасып, халықаралық аренада ынтымағын нығайта түсті.

Бұл бірінші кезеңді «Азиялық» кезең деп айтуға болады. Өйткені Азия құрылығында отарлық бұғауды сыпырып тастаған 15 тәуелсіз мемлекет пайда болды. Олар өздерінің еркін ұлттық тұрмысын жақсарту, экономикасын дамытып, мәдениетін гүлдендіру, халықтар арасында баянды бейбітшілік орнату мәселелерін шешуге белсене кірісті. Мұның өзі данышпан көсеміміз В. И. Лениннің: «Қазіргі революцияда Шығыстың ояну дәуірінен кейін... бүкіл дүние жүзінің тағдырын шешуге Шығыстың барлық халқының қатысу дәуірі басталады. Шығыстың халықтары практика жүзінде қимыл жасайтын болып және әрбір халық бүкіл адамзаттың тағдыры туралы мәселені шешетін болып, оянып келеді» деген көрегендік сөздерін дәлелдеуде (Шығармалар, 30-том, 146-бет).

Елуінші жылдардың орта шенінде дүниежүзілік капитализмнің жалпы дағдарысының жаңа, үшінші кезеңі басталды. Партия Программасында атап көрсетілгендей, бұл жаңа кезеңнің аса маңызды ерекшелігі мынада: ол дүниежүзілік соғысқа байланыссыз-ақ өріс алды.

Бұл кезеңнің негізгі белгілері мынадай: отаршылдық системаның ыдырауы қамалы — Африка халықтары құлдықтан құтыла бастады. Африка халықтарының оянуы біздің заманымыздың тамаша құбылыстарының бірі болды. Бұдан бес жыл ғана бұрын бұл алып континент көлемінің басым бөлігі Англия, Франция, Португалия, Бельгия империалистерінің отарлары болса, ал тәуелсіз мемлекеттер мұнда шағын арал сияқты болып көрінсе, кәзір ондағы жағдай мүлдем өзгерді. Бұл кезде Африканың жерінің 80 проценті, халқының 75 проценті тәуелсіз 30 мемлекеттің қарамағында болып отыр. Енді Африканың барлық халқы дербес мемлекет болатын күн алыс емес.

Осы кезеңде американимперализмге қарсы белсенді күрес жүргізетін тағы бір майдан — Латын Америкасы майданы қалыптасты. Мұндағы ұлт азаттық қозғалысының күші тез еселеп ұлғайды. Латын

Америкасының бірқатар елдерінде азаттық күрестің қайнаған толқыны диктаторлық тәртіптерді жойды. Бұл кезеңнің бір ерекшелігі сол, кездегі отар елдердің халықтары тәуелсіздікке негізінен бейбітшілік жағдайдағы күрестің нәтижесінде жетті. Сонымен қатар жаңа құрылған дербес мемлекеттер тек саяси тәуелсіздік алып қана қоймай, шетел монополияларынан тәуелсіз экономика құру үшін батыл күрес жүргізді. Ал дүниежүзілік социализм системасының өмір сүруі және империализмнің әлсіреуі азаттық алған бұл елдердің халықтарына ұлттық қайта көркею, ғасырлар бойы артта қалушылық пен қайыршылықты жою экономикалық тәуелсіздікке жету жолдарын көрсетіп отыр.

Ұлт азаттық қозғалыстағы жаңа кезеңнің ендігі бір ерекшелігі Азия, Африка, Латын Америкасы, яғни үш континент халықтарының бірлесіп, ынтымақпен күреске шығуында болып отыр. Сондықтан да ұлт азаттық күрестің тегеуріні күшейе түсіп, отарлық системаны қатты әлсіретті. Енді империалистер азаттықты талап еткен халықтарға қарсы көптеген майданда қарулы күш жұмсап, соғыс ашуға мұршасы келмейді. Осындай жағдайда олар халықтарға «өз еркімен» бостандық беруге мәжбүр болды. Соңғы кезде Африка халықтарының басым көпшілігінің қару жұмсамай-ақ тәуелсіз мемлекет құрғаны осыны дәлелдейді. Бұдан, әрине, отаршыл елдер бұдан былай езілген халықтарға қарсы қарулы күш қолданудан мүлдем бас тартады деген қорытынды шықпауы керек.

Империализм өз орнын ешкімге еркімен босата қоймайды. Тек ұлт азаттық қозғалыстың қуатты тасқыны ғана отаршылдықтың бұғауын талқандап, езілген халықтарды азаттық жолына шығарады. Қауіпсіз күйреген отарлық системасының кәзір толық жойылатын кезеңі басталды. Бұл кезеңнің өзгешелігі сол, ол дүниежүзілік социалистік системаның құрылуымен байланысты болып отыр. Олай дейтініміз, социализм системасының пайда болып, нығаюы езілген халықтардың азат болу заманының басталуын бейнеледі. Дәлірек айтқанда, социалистік лагерьдің шешуші күшке айналуы отаршылдық системаны бүкіл әлемде мәңгібақи құрту талабын іске асыруға жағдай жасады. «Егер империализм, — делінген жаңа Программда, — халықтардың көпшілігінің ұлттық тәуелсіздігі мен бостандығын басып-жаныштап, оларды қатал отаршылдық құлдықтың бұғауымен шырмап тастаған болса, социализмнің дүниеге келуі езілген халықтарды азат ету дәуірінің басталғаны болып табылады».

Империализмнің отарлық системасына алғашқы рет соққы берген күш — Ұлы Октябрь социалистік революциясы. Өз өмірінің алғашқы күндерінен бастап-ақ жас Совет мемлекеті барлық ұлттардың өзін өз билеу правосын жариялап, оны іске асыру жолындағы күреске белсенді көмектесіп, дем беруші болды. Ал дүниежүзілік социалистік системаның құрылуы отарлық системаның дағдарысын бұрынғыдан да тереңдетте түсті. Социализмнің қуатты лагері тұрғанда империалистер қаниетті жаңталасқанмен отаршылдық тәртіпті сақтай алмайтынын көріп отыр. Сонымен қатар жылдан жылға тез өрістеп Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінде кең құлаш жайған ұлт азаттық қозғалыс империализмді мейлінше әлсіретті, сөйтіп социализмнің империализмге қарсы күресіндегі күшіне күш қосты. В. И. Лениннің 1919 жылы көрегендігімен: «Социалистік революция тек қана және ең алдымен революцияшыл пролетарлардың әрбір елде өз буржуазиясына қарсы күресі болып қана қоймайды, — жоқ, ол империализмнен езілген барлық ел мен отардың, барлық тәуелді елдің халықаралық империализмге қарсы күресі болады» деген данышпандық сөздері іс жүзінде дәлелденуі (Шығармалар, 30-том, 145-бет).

Дүниежүзілік социалистік система елдері отарлық құлдықтан азат болған халықтардың сенімді досы, олардың тәуелсіздігін қорғап, нығайтудың

қайтудың негізгі факторы болып отыр. Социализм күштерінің айбарлы өскертуі Англия — Франция—Израиль империалистерінің 1956 жылғы шпепетке қарсы соғысын сәтсіздікке ұшыратты, империализмнің 1957 жылы Сирия республикасына қарсы қоканлоққы әрекеттерін бұзды, 1958 жылы июльде Иракта ұлттық-демократиялық революцияның жеңуімен байланысты империалистік күштердің ескі тәртіпті қайта орнатуға жасаған озбырлық әрекеттерін талқандады. Сол сияқты өткен жылғы апрель айында Куба жеріне басып кірген бүлікшілер 72 сағатқа жетпейтін қысқа мерзімде талқандалды. Американдық империализмнің Куба революциясын тұншықтыруға бағытталған соңғы кездегі барлық әрекетінің іске аспай отыруы да, әрине, социалистік күштер мен бейбітшілік сүйгіш халықтардың табанды күресінің нәтижесі.

Бұл мысалдар империалистердің бір кездегі ойына келгенін істеп, халықтардың азаттық жолындағы күресін найзаның ұшымен, оқтын оқпен басып-жаншып келген дәуірі келмеске кеткенін дәлелдейді. Қандай да болса елдің, — деді Н. С. Хрущев жолдас XXII съезде жасаған есепті баяндамасында, — күреске көтерілген халқы енді дүниежүзілік империализмге қарсы күресте жекпе-жек қалып қоймайды. Оны моральдық және материалдық жағынан пәрменділікпен қолдау үшін не қажеттің бәрі бар қуатты халықаралық күштер жақтайды».

Ұлт азаттық қозғалыстың жаңа кезеңінің енді бір ерекшелігі — азаттық алған халықтардың шетел монополияларының ықпалынан құтылып, экономикалық тәуелсіздікке жету үшін белсене күрес жүргізгенінде. Бұл халықтар тек экономикалық дербестікке жету жолымен ғана, әлеуметтік өзгерістерді батыл жасау жолымен ғана жеңіп алынған саяси бостандықтарды баянды етуге болатынын жақсы біледі. Өйткені ұлт азаттық революция саяси тәуелсіздікті жеңіп алумен бітпейді. Егер мұндай революция әлеуметтік және экономикалық өмірде әрең өзгерістер жасауға жеткізбейтін болса, ұлттық қайта көркеюдің жолына жеткен міндеттерін шешпейтін болса, онда бұл тәуелсіздік әлсіз болады және жалған тәуелсіздікке айналады.

Бұл жөнінде В. И. Ленин былай деп атап көрсеткен болатын: буржуазияның идеологтары әдетте «Ұлттық азаттық туралы әңгіме қылады да, экономикалық азаттықты көлеңкеде қалдырып қояды. Ал шынына келгенде бастысы нақ осы соңғы мәселе» (Шығармалар, 18-том, 407-бет). Сондықтан да саяси тәуелсіздік алған мемлекеттердің енді экономикалық азаттық алу үшін күресі, әсіресе кәзір ұлт азаттық қозғалыстың жаңа кезеңінде кеңінен өрістеп отыр.

Оның себебі, империалистік жыртқыштар экономикасы нашар дамыған мемлекеттердің тізгінін қайткен күнде де өз қолдарында ұстауға тырысуда. Олар қолдарынан келсе бұл елдерді өз өнеркәсібінің аграрлық шикізат базасы ретінде «дүниежүзілік деревня» жағдайында қалдырғысы келеді. Осы мақсатпен олар Азия, Африка, Латын Америкаларының толық тәуелсіздігіне, экономикалық дербестігіне қарсы нешетүрлі амал-айла жасауда.

«Империалистер, — делінген партия Программасында, — азаттық алған елдерді өзінің билігінде ұстау үшін олардың жеңіп алған тәуелсіздігін формальді ету немесе бұл елдердің тәуелсіздігін жою үшін барлық құралдарды (отаршылдық соғысты, соғыс блоктарын, застандықты, террорды, бүлдіру әрекеттерін, экономикалық қысым жасауды, сатып алушылықты) пайдаланады. Олар «көмек көрсету» деген желеумен бұл елдерде бұрынғы позицияларын сақтауға және жаңа позицияларға ие болуға, өзінің әлеуметтік тіректерін кеңейте түсуге, ұлттық буржуазияны өзінің жағына тартуға, әскери-өктемдік тәртіптер орнатуға, өкімет басына өздерін құлдық ұрып тындайтын қолжаулықтарын қоюға тырысады».

Отаршылдық тәртіптің түбірімен жойылуының кәзіргі ақырғы кезе-

інде осызаманғы отаршылдықтың басты тірегі болып отырған Америка Құрама Штаттарының империализмі азаттық алған халықтардың нағыз қас дұшпаны екенін көрсетіп отыр. Империализмнің жалдамалы отаршыларының Америка Құрама Штаттары отаршыл елдердің қатарына қосылмайды деген жалған лақап таратып жүргені белгілі. Бірақ фактілер бұл лақапты жоққа шығарады. Американ империализмі қанды жорық арқылы соңғы 75 жылдың ішінде 3 миллион шаршы миль бай жерді өзіне қаратқан. Қазірдің өзінде ол Пуэрто-Рико, Виргинск, Гуам, Шығыс Самоа, Гавай аралдарын, Панама каналы аймағын, Алясканы отарлап отыр. Дүниежүзілік екінші соғыстан кейін Біріккен Ұлттар Ұйымы АҚШ-тың билігіне «қамқорлық» жасауы үшін Каролинск, Марианск, Маршалл аралдарын берген болатын. Қазір ол бұл жерлерде өзінің соғыс базаларын орналастырып, қожалығын жүргізуде.

Мұнымен қатар АҚШ империалистері Латын Америкасында 20 елді де өзінің айтқанына көндіріп, олардың экономикасын өз экономикасына бағындырып келеді. Сөйтіп, бұл елдердің өркендеуін тежеп, мол байлығын сүліктей соруда және оларды халықаралық мәселелер жөніндегі таласта қолшоқпар етуде.

Бірақ кәзіргі кезде дүниежүзілік социалистік система нығайып, заманымыздың шешуші факторына айналуына байланысты жағдай мүлдем өзгере бастады. Кубадағы халықтық революцияның жеңісі, оның аз уақыттағы орасан зор табыстары Латын Америкасының халықтары үшін тамаша өнеге болып отыр. Куба революциясының әсерімен Латын Америкасы халықтары арасында да АҚШ-қа қарсы наразылық барған сайын күшейе түсуде.

Америка Құрама Штаттарының Африкада да отаршылдықтың басты тірегі болып отырғаны мәлім. Конгодағы сойқан АҚШ империалистерінің өз құлқынын көздеген қанқұйлы жоспарының бір тармағы екені кәзір әбден әшкереленді. АҚШ империалистері Францияның отаршылдық соғыстарына да дем беріп, үлкен көмек көрсетіп келеді.

Бұл фактілер империалистік державалардың әбден тозығы жеткен қаусаған отарлық системаны сақтап қалу үшін енді жаңа әдіс қолданып, АҚШ бастаған коллективті отаршылдық орнатпақшы болып отырғанын көрсетеді. Егер НАТО, СЕАТО, СЕНТО соғыс одақтарына мүше империалистік державалар бірін бірі қолдап, бірлесе әрекет жасамаса, Алжирдағы соғыс осынша созылмас еді, Анголада америка қаруларымен жарақтанған Португалия баскесерлерінің қолынан 50 мыңнан аса адам қырылмай, Ангола патриоттары бостандыққа жетер еді. Сол сияқты Конгода, Лаоста, Оңтүстік Вьетнамда реакцияшыл күштер әлдеқашан талқандалып, бұлардағы халық өз тәуелсіздігі мен бостандығына ие болар еді.

Отарлық системаны сақтап, нығайту үшін, экономикасы нашар дамыған елдерді өз ықпалында ұстау үшін отаршыл державалар, алдымен Құрама Штаттар «экономикалық көмек» дейтін әдісті кеңінен пайдаланып отырғаны көпке белгілі. Шын мәнісінде АҚШ-тың бұл «көмегінің» өзі бүркемеленген соғыс көмегі болып жүр. Экономикасы нашар елдерге американдық «көмек» дегеннің не екенін мына мысалдан айқын аңғаруға болады. Тек 1950—1958 жылдары ғана АҚШ монополиялары Азия, Африка және Латын Америкасы елдеріне шығарып отырған капиталын 4,1 миллиард долларға көбейтті, ал осы уақыттың ішінде олар 11,3 миллиард доллар таза пайдаға ие болды. Демек, отаршылдар «көмек» ретінде доллар береді де көмек алған халықтардың аяусыз қанайды, сөйтіп бір доллардың есесіне 10 доллар алады.

Бірақ отаршылдықтың күні қараң, келешегі жоқ екені анық. Кәзіргі кезеңде азаттық алған елдер өзінің экономикалық дербестігі үшін, ғасырлар бойы артта қалушылықты жою үшін күресті күшейтуде.

Олар социалистік елдерден үлгі алып, көп салалы ұлттық экономика құруды, ауыр өнеркәсіпті дамытуды, социалистік мемлекеттермен экономикалық байланысты кеңейтуді, өз экономикасындағы шетел капиталының ықпалын жоюды өздерінің алдына басты міндет етіп қойып отыр.

Азаттық алған елдер экономикалық тәуелсіздік жолындағы бұл күресте дүниежүзілік социалистік система елдеріне сүйене алады. Өйткені социалистік елдер халықтардың ұлттық тәуелсіздік пен прогресс жолындағы күресін үнемі қолдап, оған моральдық және материалдық көмек көрсетіп отыр. Ал социалистік мемлекеттердің нашар өркендеген елдерге берген көмегі бұл елдердің ұлттық мүдделеріне толық сай келеді. Сонымен қатар олардың ұлттық еркіндігіне нұқсан келтірмейді және экономикалық жағынан өте тиімді келеді. Мәселен, Совет Одағы экономикасы нашар дамыған елдерге 2,5 миллиард сомнан асатын қысқа мерзімді қарыз берді. Бұл советтік қарыз империалистік елдер қарызына қарағанда 2—3 есе кем өсім процентімен беріліп жүр және ол индустрияландырудың негізі болып табылатын кәсіпорындар салуға жұмсалып отыр.

Кәзір Совет Одағының көмегімен Азия мен Африканың жас мемлекеттерінде 400-дей ірі кәсіпорын салынып жатыр. Олардың ішінде металлургия заводтары, электр станциялар, автомобиль және шина за-водтары, гидротехникалық құрылыстар, плотиналар, кендер, химия мен ауыл шаруашылығы өнеркәсіп орындары бар. Олардың кейбіреулері кәзірдің өзінде іске қосылды. Бұл елдермен сауда қарым-қатынасы жылдан-жылға арта түсуде, ол кәзір 1955 жылмен салыстырғанда 4 есе өсті. Совет Одағы мен кенже өркендеген елдер арасындағы осылай қалыптасқан қарым-қатынас бұл елдердің экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етті және олардың халықаралық аренадағы позициясын нығайта түсті.

Дүниежүзілік социалистік системаның қуатты көмегі азаттық алған халықтарға ұлттық гүлденудің, ғасырлар бойғы мешеулікті жоюдың, экономикалық толық тәуелсіздікке ие болудың жарқын болашағын ашып отыр.

Н. С. Хрущев жолдас партияның XXII съезінде: «Біз жат ел тепкісін біржола жоюға халықтардың даусыз правосы бар деп санаймыз және олардың әділ күресін қолдап отырамыз. Отаршылдықтың күні санаулы, ол жермен жексен етіледі. Халықтардың қалайтыны осы, тағдырдың барысы осындай» — деп мәлімдеген еді. Солай болады да. Кер бетінде отаршылдыққа енді орын жоқ екені анық.

# Партия тұрмысы

## Бастауыш ұйым—бұқараның жетекшісі

К. МЕНДІБАЕВ,

ҚКП Орталық Комитетінің партия органдары бөлімі  
менгерушісінің орынбасары

Бүкіл совет халқы партияның Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерін зор қанағаттанғандықпен қарсы алып, оны жүзеге асыру жолында қажырлы еңбек етуде. Пленум партияның XXII съезінің шешімдеріне сай ауыл шаруашылығын онан әрі шұғыл көтеру жөніндегі нақты міндеттерді белгілеп берді. Партия белгілеген бұл міндеттердің орындалуы совет адамдарының тұрмысын жақсартта беру, бұл үшін ауылшаруашылық өнімдерін: астықты, етті, сүтті, мақтаны, қантты және басқа өнімдерді молайта беру мақсатын көзде отыр.

Ауыл шаруашылығын үрдіс өрге бастыру жөніндегі міндеттер толық орындау үшін колхоздар мен совхоздарға басшылықты жақсартта беру керек деп көрсетті партияның Орталық Комитетінің март Пленумы. Өйткені, кәзір қысқа мерзімнің ішінде ауылшаруашылық өнімдерінің молшылығын жасау үшін колхоздар мен совхоздарда бай мүмкіндіктер бар. Ол мүмкіндіктерді жүзеге асыру алдымен басшылықтың, ұйымдастыру жұмысының дәрежесіне байланысты.

Колхоз, совхоз өндірісіне басшылықты жақсартта түсіп, олардың алдына қойылған зор міндетті жүзеге асыруда бастауыш партия ұйымдарының ролі айрықша зор. Бастауыш ұйымдар — партияның негізі, олар халықтың қалың ортасында жұмыс істейді. Партия өзінің саясатын солар арқылы іске асырады. Шаруашылық және мәдени құрылыстың алуан түрлі, нағыз көкейтесті мәселелері нақ осы бастауыш ұйымдарда шешіледі. Біздің барлық ісіміздің табысты болуы партияның төменгі буындарының ұйымдастыру және саяси жұмысының дәрежесіне байланысты, — деп көрсетті Н. С. Хрущев жолдас партияның XXII съезінде жасаған баяндамасында.

Барлық колхоз бен совхозда партия ұйымдары кәзір едәуір нығайды. Көптеген шаруашылықта партия комитеттері жұмыс істейді. Мысалы, республикада 1959 жылы 27 ғана партия комитеті болса, биылғы жылдың басындағы есеп бойынша колхоздар мен совхоздарда 476 партия комитеті бар. Әрбір шаруашылықтағы істің жағдайы, өндірістік табыстардың дәрежесі ондағы партия ұйымының іскерлігі мен талабына байланысты екенін өмір көрсетіп отыр.

Ауыл-селодағы бастауыш партия ұйымдары өз жұмысын колхоз, совхоз өндірісін жанжақты өркендету мақсатында жүргізеді. Кәзір бастауыш партия ұйымдары жұмысының шешуші мәселелерін КПСС Орталық Комитетінің март Пленумы айқын көрсетіп берді. Олар — ауыл шаруашылығында материалдық ынталандыру принциптерін татқандылықпен жүзеге асыру, колхоздар мен совхоздарды маман кадрлармен нығайту, колхоздарда жосларлаудың жаңа тәртібін енгізу, ауыл шаруашылығын жаңа техникамен қаруландырып, оның пайдаланылуын жақсарту, колхоз және совхоз өндірісіне ғылым жетістіктері мен озат тәжірибені кеңінен пайдалану.

Кәзір әрбір колхоз-совхоз өндірістік басқармасының жанында қарамағында бір топ нұсқаушылары бар партия ұйымдастырушылары



мысқа кірісті. Бастауыш партия ұйымдары ендігі жерде солардың негізіне сүйене отырып, ауыл-селолық жерде партиялық-ұйымдастыру жұмысына саяси жұмыстың дәрежесін арттыра түседі. Партия ұйымдастырушылары аудандық партия комитеттерімен бірге колхоз және совхоз бастауыш партия ұйымдарының ролі мен жауапкершілігін арттыра береді, ауылшаруашылық өнімдерін молайтуды қамтамасыз етуге міндетті.

Партия ұйымдарының алдындағы басты міндеттер — совхоз жұмысшыларының, колхозшылардың, мамандардың инициативасы мен белсенділігін күшейту, социалистік жарысты өрістетуге, еңбектің жаңа, коммунистік өркендерінің кең жайылуына жол ашу, озат тәжірибені таратып, кеңінен тарату.

Біздің партия әрдайым бастауыш ұйымдар арқылы еңбекшілер арасымен тығыз байланыс жасай отырып, дүниежүзілік тарихи маңызы бар зор жеңістерге жетіп келеді. Қезінде ұлы көсеміміз В. И. Ленин «Біздің жетістіктеріміздің бәрі дүние жүзіндегі ең тамаша күш — жұмысшылар мен шаруалардың күшіне сүйеніп отырғанымызды білеті» (Шығармалар, 33-том, 105-бет) деп көрсеткен еді. Партия біздің көсеміміздің өсиетін мүлтіксіз орындай отырып, халық бұқарасымен тығыз байланысын нығайта түсті. Партияның күші — оның халықпен тығыз байланысында.

Коммунистердің халыққа партияның саясатын үнемі және шыдамдылықпен түсіндіре отырып, сонымен бірге олардың халықтан үйренген, бұқараның таланты мен жігері туғызған барлық жаңаны, озаттыққа жетудің жолдарын, бұқараның ұсыныстары мен сын ескертпелерін мұқият зерттеп, жүзеге асырып отыруын талап етеді партия.

Өз жұмысында елеулі табысқа жеткен қай партия ұйымының тәжірибесін алып қарасаң да, олардың ең алдымен еңбекшілер бұқарасымен тығыз байланысты екеніне көзің жетеді. Өйткені қандай істің жеңісі тағдыры — еңбекшілердің қолында. Партия ұйымдары алдындағы міндеттің маңызын бұқараға түсіндіріп, олардың сол міндетті орындауға деген жігерін тасыта білсе, алынбайтын қамал жоқ. Бұл жерде Солтүстік Қазақстан облысындағы «Мамлют» совхозы партия ұйымының жұмысын мысалға келтіруге болады. Совхоз партия ұйымы, оның ішінде коммунистер ең алдымен озат тәжірибені кең қолдануға, бұқараның инициативасын арттыруға көңіл бөледі. Мұнда жоспар мен міндеттен тыс орындалған міндеттеменің орындалуына әрбір адам өзінің жауапкершілігін терең сезінеді. Соңғы бірнеше жылдың ішінде совхоз орта есеппен әр гектардан 20 центнерден өнім алып келеді. Өткен жылы бұл коллектив 470 мың сом таза пайда келтірді. Мемлекетке асық және мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жөніндегі міндеттерін асыра орындады.

Целиноград облысының «Самарский» совхозының партия ұйымы (секретары В. Чепраков жолдас) бұқара арасында жалынды ұйымдастыру жұмысын жүргізіп келеді. Партия ұйымында 77 коммунист бар, олардың барлығы да совхоз өндірісінің шешуші буындарында жұмыс істейді. Мысалы, бес коммунист механизатор, тоғыз коммунист мал шаруашылығында, он коммунист мал шаруашылығында, бес коммунист құрылыста, алты коммунист товарлы-сүт фермасында және бір коммунист шешуші жұмыстарда істейді. Коммунистерді осылайша орналастырудың өзі партия ұйымына совхоз өндірісіне шешуші ықпал жасап отыруға мүмкіндік туғызған. Совхоз коммунистері шаруашылықты дамытуға мүмкіндік туғызудың, озат тәжірибені енгізудің, социалистік жарысты өрістетудің мәселелерін жиі-жиі бас қосып талқылап, тиісті шаралар қабылдап отырады.

Совхозда партия бюросының инициативасы бойынша ұйымдасты-

рылған озат тәжірибені тарату мектебі тыңғылықты жұмыс істеп келеді. Бұл мектеп совхоздың озат шопандары Әмзиннің және Есмағамбетовтың, комбайншылар Стипасюк, Лысенко, Василенко және басқаларының тәжірибесін қорытып таратты. Совхозда ауылшаруашылық білімдерін тарататын қоғамдық университет жұмыс істейді. Оның мал шаруашылығы, егін шаруашылығы және механикаландыру факультеттері бар.

Міне, осылардың көмегімен совхоз өндірісінде ғылым жаңалықтары мен озат тәжірибе іс жүзінде пайдаланылып келеді. Өткен жылы совхоз дикандары 27 мың гектар егіннен орта есеппен 10,1 центнерден өнім жинады. Осымен бірге астықтың түсер құны едәуір төмендетілді. Биыл совхоз коллективі 2 миллион пұт астық жинау үшін күресуде.

Бұл күндері совхоз партия ұйымы алған міндеттемені орындау жолындағы ұйымдастыру жұмысын ширата түсті. Қазір колхоз жұмысшылары жаппай механизатор мамандықтарын меңгеруді қолға алды. Механизатор әйелдердің саны артты. Ендігі жерде совхоз барлық жұмысты шеттен механизаторлар шақырмай өз күшімен атқарып отыра береді. Қазір совхоздың барлық бригадасында механикаландырылған отрядтар құрылып, оларға тиісті техника және егіс учаскелері бекітіліп берілді.

Алайда, бізде колхоз-совхоз өндірісіне тиісті ықпал жасай алмай отырған партия ұйымдары да аз емес. Әсіресе, бірсыпыра партия ұйымдары озат тәжірибенің өндіріске енгізілуіне, ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің социалистік жарысын өрістетуге немқұрайды қарайды.

Партияның Орталық Комитетінің март Пленумының шешімдерінде: озат тәжірибені зерттеп, өндіріске енгізуді әркімнің ерікті ісі деп қарауға болмайды. Бұл әрбір басшының, маманның, коммунистің, комсомолецтің бірінші борышы деп көрсетілді.

Партия ұйымдары озат тәжірибені зерттеп таратуды өзінің бүкіл ұйымдастыру жұмысының өзегі етіп қойып, бұл жөнінде ауыл шаруашылығы мамандарының ролін көтере беруге тиіс. Өйткені, егін шаруашылығы мен мал шаруашылығын шапшаң қарқынмен өркендетуді партия белгілеп отырған дәрежесіне ғылым жетістіктері мен еңбектің озат әдістерін кеңінен қолданбайынша жету мүмкін емес.

Қазір ауыл-селодағы әрбір коммунистен еңбекке коммунистік көзқарастың үлгісін көрсету, еңбек өнімділігін үнемі арттыру, барлық жаңаны, озатты қолдап, таратып отыру, техниканы меңгеру, қоғамдық меншікті көздің қарашығындай сақтау талап етіледі. Бастауыш партия ұйымдары коммунистерді осы талаптардың негізінде тәрбиелеуге тиіс.

Осы тұрғыдан коммунисті жұмыстың қандай учаскесіне қоюды ерекше маңызы бар. Еңбекшілер бұқарасы коммунистерді еңбек пен күрестің ең қиын учаскесінен көріп, жұмыста да, тұрмыста да солардан үлгі алады. Сондықтан да ауыл-село коммунистері еңбекшілер бұқарасының сеніміне, сый-құрметіне бөленген.

Ауыл-селодағы коммунистердің көпшілігі-ақ ауыл шаруашылығы өндірісінің шешуші учаскелерінде жұмыс істейді. Осыған қарамай, әде болса кейбір колхоздар мен совхоздардың партия ұйымдары коммунистерді өндірістің шешуші учаскелеріне қойып, олардың авангардтық ролін арттыруға жеткілікті көңіл бөлмейді. Мысалы, Жамбыл облысының Фурманов қой совхозында партия ұйымында есепте тұратын жүз коммунистің 36-сы ғана мал шаруашылығында жұмыс істейді, осы облыстағы «Далақайнар» совхозында 78 коммунистен 9 адам ғана шопан және бақташы болып жұмыс істейді. Арыс ауданының «Коммунизм» колхозында 52 коммунист болса, 6 адам ғана мал шаруашылығында, оның екеуі ғана шопан болып жұмыс істейді. Бұл колхоз басқа түліктерді былай қойғанда 30 мыңнан астам қой бар. Осыны е

керсек, партия ұйымының коммунистерді жұмыстың шешуші учаскелеріне қою, олардың авангардтық ролін арттыру жөнінде ешқандай шырша қолданбай отырғанын көру қиын емес.

Қолхоздар мен совхоздарда коммунистер егін шаруашылығы мен мал шаруашылығында істің тағдыры шешілетін жерлерге қойылуға тиіс. Міне сонда ғана партия ұйымдары шаруашылықтың барлық саласына бірдей өтімді ықпал жасап, артта қалған учаскелерді озаттар қатарына теңей алады.

Соңғы кезде колхоз және совхоз партия ұйымдарында да партия жұмысында қоғамдық негіздегі бастамалар өрістей түсті. Бұл бастамаларды шебер пайдаланып, бағыттай алған жерде бастауыш партия ұйымдары коммунистердің белсенділігін едәуір арттырды. Қолхоз және совхоз партия ұйымдарының жанында әкімшіліктің жұмысын бақылайтын көптеген комиссиялар жұмыс істейді. Партиялық бақылаудың мұндай жаңа формалары өмірге берік теңіп, өзін-өзі ақтай бастады. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысының Жданов атындағы совхозы партия ұйымының жанынан құрылған бақылау комиссиясы елеулі жұмыс жүргізіп келеді. Комиссия өткен жылы октябрь айында мал қораларының қысқа әзірлігін тексеріп, құрылыс және жөндеу жұмыстарының барысындағы көптеген кемшіліктерді ашты. Комиссия ол кемшіліктерді жоюдың шараларын партия бюросының талқылауына ұсынды. Комиссияның ұсынысы бойынша сиыр және шөшқа қораларына жемдеп таситын аспалы жолдар жасалды.

Бұл комиссия совхоздағы мәдениет-тұрмыс орындарының жағдайын да тексерді. Сөйтіп, клубтың, наубайхананың, асхана мен балалар бақшасының жұмыстарындағы бірсыпыра кемшіліктерді түзетуге көмектесті. Комиссия мүшелері өздері ашқан кемшілікті жоюға қолмақол кіріседі. Бұл — оның жұмысындағы бір жақсы нышан. Сондықтан да комиссия совхоз жұмысшыларының арасында үлкен беделге ие болды. Олар әр уақытта комиссиядан көмек сұрап, кеңес алып отырады. Совхоздың партия ұйымы комиссияның жұмысына үнемі көңіл бөліп, көмектесіп келеді.

Дегенмен, кейбір партия ұйымдарында әкімшіліктің жұмысын бақылау жөніндегі комиссиялардың жұмысы жолға қойылмаған. Олардың бірсыпырасы қағаз жүзінде бар да, жұмысы жоқ. Кейбір жерлерде олардың мүшелері дұрыс тандап алынбайды. Партия ұйымдары мұндай кемшіліктерге жол бермеуге тиіс.

Әкімшіліктің жұмысын бақылайтын комиссиялардың жұмысына тән қасиет жеделдік, іскерлік болуға тиіс. Олар кемшілікті ашқан замат оны жоюға шара қолданып, бастаған істі аяғына дейін жеткізуі керек. Партия ұйымдары комиссиялардың жұмысын осылай ұйымдастырғанда ғана олар өздерінің алдына қойылған міндеттерді орындай алады. Бұл комиссиялардың назарын партия ұйымдары колхоздар мен совхоздардағы техниканың дұрыс күтіліп, тиімді пайдаланылуына, колхозшылардың және совхоз жұмысшыларының, ауыл шаруашылығы мамандарының материалдық ынталылығын арттыру принциптерінің мүлтіксіз жүзеге асырылуына ерекше бақылау жасауға аударғандары абзал.

Қолхоздар мен совхоздардың партия ұйымдарының аса маңызды міндетінің бірі — еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру. Партия ұйымдарының бұл жөніндегі жұмысы қаншалықты пәрменді болса, олардың өздерінің ауыл-село өміріндегі ықпалы солғұрлым күшті болады. Бастауыш партия ұйымдары коммунизм құрылысшыларының моральдық кодексінде тұжырымдалған ережелерді алдымен коммунистердің өздері мүлтіксіз орындап, басқаларға үлгі көрсетуін қамтамасыз етуге тиіс.

Коммунистерге идеялық тәрбие беру, оларды партия ұйымының өміріне белсенді араластыру, бұл жөніндегі жұмыстардың табысты болуын қамтамасыз етеді. Партия бұқарасының белсенділігі ең алдымен партия ұйымының ішкі жұмыстарының дәрежесіне байланысты. Партия ұйымы жұмысының идеялық мазмұны қаншалықты бай болса, коммунистердің белсенділігі солғұрлым арта түседі. Бұл үшін партия ұйымдары партияның жаңа Программасын, КПСС XXII съезінің шешімдері мен материалдарын, март Пленумының шешімдерін кеңінен насихаттап, бүкіл ауыл-село еңбекшілерін коммунизм құру жолындағы күрестің нақты міндеттерімен қаруландыруға тиіс.

Бастауыш партия ұйымдарының белсенділігін, іскерлігін күшейтудің маңызды жолы партия ұйымының ішкі жұмысын жақсарту. Фермалар мен бригадалардағы партия ұйымдары мен партия топтарының жұмысын жолға қою болып саналады. Партия жиналыстарын жақсы әзірлеп өткізудің де маңызы бар. Онда партия ұйымының жұмысындағы маңызды мәселелер шешіліп отыруға тиіс. Осыған қарамай, кейбір партия ұйымдарында партия жиналыстары нашар әзірленеді. Оларды әзірлеуге қатардағы коммунистер тартылмайды, сын мен өзара сын өрістетілмейді.

Партия жиналысының әсері мен тәрбиелік маңызын арттыру үшін ең алдымен күн тәртібін дұрыс белгілеуге көңіл бөлген дұрыс. Жиналыста талқыланатын мәселе коммунистердің талап-тілегіне, бүгінгі күннің міндеттеріне сай болуға тиіс. Осымен бірге жиналысты әзірлеуге қатардағы коммунистерді кеңінен тарту керек. Міне сонда ғана олар өздерінің пікірлері мен ұсыныстарын толық айта алады.

Партия жиналысынан кейін партия бюросы коммунистердің ұсыныстары мен сын ескертпелерін жүзеге асыруға қамқорлық жасауы керек. Мұның өзі коммунистердің белсенділігін арттырады. Сонымен бірге кадрлардың қабылданған шешімдерді орындауға, істің орындалуына жауапкершілігін арттырады. Партия ұйымының бүкіл жұмысты стилі кадрлардың өздеріне тапсырылған іске жауапкершілігін арттыратын, бұқараның сынына сергек қарайтын болып тәрбиеленуіне жағдай жасайтын болуға тиіс.

Бұл үшін партия ұйымдарының секретарьлары әрбір жиналыстың алдында коммунистерге өткен жиналыстың шешімінің орындалуын хабарлап отыруы керек. Міне бұл партия ұйымының белсенділігін арттырумен бірге әрбір коммунистің, кадрлардың жауапкершілігін күшейтеді.

Бастауыш партия ұйымында жұмыстың жақсы жолға қойылуы көбінесе оның секретарына, сонымен бірге бастауыш партия ұйымының партия комитеттерінің күнделікті басшылық етіп отыруына да байланысты. Партияның XX және XXII съездерінің шешімдерін жүзеге асыра отырып, облыстық, аудандық партия комитеттері партия ұйымдарына басшылықты жақсартта түсті. Олардың секретарьларын қолынан іс келетін, беделді де іскер коммунистерден таңдап ала бастады. Сонымен бірге бастауыш партия ұйымының секретарьларының семинар-кеңесі жиі өткізіліп тұрады. Онда партия ұйымы секретарьлары өзара тәжірибе ауысуымен бірге, саяси-шаруашылық мәселелері, еңбек ұйымдастырудың озат әдістері жөнінен мамандардың, партия қызметкерлерінің баяндамалары тыңдайды.

Бірақ кейбір партия комитеттері бастауыш партия ұйымдарының жұмысына жеткілікті көңіл бөлмейді. Әсіресе олардың секретарьларына партия жұмысының әдістері мен тәсілдерін үйретіп отырмайды. Мысалы, Семей облысының Новопокров аудандық партия комитеті колхоздар мен совхоздардың партия ұйымдарына нашар басшылық жасайды. Бригадалардағы, бөлімшелер мен фермалардағы партия

ұйымы секретарьларының жартысына жуығы тікелей колхоз, совхоз аумағында жұмыс істемейтін коммунистер.

Ауданның бірсыпыра партия ұйымдарында коммунистердің жиналысы сирек өткізіледі, партия шешімдерінің орындалуы нашар бақыланады. Мысалы, партия ұйымдарының жұмысты нашар істеуі салдарынан Калинин атындағы колхозда және «Знаменский» совхозында соңғы жылдары егіннің түсімділігі күрт төмендеп кетті.

Целиноград облысының Калинин аудандық партия комитеті де совхоз партия комитеттерінің жұмысына пәрменді басшылық жасай алмай келеді. Аудандағы 500-ге жуық коммунистің бригадалар мен фермаларда 147-і ғана жұмыс істейді. 29 фермада және 4 трактор-егіс бригадасында бірде-бір коммунист жоқ. Бірсыпыра совхоздардың партия комитеттері партия қатарын озат механизаторлар, егіншілер, мал шаруашылары есебінен өсіріп отыруға көңіл бөлмеген. Ауданның партия ұйымдарында өткен жылы партия мүшелігіне кандидаттыққа 28 адам қабылданған болса, олардың ішінде бірде-бір шопан, шошқа өсіруші, құс өсіруші, бақташы жоқ. Аудандық партия комитетінің секретарьлары, бюро мүшелері, нұсқаушылары мен бәлім меңгерушілері бастауыш партия ұйымдарындағы істің жағдайымен нақты шұғылданбайды, осының салдарынан бірсыпыра партия ұйымдарында ішкі партия жұмысы, саяси жұмыс нашарлап кеткен.

Ауданда озат тәжірибені тарату, социалистік жарысты ұйымдастыру жұмыстары бетімен жіберілген. Мұнда коммунистік еңбек атағын алу жолындағы жарысқа төрт-ақ бригада қосылған. Партиялық жұмыстың нашарлауы шаруашылық жұмыстарының жағдайына да әсерін тигізіп келеді. Совхоздарда егін шаруашылығының мәдениеті төмен. Қыл сайын аудан астық өндіру және оны мемлекетке сату жоспарларын орындамайды.

Аудандық партия комитеті мұндай кемшіліктерді бастауыш партия ұйымынсыз, ондағы коммунистерсіз жоя алмақ емес. Сондықтан облыстық партия комитетінің партия ұйымдастырушысы және аудандық партия комитеті бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жаңғыртудың бастауына баса көңіл бөлгені дұрыс.

Партия ұйымының белсенділігі мен іскерлігі көбінесе оның секретарьларына байланысты. Сондықтан партия комитеттері бастауыш партия ұйымдарының секретарьларына күнделікті көмектесумен бірге олардан өз міндеттеріне жауапкершілікті талап етулері керек.

Кәзір бастауыш партия ұйымдарында есеп беру-сайлау жиналыстарына қызу әзірлік жүріп жатыр. Биылғы сайлау партияның XXII съезі қабылдаған Устав пегізінде өткізіледі. Кәзірден бастап партия ұйымдарының секретарьларын таңдап алуға ерекше көңіл бөлгені дұрыс. Сонымен бірге партия бюросының құрамына тәжірибелі, беделді, партия жұмысын сүйетін адамдарды сайлау керек.

Қолхоз және совхоз партия ұйымдарының алдында ерекше жауапты міндеттер тұр. Биылдың өзінде-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізудің жоспарда көрсетілген тапсырмалардың дәрежесіне сай күрт ұлғайта беру талап етіледі. Міне сондықтан да Н. С. Хрущев болдас партияның Орталық Комитетінің март Пленумында жасаған шешімдерінде «Біз ауыл шаруашылығына басшылық ету жөнінде жауапкершіліктің алдында партияның беделімен жауап беретіндей болып жұмыс жүргізуіміз керек. Ауыл шаруашылығының жайы үшін партия ұйымдарының халық алдындағы жауапкершілігін дәл осылай, тек қана осылай түсіну керек» деп көрсетті. Міне бұл талап барлық бастауыш партия ұйымдарына да қойылады.

# Коммунистік тәрбиенің маңызды саласы

С. СӘРСЕНБАЕВ,

Қазақстан КП Қызылорда облыстық комитеті  
үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі

Партияның XXII съезі қабылдаған жаңа Программасы еңбекшілерді адамзаттың жарқын болашағы — коммунизм құрылысын кеңінен өрістетуге түсуге жігерлендіруде. Осыған орай коммунистік қоғам орнату жолындағы күресте идеологиялық жұмыс барған сайын қуатты факторға айналып отыр.

«Партия кәзіргі кезеңде идеологиялық жұмыстағы басты мәселе, — делінген жаңа Программада, — барлық еңбекшілерді жоғары идеялық коммунизмге берілгендік, еңбекке және қоғамдық шаруашылыққа коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеу, буржуазиялық көзқарастар мен әдет-ғұрыптардың сарқыншақтарын толық жою, адамды жанжақты, жарасымды жетілдіру, рухани мәдениеттің нағыз байлығын жасау деп санайды».

Партия ұйымдарының бұл талаптан туып отырған кәзіргі басты міндетінің бірі адамдардың санасындағы діни қалдықтарға, соқыр-сенімдерге қарсы атеистік насихатты пәрменді жүргізу болып табылады. Өйткені, қоғамдық құбылыстардың шын сырын білмеушіліктен туған дін сенімдерге иланушылар әлі де болса кездеседі. Мұның өзі дін әдет-ғұрыптардан, салт-саналардан көрініп қалып жүр. Демек, бұдан діннің кәзірде де халықтың кейбір бөлігіне әсер етіп отырғанын көреміз. Әрине, ескіліктің зиянды қалдықтарына бой ұрып, діни соқыр сенімдерге илану адамдарды Отан игілігі үшін творчестволық еңбектен шеттетеді.

Сондықтан да адам санасындағы діни қалдықтарды жою жолындағы күрес — коммунистік құрылысты жеделдету жолындағы күрес болып табылады. Біз мұны ескеріп, атеистік насихатты үнемі нақтылы мазмұнды және ықпалды етіп жүргізуге баса назар аударудамыз.

Адамдарды діни нанымнан аулақ етіп тәрбиелеуде дінге сенушілердің намысына тиюге жол бермей, оларға идеялық жағынан ықпал етудің барлық құралын тиімді пайдалану керек болады. Сонымен бірге діншілдердің дін жөніндегі советтік заңдылықты бұзуына жол бермей, бұл заңдардың орындалуын қатаң бақылап отыру қажет. Өйткені бұл жөніндегі бақылау аз да болса әлсіресе, діншілдердің оны деген пайдаланатынын тәжірибе көрсетіп келеді. Олар мұндай болмашы саңлаудың өзін діни орындарды нығайту, халықтың артта қалған бөлігіне өз ықпалын күшейту мақсатына пайдаланып қалуға тырысады.

Облыс партия ұйымдары соңғы кезде ғылыми-атеистік насихатты өрістетуде, еңбекшілер бұқарасын атеизм рухында тәрбиелеуде бірқатар жұмыстар істеді. Дінге қарсы тақырыптарға арналған лекциялар оқып әңгімелер өткізуге, тақырыптық кештер ұйымдастыруға баса көңіл бөлінетін болды. Атеистік тақырыптарға арналған лекциялар, насихат көлемде, мазмұнды, тартымды етіп жүргізіле бастады. Әсіресе, қалып бұқара арасында «Сектанттық және оның идеологиясы», «Исламның шығуы мен оның реакциялық мәні», «Жер үстіндегі өмірдің пайда болуы», «Жануарлар дүниесінің дамуы», «Медицина—ырым мен тәуіпкер

шілікке қарсы күресте», «Адамның космосқа ұшуы», «Ұйқы және түс көру», «Балаларды семьяда дінге қарсы тәрбиелеу» деген сияқты көптеген қызықты тақырыптағы лекциялар жиі оқылып келеді. Лектор-атеистер өз лекцияларында осы заманғы ғылым мен техниканың жетістігін, азат тәжірибені, әсіресе, дүние жүзінде жетекші орын алып отырған ғылым мен техниканың тамаша табыстарын кеңінен пайдаланауда. Сондай-ақ олар өз лекцияларында көркем шығармаларды, атеистік мазмұндағы өмірден алынған мысалдар мен мәтелдерді тағы басқаларды орынды пайдаланып отырады. Мұның өзі лекцияның ықпалды болуына жәрдемдесуде.

Өткен жылы лектор-атеистердің, партия, комсомол ұйымдарының, саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының күшімен ғылыми-атеистік тақырыпта облыс бойынша 1 545 лекция оқылды. Сонымен бірге ғылыми-атеистік тақырыпқа арналып сұрақ-жауап кештері өткізілді. Сондай-ақ жергілікті атеист-лекторлар үшін, саяси және ғылыми білім қоғамының мүшелері үшін ғылыми-атеистік тақырыптарда ондаған лекциялар оқылды. Жергілікті жерлерге лекция жазып, оқудың методикасы, атеистік тақырыптарға арналған кітапшалар мен плакаттар, тағы басқа да көмекші құралдар жиі-жиі жіберіліп отырады. Ғылыми-атеистік тақырыптарда лекция оқып, әңгіме өткізуге, сұрақ-жауап кештерін ұйымдастыруға облыс орталығынан тәжірибелі маман лекторлар шығып тұрады.

Соңғы уақытта, әсіресе, ғылыми-атеистік тақырыптарда сұрақ-жауап кештерді өткізу ісіне айрықша көңіл бөліне бастады. Мұның өзі адам өміріндегі ескіліктің, діни сенімнің қалдықтарына қарсы жүргізіліп келе жатқан күресте маңызды орын алуда. Мысалы, облыс орталығында «Ғылым діни кереметтерді қалай әшкерелейді?» деген тақырыпта өткізілген сұрақ-жауап кеші өте қызықты өтті. Бұл кеш саяси және ғылыми білім тарату қоғамының орталық лекториінде ұйымдастырылды. Кештің болашағын халыққа алдын ала хабарландырылды. Плакаттар жасалып, кітапшармелері ұйымдастырылды. Кешті өткізуге қатысқан Қызылорда педагогикалық институтының оқытушысы, Бүкілодақтық саяси және ғылыми білім тарату қоғамының мүшесі Дурлештер жолдас 20-дан аса химиялық тәжірибе көрсетті. Оның көпшілігі діни сәуегейлікті әшкерелеуге арналды. Лектор өзінің кіріспе сөзінде химияның ғылыми ерекшелігін атап өтіп, ғылымның бұл түріне қысқаша анықтама берді. Сөйтіп, ол біздің химия өнеркәсібін өркендетуге партия мен үкіметтің жасап отырған қамқорлығын, оның халық шаруашылығындық маңызын, болашағын баяндап берді. Лектор діни сенімдегілерге, шіркеу иелеріне «күйдің кереметі» деп саналатын кейбір химиялық көріністерді түсіндіріп, оны тәжірибе ретінде көрсетіп берді. Әсіресе «Януария әулиенің қайнаған қаны», «фараон жыландары», «отсыз түтін», «отсыз тұтанып қалу», «қолмен жазылмаған жазулар», «кұрғақ мұз» жөнінде көрсетілген химиялық тәжірибелер кешке қатысушыларға қатты ұнады.

Сонымен бірге ірі өндіріс орындарында да ғылыми-атеистік тақырыпқа арналған сұрақ-жауап кештерін өткізу әдетке айналуда. Жуырда аяқтас фабрикасында «Христос пен Мұхамед болған ба?» деген тақырыпта сұрақ-жауап кеші ұйымдастырылды. Кеш өтпестен бірнеше күн бұрын сұрақтар үшін арнаулы жәшік қойылды. Лектор христиан және мұсылман дінінің шығуы туралы қысқаша баяндағаннан кейін, Мұхамедтің сүйегі көк пен жердің арасында сақталады деген аңыз не? Секанттар жастарға киноға баруға неге тыйым салады? Дін зиянды болса, неге бізде мешіт, шіркеулерді, діни оқу орындарын жауып тастамайды? деген ауызша сұрақтарға да жауап берді.

Бұл кеш қалалық кітапханамен бірлесіп өткізілді. Кітапхана фабрикадағы өзінің бөлімшесі арқылы бұл күндері қызметшілер мен жұмысшыларға ғылыми-атеизм тақырыбындағы әдебиеттерді таратып, ар-

наулы кітап көрмесін ұйымдастырды. Сұрақ-жауап кешінің соңында фабрика көркемөнерпаздарының күшімен кешке қатысушыларға концерт берілді.

Ғылыми-атеистік тақырыпқа арналған бұл сияқты сұрақ-жауап кештеріндегі өздерінің лекциясында лекторлар ғылым мен техника жетістіктері жөніндегі материалдарды кеңінен пайдалана отырып, қолма-қол тәжірибе көрсету арқылы діни сәуегейлікті әшкерелеп отырады. Мұнда еңбекшілер зор ықыласпен көріп мақұлдауда. Атеистік тақырыптарға арналып ұйымдастырылған мұндай кештерде діннің қоғам өміріндегі реакциялық мәнін ашып көрсететін ғылыми көпшілік фильмдер де көрсетіледі. Сонымен бірге ол фильмдер діни әдет-ғұрыптардың зияндылығын көрсетумен бірге біздің елімізде ғылым мен мәдениеттің қол жеткен табыстарын насихаттайды. Мұндай кештерге көптеген адам қатысып жүр.

Ғылыми-атеистік кеш—атеистік насихаттың ықпалды түрі. Оның тәрбиелік ролі ғылыми-атеистік әдебиеттерге деген тілек-талаптың өсуінен, лекциялар мен әңгімелерге деген ықыластың артуынан, еңбекшілердің өндірістегі белсенділігінің күшейе түскенінен айқын көрінуде.

Дінге қарсы насихаттың жақсаруына саяси-ағарту кабинеттері мен бірқатар мәдени-ағарту мекемелеріндегі атеистік бұрыштың, ая Қызылорда қаласында атеистер үйінің ашылуы үлкен әсер етті. Облыстық атеистер үйінде құрамында бес бөлімі бар совет ұйымдастырылды. Атеистер үйі жергілікті лекторларға әртүрлі көмектер көрсетіп отырады. Онда дінге қарсы әдебиеттердің көрмесі бар, газет, журналдардан қиындықтар, арнаулы тақырыптық папкалар ұйымдастырылған. Атеистер үйі Одесса және Ленинградтағы атеистер үйлерімен байланыс жасап, олардан методикалық көмек алып келеді.

Өткен жылдың басында атеистердің автоклубы жұмысқа кіріске болатын. Клуб бір жылдың ішінде облыстың колхоздары мен совхоздарының орталықтарында, шалғайдағы мал отарларындағы малшылар арасында болып, ғылыми-атеистік тақырыптарға лекциялар оқып, әңгімелер өткізді, одан кейін кинофильмдер көрсетіп жүрді. Мұнымен бірге автоклуб еңбекшілердің көп шоғырланған жерінде сұрақ-жауап кештерін өткізумен де шұғылданып келеді.

Автоклуб қызметкерлерінің күшімен былтыр 112 лекция оқылып, 180 рет әңгіме өткізілді. Ғылыми-атеистік тақырыпта шыққан 18 түрлі киножурналдармен, фильмдермен қатар әңгімеден, лекциядан кейін 285 кинофильм көрсетілді. Өткен жылы автоклуб Қармақшы, Жалағаш, Шиелі, Сырдария, Теренөзек, Жаңақорған аудандарының Қаракұм, Арыскұм, Сарысу, Қаратау мал жайылымындағы 3 мыңдай малшыға қызмет көрсетті. Ал жуықтағы сапарларының бірінде атеистік автоклуб Қармақшы ауданының «Ақжар» совхозы мен Чапаев атындағы колхозда арнаулы сұрақ-жауап кештерін өткізді. Бұған көп егіншілер мен малшылар қатысып, кеш өте тартымды өтті.

Ескіліктің қалдығына, діни сенімдерге қарсы күресте басқа да мәдени-ағарту мекемелері үлкен роль атқарады. Әсіресе, соңғы уақыттары мәдени мекемелер ғылыми жаратылыс тану және ғылыми атеистік насихат жұмысына назар аудара бастады. Өткен жылы облысымыздың кітапханаларында еңбекшілерге 48 439 дана жаратылыс тану, ғылыми-атеистік тақырыптағы кітап таратылды. Облыс орталығындағы, аудандық және ауылдық кітапханаларда тұрақты «атеистер бұрышы» ұйымдастырылды.

Облыстық кітапханада «Көркем сөз шебері — дінге қарсы» деген тақырыпта әдеби кеш өткізіліп, оған 67 адам қатысты. Ал облыс кітапханаларында «Наука и религия» журналы мен «Литература и жизнь» газетінен атеистік тақырыпта жарияланған мақалаларды дауыстап оқу ісі ұйымдастырылды.

Облыс мектептерінде жас ұрпаққа атеистік тәрбие беру ісі де жақсарып түсті. Оқушыларды дінге қарсы тәрбиелеу және ғылыми-атеистік



насихаттың жайы мектептердің педагогикалық советтерінде, аудандық оқу бөлімінің советтерінде жиі талқылана бастады. Мұғалімдер мен мектеп директорларының кеңесі өткізіліп, онда оқушыларға атеистік тәрбие беруді одан әрі жақсарту жөніндегі міндеттер кеңінен әңгіме етілді.

Оқушы жастар арасында ғылыми-атеистік насихатты жүргізудің сан-алуан түрі мен әдісі бар. Бұл жөнінде оқытушылар атеистік тәрбие жұмысы ең алдымен оқу программасы бойынша өз пәнінің сипатына және оның жеке тақырыптарына байланыстырып, ұштастыра жүргізеді. Мысалы, Сырдария ауданының Ленин атындағы орта мектебінің мұғалімі Аяпов жолдас география сабағында материалистік көзқарастарды үнемі түсіндіріп отырады. Ол «Жердің формасы және қозғалуы» тақырыбын өткенде шәкірттерге күн системасының құрылысы, жердің Күнді айнала қозғалуы, жыл маусымдарының ауысуы, күн мен түннің ауысулары туралы айта келіп, діни ертегідегі «жерді төрт бұрышты, оны жан-жағынан аспан әлемі көмкеріп тұрады» деген сияқты аңызды ғылыми негізде әшкерелеп берді.

Шәкірттерге атеистік тәрбие берудің соңғы кездегі ең бір тиімді әрі қызықты әдісі — сұрақ-жауап және діни «кереметтерді» әшкерелеу кештерін өткізу болып отыр. Бұл жөнінде Қызылорда қаласындағы Ленин атындағы, «1-май» және Арал ауданының Крупская атындағы мектептері бірсыпыра тәжірибелерге ие болды. Бірқатар мектептерде атеистік үйірмелер ұйымдастырылды. Мысалы, Қызылорда қаласындағы № 3 мектептің үйірме мүшелері «Атеист» қабырға газетін 3 жылдан бері шығарып келеді. Бұл газетте «Діни мейрамдардың шығуы жөнінде ғылым не дейді», «Біз дінге қарсы неге күресеміз» деген тағы басқа тақырыпта көптеген мақалалар жарияланды.

Дінге қарсы күресті күшейтуде лекторларды дұрыс іріктеп алу, тәрбиелеу және олармен жүргізетін жұмысты жақсарту үлкен роль атқарады. Соңғы кезде облыстағы лектор-атеистердің саны едәуір көбейді. Облыс бойынша 200-ден аса адам ғылыми атеистік насихат жұмысына қатысады. Оның ішінде 49 дәрігер, 132 оқытушы, 20-дан аса ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің мамандары бар. Бұлардың ішінде Қызылорда қаласынан — Дурлештер, Бисенов, Елемесов, Шиелі ауданынан Старцева, Қазалы ауданынан — Бекмамбетов, пединститут оқытушыларынан — Антипин, Крень жолдастар мазмұнды лекциялар оқып, көпшіліктің қадір-құрметіне ие болып отыр.

Біз атеист-лекторларға арнап семинар-кеңестер өткізіп тұрамыз. Онда теориялық және методикалық тақырыптарға лекциялар оқылады. Атеист-лекторлардың жұмыс әдісі тыңдалады, олар өзара пікір алмасады. Өткен жылы аудандарда жергілікті лектор-атеистер үшін қысқа мерзімді семинарлар, ал облыста онкүндік семинар өткізілді. Жуырда Қызылорда қалалық партия комитеті лектор-атеистер, саяси-ғылыми білім тарату қоғамының лектор топтарының жетекшілері, партия ұйымдарының секретарьлары қатысқан біркүндік семинар-кеңес өткізді. Онда қалада ғылыми-атеистік насихатты жақсартудың шаралары; дінге қарсы жанадан шыққан әдебиеттерге шолу; атеистік-насихат жұмысынан тәжірибе алмасу сияқты мәселелер қаралды.

Дінге қарсы күресте баспасөз бен радио кеңінен пайдаланылуда. Баспасөзде жарияланған және радиода берілген материалдарда діннің ғылымға, қоғамға қарсы сипаты кеңінен әшкереленіп, діншілдердің ойдан шығарған діни моральдары мен аңыздарының жалғандығы, екіжүзділігі барынша батыл сыналуда. Облыстық «Ленин жолы» газетінің бетінде «Тірі әруақ», «Момынсынған молдалар», «Әулие бала», «Қатал менің қаһарына ұшыраған келін» деген және басқа да дінді, оның шариятын әшкерелейтін фельетондар жарияланды. Сондай-ақ Әшімғарұм және Тілеуқұлов деген бұрынғы молдалардың діннен қалай қол

үзгендіктері жөнінде жазылған мақалалары жарияланды.

Атеистік-насихатты пәрменді жүргізудің нәтижесінде бірсыпыра жерлерде қаңғыбас молдалар мен тәуіптер мүлдем жойылды. Ал, кей жерде олардың ықпалы айтарлықтай әлсіреді. Мысалы, Арал қаласы мен Сексеуіл станциясында болған тұрғындар жиналысында молдалар өздерінің заңсыз істермен айналысып, халықты алдап-арбағанын, сөйтіп, арамтамақтықпен өмір сүріп келгенін мойындауға мәжбүр болды. Жиналыс оларды қоғамға пайдалы еңбекке қатыстыру жөнінде қаулы қабылдады. Кәзір бұл әшкереленген молдалар өндірісте жұмыс істейді. Ал Шиелі ауданында арамтамақтықпен өмір сүрген және басқалардың да қоғамдық пайдалы еңбектен бас тартуына ықпал еткен бір топ сектанттарға қоғамдық сот болды. Олардың бірқатары жұртшылықтың шешімімен жер аударылды.

Бізде соңғы жылдары жүргізілген атеистік насихаттың жуырда қорытындысы шығарылды. Ол әрбір бастауыш партия ұйымындағы коммунистер мен комсомолецтердің жиналыстарында, мұғалімдер мен насихатшылардың семинарларында талқылануда. Бастауыш ұйымдарда қосымша атеист насихатшылар іріктеліп, атеист үгітшілердің топтары құрылуда. Саяси және ғылыми білім тарату қоғамының аудандық бөлімшелерінде лектор-атеистер тобын құру жөніндегі басталған жұмыс оған әрі жүргізілуде.

Дегенмен біздің бұл саладағы жұмысымыз кемшіліксіз де емес. Бірқатар партия, қоғам ұйымдары, ғылыми, ағарту мекемелері дінге қарсы күреске әлі де жөнді назар аудармай келеді. Кейбір жерлерде дінге қарсы насихат жалпылама, әсерсіз жүргізіледі. Атеистік тақырыпқа лекциялар аз оқылады, дінге сенушілер арасында жұмыс нашар жүргізілуде.

Бұл салада республикалық ұйымдарға да қоятын талап-тілегіміз аз емес. Атеистік насихатты кеңінен өрістете жүргізу үшін ғылыми-атеистік тақырыптағы кітаптар мен көмекші құралдар көп шығарылып тұрса, ислам дінінің реакциялық мәнін әшкерелеуші кинофильмдер мен журналдар жасалса, өте орынды болар еді.

Партиямыздың Программасында діни ұғымдардың түкке тұрмайтынын әйгілеп, ғылым мен техниканың жетістігін кеңінен насихаттау қажет екені атап көрсетілген.

«Партия, — делінген онда, — идеялық жағынан ықпал ету құралдарын адамдарға ғылыми материалистік дүние тану рухында тәрбие беру жолына, дінге сенушілердің намысына тиюге жол берместен діни сенімдерді жою жолына пайдаланады. Өткен кезде адамдар табиғаттың дүлей күштерінің және әлеуметтік езгінің басып-жаншуы негізінде табиғи және қоғамдық құбылыстардың шын себептерін білмеушіліктен пайда болған діни сенімдердің түкке тұрғысыздығын шыдамдылықпен түсіндіру қажет. Бұл ретте дүниенің сыр-сипатын барған сайын толық ашып беретін, адамның табиғатқа үстемдігін күшейтетін және діннің табиғаттан тыс күштер болады-мыс деген қияли өтіріктеріне жол бермейтін кәзіргі заманғы ғылымның жетістігіне сүйену керек».

Облыс партия ұйымдары бұл талапты іске асыру үшін күресе отырып, басшылықты мейлінше күшейтеді, бұл жұмысқа идеология майданы қызметкерлерінің таңдаулы күштерін кеңінен қатыстырады. Сөйтіп жаңа адамды тәрбиелеу негізінде коммунизм құрылысын жеделдете түсуге өзінің лайықты үлесін қосады.

# Жас коммунистер арасындағы жұмыс

А. БЕРДАЛИН,

ҚКП Түлкібас аудандық комитетінің секретары

Партияның жаңа Программасында еліміздің коммунизмге өту жолындағы міндеті мен мақсаты толық та айқын көрсетілген. Енді коммунизм орнату совет адамының күнделікті практикалық жұмысына айналды.

Барша совет халқы сияқты біздің ауданның еңбекшілері де партияның XXII съезінің шешімдерін жүзеге асыру жолындағы бүкілхалықтық жарысқа қосылып, оны бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеге өрістетуде. Осындай еңбек өрлеуі үстінде жаңа қоғамның жаңа адамын тәрбиелеуді аудандық партия комитеті өзінің негізгі міндетінің бірі деп түсінеді. Ал, бұл міндеттің коммунизм орнату жолындағы жүрес үстінде шешілетіні белгілі.

Кәзір барлық еңбекшілермен бірге жас коммунистерге де коммунистік құрылыстың маңызы мен мазмұнын, оның негізгі қағидасы мен міндеттерін, коммунизм құрылысшысының моральдық кодексінде айтылған жәйттарды егжей-тегжейлі түсіндіру қажет. Аудан партия ұйымдары бұл іске аса байыптылықпен қарап, оны шаруашылық алдында тұрған міндеттермен орайластыра жүргізіп келеді. Мұның өзі еңбек өнімділігін арттыруға да сеп болмақшы.

Аудан еңбекшілері өткен жылы шаруашылық саласында бірсыпыра табысқа ие болды. Әсіресе, малшыларымыздың қоғамдық малды көбейту мен оның өнімін молайту жөніндегі қол жеткен табысы көп. Былтыр аудан бойынша ірі қараны өсіру жоспары 101, қой 103,7, шошқа 139,5, жылқы 107,5; құс 111,6 процент болып орындалды. Сондай-ақ мемлекетке мал өнімдерін сатудың жоспары да артығымен орындалды.

Аудан партия ұйымдары партияның XXII съезінің шешімдерін, Н. С. Хрущев жолдастың ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің аймақтық кеңесінде және партия Орталық Комитетінің март Пленумында сөйлеген сөздерін, оларда алға қойылған міндеттерді еңбекшілерге егжей-тегжейлі түсіндіру жұмыстарын жан-жақты жүргізуде. Мұндай табыройлы борышты өтеуге аудан бойынша 1 200 үгітші, 118 насихатшы, саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының 152 мүшесі ат салысуда. Бұлардың дені — жас коммунистер.

Біз өткен жылдың декабрь айында қоғамдық негізде жұмыс істейтін үш бөлім құрған едік. Бұл бөлімнің жұмысына жас коммунистер белсене араласуда. Мысалы, мектеп бөлімін Абай атындағы он бір жылдық мектептің директоры коммунист С. Әмірханов, ауыл шаруашылығы бөлімін жас коммунист А. Инкижино, сауда бөлімін Ванновка селолық Советтің председателі Ә. Дәулетияров жолдастар басқарады. Бұл бөлімдердің әр қайсысында штаттан тыс 13 нұсқаушы жұмыс істейді. Бұлардың да басым көпшілігі жас коммунистер. Аудандық партия комитеті штаттан тыс бөлімге жас коммунистерді тартумен бірге олардың ойдағыдай жұмыс істеуіне жағдай жасады.

Қоғамдық негізде құрылған бұл бөлімдер аз уақыттың ішінде көп жұмыс істеп, аудандық партия комитетіне біраз көмек көрсетті. Әсіресе, ауыл шаруашылығы бөлімі белсенді жұмыс жүргізуде. Бөлімнің ұстаздары шаруашылықтарда жиі-жиі болып, оларға көмек көрсетіп тұрады. Бөлім колхоздар мен совхоздардың көктемгі егіске дайындығын тексеріп, бұл жөнінде өткізілген аудандық партия комитетінің пленумына материал даярлады. Аудан шаруашылықтары көктемгі егіс агротехникалық ережелерге сай, қысқа мерзімнің ішінде ұйымшылдықпен аяқтады.

Аудандық партия комитеті жаңа Уставқа сай кадрлар арасында оның ішінде жас коммунистер арасындағы тәрбие жұмысын жаңадандыра түсуді қолға алып отыр. Оларды шыншылдыққа, коммунизм ісіне берілгендік рухында, партиялық және мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтау рухында тәрбиелеуді күнделікті жұмыстың негізгі бір міндеті деп түсінді. Бұл салада аудандық партия комитеті біраз жұмыстар істеді.

Аудандық партия комитеті еңбек озаттары есебінен партия қатарын өсіру ісіне үнемі көңіл бөліп келеді. Мысалы, былтыр алдыңғы қатарлы колхозшылардан 79 адам партия мүшелігіне кандидаттыққа алынса, үстіміздегі жылдың алғашқы бес айында ғана 40 адам қабылданды. Бұлардың 75 проценті жұмысшылар мен колхозшылар.

Кандидаттық стаж — партия қатарына өтушілердің саяси ұстандылығы мен моральдық қасиетін жанжақты тексерудің және оларға саяси тәрбие берудің мектебі. Міне сондықтан да аудан партия ұйымдары бұл іске ерекше көңіл бөліп, жас коммунистердің еңбекте үлгі көрсетуіне, қоғамдық, партиялық жұмысқа белсене араласуына жағдай жасап отырады. Оларға алғашында оңайырақ, кейінірек күрделірек тапсырмалар беріп, олардың іскерлік қабілетін тексереді. Әсіресе, олардың саяси білім дәрежесінің өсуіне, идеялық санасының күшеюіне ерекше көңіл бөлінеді. Аудан партия ұйымдары жас коммунистермен жеке-жеке әңгімелесу, оларды саяси үйірмелерге тарту, жастардың карт коммунистермен, еңбек ардагерлерімен кездесу кештерін өткізу, оларға лекциялар мен баяндамалар ұйымдастыру сияқты тәрбиелік істер сан алуан түрі мен әдісін пайдаланып келеді. Біз жас коммунистермен кеңес, семинарлар өткізіп отыруды да кең қолданып жүрміз. Жас коммунистер арасында жүргізілген мұндай тәрбие жұмыстары өз нәтижесін беруде.

Партия ұйымдары жас коммунистерге партиялық тапсырма бергенде олардың білімін, іскерлік қабілетін еске алады. Мұның өзі жас коммунистерді істі жүйелі жүргізуге, колхоз, совхоз өндірісі мен коллективтің қоғамдық өміріне белсене қатынасуына жағдай жасайды. Мәселен, Қуйбышев атындағы колхоздың партия ұйымын (секретары А. Терещенко жолдас) алып қарайық. Мұнда жас коммунистерді тәрбиелеу жақсы жолға қойылған. Оларға берілген тапсырма бақыланып отырылады.

Жақында партия ұйымы товарлы-сүт фермасының озат сауыншылары Е. Лемешко мен А. Попованы кандидаттықтан мүшелікке қабылдады. Е. Лемешко жолдас өткен жылы өз карауындағы сауыншылардың әрқайсысынан 3 мың литрден сүт сауды. Сөйтіп аудан сауыншыларының алдына шықты. Ал А. Попова әр сиырдан 2 600 литрден сүт сауды.

Партия ұйымы бұл жас коммунист сауыншылардың тәжірибесін басқаларға тарату мақсатымен товарлы сүт-фермасында озат тәжірибе мектебін ұйымдастырды. Онда мамандармен бірге Е. Лемешко мен А. Попова жолдастар өздерінің тәжірибесі жөнінде айтты. Бұл

еуі де үгітші. Үгіт көпшілік жұмысын жүргізуде олар өз ісімен өзгерге өнеге көрсетуде.

Сондай-ақ жас коммунистер жүгері өсіруші комсомол-жастар ұжымының жетекшісі Қ. Асанов, № 3 бригада бригадирінің көмекшісі Р. Төленов, шопан З. Сүттенбековтердің де еңбек көрсеткіштері жоғары.

Партия ұйымы жас коммунистердің басын қосып, берілген тапсырманы орындау жайын сөз етеді. Оларға бюро мәжілісі мен партия жиналысында талқыланатын мәселеге арнап материал даярлатады. Сонымен бірге еңбекшілер арасында баяндама жасауға, лекция оқуға тартып отырады. Партия ұйымы айлық жоспар жасағанда жас коммунистермен істелетін сан алуан жұмысты да ұмыт қалдырмайды.

Жас коммунистердің көпшілігі-ақ жұмыста да, тұрмыста да басқаларға үлгі көрсетіп жүр. Сондықтан оларды жұртшылық құрметтейді. Солардың бірі, жүгері өсіруші звеноның жетекшісі жас коммунист Есентай Сүлейменов. Оның звеносы өткен жылы 68 гектар жерге жүгері егіп, оның әр гектарынан 55 центнерден дән алып, 700 тоннадай жүгері паясын жинады, оны мал қыстайтын қора жанына тасып берді.

Сол сияқты Түлкібас автобазасының шофері И. Веткалов, Түлкібас ет-сүт совхозының шопаны С. Көмеков, осы совхоздың тракторшысы Н. Кривогин, Киров атындағы колхоздың озат шопаны А. Есмұрғалиев, Аманкелді атындағы колхоздың шопаны Ж. Тайлақбаев, № 115 бригаданың жұмысшысы С. Сабыртаев, Ленин атындағы колхоздың тракторшысы Т. Ықыласов, «Красная звезда» колхозы құрылыс бригадасының бригадирі О. Бердалиев, Калинин атындағы колхоздың күрделі бригадасының бригадирі Н. Ақылтаев, «Алғабас» колхозының тракторшысы Т. Әміров, «Коммунизм» колхозының шопаны Н. Ермеков, Жамбыл атындағы колхоздың шопаны Т. Сүлейменов және басқа коммунистер де қажырлы еңбек етуде.

Жас коммунистер түгелдей дерлік партиялық тапсырма орындайды. Олардың көпшілігі үгітші, насихатшы, партиялық бақылау комиссияларының мүшелері, қабырға газеттерінің редакторлары және басқа қоғамдық жұмыс атқарады.

Аудандық партия комитеті іскерлік қабілеті бар, білімді жас коммунистерді жауапты қызметтерге жоғарылатып отыруға да көңіл бөліп келеді. Мәселен, Ванновка селолық Советінің председателі Шәулетияров жолдас осындай коммунистердің бірі. Ол бұл қызметке ауысқаннан кейін селолық Советтің жұмысын жақсы жолға қойды. Кәзір бұл совет аудандағы үлгілі советке айналды. Жас коммунистер Ж. Нарботаев, А. Қим жолдастарды колхоз председателдері ретінде жоғарылаттық. Бұлар да өздеріне тапсырылған іске жауаптылықпен қарап, колхозшылар бұқарасының сенімін ақтау жолында бар күш-жігерімен қызмет атқаруда.

«Победа» колхозының бас зоотехнигі В. Грошев жолдас та — инициативалы, өнегелі коммунистің бірі. Оның бастауымен өткен жылдан бастап бұл колхозда шошқаны қолдан ұрықтандыру жүзеге асырылды. Бұл әдісті үйрену үшін мұнда облыстың көптеген шаруашылықтарынан мал өсірушілер келіп, арнаулы семинарда болып қайтты.

Жас коммунистерді еңбекте шындап тәрбиелеуде аудан партия ұйымдарында кемшілік те жоқ емес. Бірқатар партия ұйымдары кандидаттыққа немесе мүшелікке адамдар қабылдағанда партиялық принципті бұзады. Осыдан барып, кейде партия қатарына лайықсыз, қызметте көрсете алмаған, кездейсоқ кісілер де алынып кетеді. Сондай адамдар кейін партия ұйымының жұмысына қатынаспай, одан

мүлде қол үзеді. Мәселен, Калинин атындағы колхоздың партия ұйымы (секретары Ә. Кәдіркұлов жолдас) 1960 жылы Б. Сатыбалдиевті партия мүшелігіне кандидат етіп қабылдады. Колхоздың басқармасы мен партия ұйымы № 3 бригада бригадирінің көмекшісі Б. Сатыбалдиевті жұмысты ақсатқаны үшін орнынан алған. Осыдан кейін ол партия жиналысына қатынаспай, партия өмірінен мүлде қол үзген. Ақыр аяғында партия ұйымы оны кандидаттықтан шығаруға мәжбүр болды.

Сондай-ақ «ХХ партсъезд» колхозының партия ұйымы (секретары Ж. Ырсымбетов жолдас) өткен жылы сатушы болып істейтін И. Мамыров дегенді партия мүшелігіне кандидат етіп қабылдаған. Оның мемлекет мүлкін талан-таражға салғаны, үнемі қоғамдық тәртіпті бұзатыны анықталды. Сондықтан аудандық партия комитетінің бюросы партия ұйымының И. Мамыров жөніндегі шешімін бекіткен. Бұл сияқты жағдай Жамбыл атындағы колхоздың партия ұйымында да болды.

Аудандық партия комитеті жақында партия ұйымдарында орындалған бұл сияқты кемшіліктерді жинақтап, қорытып, бюро мәжілісінде жас коммунистермен жұмыс жүргізуді жақсарту жайлы арнаулы мәселе қарады. Оған барлық бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары қатынасты. Бюроның қаулысы партия ұйымдарының ашық жиналыстарында талқыланып, істі жақсартудың нақты шаралары белгіленді.

Аудан еңбеккерлері ішкі қор мен мүмкіншілікті есептей отырып биыл ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру жөнінде көтеріңкі міндеттемелер қабылдады. Олар биыл мемлекетке 11 мың тонна астық, 375 тонна картоп, 2 150 тонна жүзім, 3 900 тонна әртүрлі жеміс, 126 центнер піллә, 3 600 тонна ет, 6 500 тонна сүт, 441 тонна жүн, екі миллионнан астам жұмыртқа сатуды көздеп отыр.

Әр 100 гектар егістік жерден 75 центнер, басқа жердің 100 гектарынан 16 центнерден ет өндіру жөнінде партия қойып отырған міндетті біздің шаруашылықтар таяу жылда орындап шығады. Бұл үшін біз шошқа шаруашылығын өркендете бастадық. Үстіміздегі жылы ауданымыздың колхоздары мемлекетке 1 200 тонна шошқа етін өткізуді көздеп отыр. Бұл өткен жылдағыдан 3,5 есе көп. Біздің шаруашылықтар 1964 жылы әрбір гектар егістік жер есебінен бір шошқа бордақ лайтын болады.

Ауданда құс санын арттырып, құс етін мол өндіру жөнінде де бірқатар шаралар жүзеге асырылуда. Құс санын 100 мыңға жеткізу үшін күресіп жатырмыз. Сонда біз жыл сайын мемлекетке 5 миллион жұмыртқа, 300 тонна құс етін сататын боламыз. Бұл үшін колхоздарда керекті жағдайдың бәрі бар.

Әрбір гектар жерді тиімді пайдалану үшін күрес кең өріс алды. Бізге соңғы кезге дейін ауыспалы егістің шөп танапты әдістерінің зардабы тиіп келді. Біз бұдан енді бас тарттық. Бұрын сұлы егіліп келген 2 000 гектар жерге енді басқа мол өнімді, отамалы дақылдар егілетін болды.

Аудандық партия комитеті партияның жаңа Уставының ережелерін басшылыққа ала отырып, кадрларды, әсіресе жас коммунистердің коммунистік еңбек рухында тәрбиелеу міндетіне ерекше назар аударып отыр.

## Конгодағы жағдай

Целиноград қаласы мен Оңтүстік Қазақстан облысының Шәуілдір ауданындағы журнал оқушылары Ш. Нүркеев пен Ә. Қарабалов жолдастар Конгодағы жағдайды жазуды сұрайды.

Осыған орай редакция Х. Әбдірахманов жолдастың мақаласын жариялап отыр.

Конго өзінің территориясы жағынан Батыс Европада үлкен ел. Мол сулы өзеннің бойына орналасқан Конго Африканың дәл орталығын алып жатыр.

Конго — аграрлы ел. Онда мекендейтін халықтың 85 проценті ауыл шаруашылығымен айналысады. Сонымен қатар оның қазба байлығы өте мол. Капиталистік дүниеде зерттелген уран кені қорының 80 проценті Конго қойнауында. Конго өнеркәсіптік алмаздың 70 процентін өндіреді және кобальт өндіруде дүние жүзінде бірінші орын алады. Сондай-ақ бұл елде мыстың, алтынның, қорғасынның және тас көмірдің аса көп қоры бар. Алайда, бұл орасан байлықтарға көп жылдар бойы Конго халқы емес, империалистік монополия ие болып келді.

Өткен ғасырдың 70-ші жылдарында Африкаға қол салған империалистер, әсіресе бельгиялық қарақшылар континенттің табиғи байлығын өз иелігіне айналдыру жолында талай айла-сұмдықтар жүргізді. Бельгияның королі Леопольд-II алдау арбау арқылы Конго тайпасының көсемінен елдің территориясының аса үлкен бір бөлегін қолға түсірді. Экватордағы Африканы бөлу жөнінде 1884 жылдың ноябрінде және 1885 жылдың февралінде Берлинде болған халықаралық конференция Леопольдтің Конгодағы правосын таныды. Сөйтіп Конго Леопольд II-нің жеке меншігіне айналды. Мұндай аса бай әрі адам айтқысыз үлкен жекеменшік жер бұдан бұрын тарихта болып көрмеген еді. Леопольдтің бұл жеке меншікке айналдырған жері өзі үстемдік жүргізіп отырған Бельгияның территориясынан 77 есе артық болатынды. 1908 жылы Леопольд Конгоны өзінің корольдігіне сатып жіберді, Бельгияның отары Конго осылай пайда болды.

Кәзір Конгода 13 миллиондай адам тұрады. Бұлар негізінен банту негрлері. Олар көптеген тайпаларға бөлінеді. Жалпы алғанда Конго халық сирек қоныстанған ел. Мәселен, Конгоның жер көлемі Индиямен бірдей. Ал мұнда халық Индияға қарағанда 27 есе аз. Конгода отаршылдық үстемдікке дейін 20 миллион адам мекендеген екен. Бірақ, отаршылдықтың елді «мәдениеттендіруінің» нәтижесінде тұрғын халықтың жартысына жуығы қырылды.

Тарихтан африкандықтардай езгіде болып келген елді кездестіру қиын. Нәсілдік кемсіту жағдайында өмір сүрген конголықтар бірдей көлшерде атқарған жұмысқа еуропалықтардан әлденеше есе аз ақы алады. Сөйтіп олар шын мәнінде құлдардың жағдайында болды. Ұлттық

санасы оянған конголықтар бұл қорлыққа көнбей, азап бұғауынан құтылуға ұмтылды. Сөйтіп, 1959 жылдың январында бүкіл дүние жүзінде Конгода басталған азаттық жолындағы тасқынды оқиғаны кенет есті білді. Сол жылдың аяғында бельгиялық отаршылдар амалсыздан келісім сөз жүргізуге мәжбүр болды. Міне, осының нәтижесінде Бельгияның отары Конго тәуелсіздік алды.

Отаршылдар мұндай қадам жасауға мәжбүр болғанымен өздерінің жеңілісін тіпті де мойындағысы келмеді. Қайта олар Конгоның тәуелсіздік алуын сөз жүзінде қалдыруға тырысты. Бельгия өкіметі бұл қара ниетін жүзеге асыру үшін 1960 жылғы 22 майға белгіленген парламент сайлауын пайдаланбақ болды. Бірақ елдің патриоттық күші бұл сайлауда тамаша жеңіске жетті. Тәуелсіздік жолындағы күрестің жалынды батыры Патрис Лумумба бастаған Ұлттық қозғалыс партиясы парламент мандатының көпшілігіне ие болды.

Ұлттық қозғалыс партиясының жетекшісі Патрис Лумумба бастаған Конго үкіметі өзінің алғашқы қадамы басталысымен-ақ ұлттық тәуелсіздікті және елдің ішкі бірлігін нығайту, қарғыс атқан отаршылдықтың қалдығын біржолата құрту бағытын ұстады.

Конгоның тәуелсіздік алып, өз алдына мемлекет болуы империалистердің ішін өртеді. Енді олар тыңшылары арқылы жас мемлекеттің өміріне ірткі салып, адам айтқысыз арандату әрекетін жасауға кірісті. 1960 жылдың 5 июлінде Конго армиясының басшы қызметінде болған бельгиялық офицерлер қарулы күшпен бүлік шығарды. Бұл фактымен дереу пайдаланған бельгиялық отаршылдар елді соғыс күштерінің шапқыншылығынан қорғаймыз деген сылтаумен Конгоға әскерлерді лек-легімен төгіп жіберді. Олар қарулы күшпен халықты басып, шешуші позицияларды өз қолдарына алуға тырысты. Бұған ержүрек Конго патриоттары қаһармандықпен қарсы тұрды.

Бельгиялық отаршылдардың әлсіреп бара жатқанын көрген бас империалистік елдер оған көмекке келді. Біріккен Ұлттар Ұйымының туымен бүркөмеленген қорқаулар Патрис Лумумбаның заңды үкіметінің қызметіне саңқилы кедергі жасады. Шетел империалистері қара ниетті мақсатын жүзеге асыруға халық мүддесін сатқан Касавубу Мобуту, Чомбе және басқа екіжүзді опасыздарды пайдаланды. Сөйтіп азамат соғысын тұтандырмақ, елді экономикалық және саяси дағдарысқа киліктірмек болды.

Алайда, Конго халқының мүддесін қорғауға Африка мен Азиядан және Латын Америкасындағы бостандық сүйгіш халықтар туысқандық көмек қолын созды. Совет үкіметінің отаршылдардың Конгода жасаған агрессиясын қатты айыптаған және өзінің Конго халқына қажетті көмек көрсетуге дайын екенін білдірген мәлімдемесін дүние жүзінің жұртшылығы қызу қарсы алды.

Бірақ Біріккен Ұлттар Ұйымы армиясының командашылары «тәтті тіпті» сақтаймыз деген сылтаумен Бельгия үкіметінің Конгодан Қатаган және басқа да аудандарды бөліп әкетуіне көмектесті. НАТО-ның отаршыл мемлекеттері Біріккен Ұлттар Ұйымы әскерлерінің командашылары мен Бас секретарының көмегін пайдалана отырып, Конго республикасының заңды үкіметі мен парламентін таратуды жүзеге асырды. Отаршылдардың бұл зұлымдығы Конго халқының опасыздар мен империалистік интервенттерге деген өшпенділігін өршітіп, жана күреске жұмылдырды. Республиканың вице премьер-министрі Антуан Гизенга мен бірқатар министрлер және парламенттің депутаттары Конгоның Батыс провинциясына ауысты. Сөйтіп бұл жер конголықтардың бостандық жолындағы күресінің орталығына айналды.

Конго халқының өз бостандығы жолындағы тасқынды қозғалысын қарулы күшпен төтеп бере алмаған бельгиялық отаршылдар НАТО



Одағының көмегіне сүйене отырып, қаракшылық әрекет жасады. Олар Конгоның ұлттық батыры Патрис Лумумба мен оның серіктері Ж. Окито және М. Мполони адам айтқысыз айуандықпен өлтірді. Дүние жүзінің барлық адал ниетті жұртшылығы сияқты совет адамдары да қара жүректікпен жасалған бұл сұмдық қылмысқа лағнет айтты. Конгоның ұлттық батыры мен оның жауынгер серіктерін империалистердің қанға бояуы аса ауыр халықаралық қылмыс болып табылады.

Совет үкіметі Патрис Лумумбаның өлтірілуіне байланысты жасалған өзіннің мәлімдемесінде халқымыздың бұл жөніндегі ой-ниетін білдіре келіп, Бельгияның Конгодағы әрекетін батыл айыптады және агрессорлардың қатаң жазалануын талап етті. Совет үкіметінің бұл мәлімдемесін дүние жүзінің жұртшылығы қызу мақұлдады. Отаршылыққа лағнет айтқан үн жер шарына лезде тарады. Осындай зор күшпен қаймыққан Европа мен Латын Америкасының кейбір елдерінің үкіметтері Америка Құрама Штаттарына экономика және саяси жағынан тәуелді бола тұрса да, отаршылардың қылмысты ісін айыптауға мәжбүр болды.

Конго республикасы заңды үкіметінің мәлімдемесінде Патрис Лумумбаның айуандықпен өлтірілуі конго халқының бостандық жолындағы күресін әлсірете алмады, қайта олардың патриоттық бірлігін нығайтты деп атап көрсетілді. Совет Одағы, басқа да социалистік елдер, Азияның, Африканың және Латын Америкасының көптеген тәуелсіз мемлекеттері премьер-министр Лумумбаның орынбасары және оның ісін алға апарушы Антуан Гизенганың үкіметін таныды. Бұл кезде Шығыс провинциядағы Стэнливиль республиканың уақытша астанасы болды.

Елдің бірлігі үшін ерлікпен күрескен Гизенганың үкіметін дүние жүзі жұртшылығының басым көпшілігі қолдады. Бұл үкімет аса қиын жағдайдың өзінде республиканың жартысынан көбінде бірқалыпты саяси және экономикалық өмірді қалпына келтірді. Енді Шығыс провинциясы Конго бостандығының қорғанына айналды.

Үстіміздегі жылғы январь айының орта кезінде бүкіл дүние жүзіндегі прогресшіл адамзат Африканың көрнекті мемлекет қайраткері Патрис Лумумбаның қайтыс болуына бір жыл толғанын атап өтті. Осы кезде Конго патриоттары тағы бір ауыр жағдайға тап болды. Елдің бостандық жолындағы күресін қаһармандықпен басқарып келе жатқан Антуан Гизенганың өміріне қауіп туды.

Конгоның адал ұлы Гизенга тұтқынға алынып, империализмнің жалдамалы сұмдарының қолына берілді. Парламент депутатына қол шегізбеу жөніндегі буржуазиялық заң өрескел бұзылды. Гизенгаға «мемлекетке опасыздық жасады» деген жала жабылды. Енді олар Гизенгаға сот процесін жүргіземіз деп қоқанлоққы жасап, оны бір жерден екінші жерге ауыстыруда. Мұның өзі конго халқының жалынды патриоты Гизенгаға Патрис Лумумбаның көбін кідіру үшін жасап отырған зұлымдық шара деген ой тудырады.

Дүние жүзінің бүкіл жұртшылығы, барлық адал ниетті адамдар Гизенганы дереу босатуды талап еткен үн көтерді. Совет халқы Біріккен Ұлттар Ұйымынан Антуан Гизенганың қандай жағдайда екенін анықтайтын беделді және медициналық комиссиялар құруды, оған өзіннің дәрігерін, туған-туысқандарын жолықтыруды, сөйтіп парламент мүшесінің правосын қорғауды талап етті. Осыған қарамастан, қаракшылар Антуан Гизенганың өміріне қауіп төндіруде. Бұл жағдай адал ниетті адамдар арасында үлкен ашу-ыза тудыруда.

Отаршылар Конгоның қазба байлығы аса көп Катанга өлкесін тегізгі тірек етіп отыр және оның байлығын сүліктей соруда. Америка Құрама Штаттары және басқа отаршыл мемлекеттер Конгоға біз еш-

қандай қысым жасап отырған жоқпыз деп ант су ішуде. Алайда, олар Конго жеріндегі ескі тәртіпті сақтап қалу үшін барлық шараны қолданып жатыр.

Конго мемлекетінің тәуелсіздік алып, оны ресми түрде жариялағаннан бері бір жарым жылдай уақыт өтті. Бірақ, ол кәзірге дейін отаршылдардың сұқтанып отырған нысаналы аймағы болып қалды. Сонымен кәзір Катанга империализмінің қарғылы төбеті Чомбенің билігінде қалып отыр. Ал Конгоның ержүрек патриоты Антуан Гизенганың өміріне зор хауіп төнуде. Жас Конго республикасында туған осындай аса ауыр жағдайға Америка мен Англияның, Бельгия мен Францияның отаршылдары тікелей жауапты.

Америка Құрама Штаттары, батыстың басқа да империалистік мемлекеттері Африка елдеріне сөз жүзінде ғана бостандық беріп, өздерінің қанаушылық правосын қалпында сақтауды көздейді. Олар Катанганың стратегиялық маңызы үлкен уран, германи, кадмий және басқа қазбаларына сұғын қадауда. Бұл қазбаларды өндіруге кәзір бельгиялық компаниямен бірге, Американың және Англияның монополиялары да белсене қатысуда. Соңғы мәліметке қарағанда бұл мақсат үшін Америка Құрама Штаттары 600 миллион доллар қаржы жұмсаған. Конгода өндірілетін уранның басым көпшілігі Америка Құрама Штаттарына, Англияға және Канадаға тасылып, жеткізілуде.

Конгодағы жағдайды американың империалистері бұл елдің қазба байлығына тереңірек сүңгі түсуге пайдаланып қалмақ. Олар Элизабетвильдегі бір топ сатылғандарды Конгоның орталық үкіметіне қысым жасайтын күшке айналдыруда. Американың империалистерінің Конго еліне қол сала бастауы конго халқына қандай «игілік» әкелетінін мына факті айқын көрсетеді. АҚШ Конго армиясын «қайта даярлау» жұмысымен айналыспақ. Ал мұның неге әксіліп соғатынын аңғару қиын емес. Конгода Әуе соғыс күшін «қайта даярлау» ісін ағылшындар жүргізе бастады. Ал Конго армиясын империалистердің осылай «қайта даярлауы» — отарлық әскерлерді қайта тудыру деген сөз.

АҚШ бастаған отаршылдардың кекшіл соғысқұмар одағы ең алдымен Конгодағы патриоттық күшті басып, жаншуға бағытталған. Бұл одақ Африканың ардагер ұлы Патрис Лумумбаның ісін алға апарушыларды жоюды көздейді. Мұның өзі Африка елдерінде күні өтіп, іріп-шіріп бара жатқан отаршыл тәртіпті сақтап қалуға тырысқандық. Бұған Біріккен Ұлттар Ұйымы қарулы күштерінің шабармандары ала өкпе болып, құтырына кірісуде. Олар Антуан Гизенганы қазаға ұшыратса, Конго тізе бүгеді, бұл арқылы Африка елдерін империалистердің «қорғауынсыз» өмір сүруге мүмкіндік жоқ деген әзәзілдікке иландырамын деп ойлайды. Жоқ, олай емес. Бұл мырзалар өзі қазған көрге өзі көміледі. Ол уақыт енді жақын. Тарихтың алға басуына, прогреске бөгет болғысы келгендердің бәрі тапталады. Бұған тарих куә.

Кәзір Африкада жағылған тәуелсіздік жалыны отаршылдардың ең соңғы үмітін өртеуде. Ал Конго бостандық жолындағы осы жалынның ошағы болып отыр. Сондықтан да империализм Конгоға қарсы қиянат кескі ұрыс жүргізіп, оны тоқтатпай келеді.

Бүкіл дүние жүзі назар аударып отырған Конгодағы оқиға шиеленісіп келеді. Жас республикаға қастандық жасаушылар конго халқының мүддесіне улы тырнағын батыруда. Бірақ Конго патриоттары өзінің бостандығы жолындағы әділетті күресте сөзсіз жеңіске жетеді. Өйткені оларды бүкіл дүние жүзінің адал ниетті адамдары қолдауда.

**Х. ӘБДІРАХМАНОВ,**

Қарағанды облыстық партия комитетінің  
лекторлар тобының жетекшісі.

# Сын және библиография

## Терминология сөздіктері жайында

Ә. САТЫБАЛДИЕВ.

Халықтың мәдениеті көтерілген сайын тіл қадірі де соншалық арта береді. Мұны біз өз тәжірибемізден көріп жүрміз. Ана тілін ардақтайтын дәрежеге кәзір біз де жеттік. Ана тіліміздің әрбір сөзін де, жұрбағын да біз халықтың ең аяулы асылына балап, ұқыптылықпен сақтауға, ішкі сырларын ашып, жетілдіре беруге тырысамыз.

Халықтың тіл қазынасын қорытып, бар сөзін орын-орнына қоятын сөздік жасау — ежелден-ақ мәдени және саяси мәні зор жұмыс. Екінші жағынан, бұл—ұлт мәдениетінің өскенін сыпаттайтын белгілі бір көрсеткіш те.

Сонғы бірнеше жылдың ішінде Қазақстан ғалымдары сөздік жасауда көп жұмыс істеді. Бұрынырақ шыққан орысша-қазақша үлкен сөздікті былай қойғанда, академик Ісмет Кеңесбаевтың басқаруымен кәзіргі қазақ тілінің екі том түсіндірме сөздігі жарық көрді. Ғылым мен техниканың әрбір саласын жеке-жеке қамтитын тоғыз терминологиялық сөздік шықты. Бұлардан басқа академия баспасынан бөлек шыққан Мұсақұловтың сөздіктері, Арзымбетовтың сөздіктері бар.

Бұл сөздіктердің әрқайсысы туралы арнайы мақала жазылса да артық болмас еді. Өйткені, олардың қай-қайсысы болсын көп жылдар бойы сарылып ізденуден, тірнектеп жинаудан, күш қосып жұмыс істеуден туған коллективтік еңбек. Олардың бәрінде де ғылыми тұрғыдан қорытуды, шешуді керек ететін мәселелер, даулы пікірлер бар.

Терминологиялық сөздіктер халқымыздың сөз өнерінің тәжірибесін қорытады, ғылым мен техникадағы, мәдениеттегі, жалпы тіл ұстарту жолындағы қол жеткен табыстарды жинақтайды.

Терминологияның теориялық мәселелерін зерттеу және бұл саладағы тәжірибені қорытып, оған бағыт сілтеп отыру ісі бір ғана Қазақстан емес, бүкіл Одақ көлемінде жеткіліксіз екені әр жерде айтылып жүр. Сондықтан ортаға салатын пікірлер көп-ақ.

«Терминология дегеніміз — ғылымның, техниканың, саясаттың қасиеті, яғни интеллектуальдық жағынан ұйымдасқан әлеуметтік болыстың сферасы» дейді ғылым (Москва, «Вопросы терминологии». 47-бет).

Біздің бүгінгі өмірде ғылымның, техниканың, саясаттың қамтымайтын саласы жоқ. Сондықтан термин дегеніміз халықтың жалпы әдеби тілінен оқшау тұрған бірдеңе емес, сол тілдің өзі, өзімен біте қайнасып жатқан бөлінбес бөлшегі. Олай болса, бізде осы уақытқа дейін «термин» десе, оған халықтың жалпы тілінен оқшаулау тұрған бірдеңе деп қарау, сол себепті оны қолдануда немесе жаңа атаулар жасауда әдеби тілдің ежелгі дәстүрінен, ішкі заңдылығынан шығып кетсе де болады деген сияқты кейбір теріс ұғымдардың болып келгенін айта кеткен жөн.

Термин сөздерге балама іздегенде, ең алдымен өз тіліміздің қазынасын сарқа пайдалануымыз керек. Өйткені, ғылыми ұғымдардың көбі біздің тілде де бар. Ғылыми ой, ғылыми ұғым дегендер қазақта тек бү-

гін ғана туды деп ешкім де айта алмайды. Олар тілдің негізінде әуес бастан бірге жаралып, бірге дамып отырған. Сол себепті біз ғылыми ұғымдардың атауларын саралағанда, өзімізде ежелден бар және күн сайын туындап, толысып жатқан ғылыми атауларды орнына қоя білуді, сондай-ақ орыс сөздерімен салыстыра отырып, кейбір сөздердің ұғымылық шектерін ажыратуды, сонан соң өз тіліміздің заңды даму жүйелерін пайдалану арқылы оның кәзіргі бар мүмкіншіліктерін де, болашағын да аша білуді алдымызға бірінші мақсат етіп қоюға міндеттіміз.

«Ғылым мен техниканың белгілі бір саласына жататын жеке термин немесе терминология сол саладағы маманның өз кәсібі жайындағы білімінің басты шарты» дейді ғылым. Шынында да машина жасатын инженер сол машинаның бөлшектерінің аттарын білмесе, ол өз ісінің маманы бола алар ма. Бірақ бұл айтылған шарттың біз үшін сәл басқашалау болып келетін тағы бір жайы бар. Заводта немесе шахтада жұмыс істеп жүрген қазақ инженері өз мамандығының барлық атауларын қазақ тілінде толық біле бермейді. Ол үшін кәзір орысша атауларын біліп алса да жетеді. Шахтаның «оқпанын» ол «ствол» деп-ақ жүре береді.

Екінші бір жағдай: ғылым мен техникада әрбір жаңа ұғым туған кезде оның мамандары ат қояды. Сөйтіп, алдымен ұғымын бойына сіңіріп алған мамандар соған қарай оның атауын қалыптастырады. Ал бізде қалай? Біз ғылым мен техника жаңалықтарының ұғымынан бұрын көбінесе атауларын естиміз. Сол атауларға қарап барып, ұғымын жорамалдаймыз да, өзімізше шамалап ат қоямыз. Бұл жерде мамандардан гөрі аудармашылар бұрын кіріседі. Тегінде, термин сөздер бізде негізінен аударма арқылы жасалып жүр, яғни мұнда аударманың ролі басым. Сондықтан да көп сөз өзінің ұғымдық орнын дәл тапқанға дейін сан рет өзгеріп, сан рет толқиды. Біздің кәзіргі жағдайымыз бен санаса келгенде, сіра, мұның өзі заңды да құбылыс болар.

Тіліміздің ежелгі сөздік қорын пайдалану арқылы терминологияны байытуда істелген істер көп. Сөздіктерді құрастырушылар да бұл жағына әдейі назар аударған. Олар аударма мәдениетінің, бүкіл баспасөздің табыстарын жинақтауға тырысқан және өз тарапынан да талай сөздерді орнын тауып қоя білген. Сонымен қатар бұған қатысқан жолдастардың кейбіреулері терминологиялық ұғымның мағынасын тек өз мамандықтарының тар шеңберінен ғана қарап, осы уақытқа дейін сол ұғымның атауы болып келген сөздерді оп-оңай ғана ауыстыра салған, ондай сөздердің ұзақ қолданылу арқасында бірте-бірте толысып жаңа мағына алып кеткенін түсінбеген. Мәселен, «известь» деген сөз бүкіл баспасөзде және ауызша барлық жерде «эк» деп айтылып жүр. Бұл атау Қазақстанның біраз жерінде бар сөз болғандықтан да осылай алынған. Сол сияқты «блок» деген сөз «шығыршық» деп алынып жүретін. Мұның бәрі қала беріп, сөздіктің бірінші томында «ізбес», «блок» деп алыныпты. Ал кей жерде «ізбес», «эк», «блок», «шығыршық», «шығыршық» болып шатаса берген. Сол сияқты «форма» деген сөз де сол бірінші томда «форма» болып алыныпты да, басқа жерлерде «қалып», «қалыптау» болып, біресе қайтадан «форма» делініп өзгере берген.

Тегінде, көптен қалыптасып кеткен және қалыптасып келе жатқан сөздерді ауыстыра беруге әуес болмағанымыз абзал. Белгілі бір сөзді белгілі бір ұғымның атауы етіп алғаннан кейін, ол баспасөз бетінде де, көпшіліктің аузында да сан рет қайталанып айтылады, сөйтсе де, ұғымдық жағынан бірте-бірте толыса барып, өзінің кемеліне келеді, халықтың санасынан орын тебеді. «Жарна», «мүше», «құн», «тап», «өкімет», «үкімет», «дағдарыс» деген сияқты сөздердің кәзіргі мағы-

наларын бұрынғы мағыналарымен салыстыруға болар ма еді? Салыстыру былай тұрсын, ол сөздердің бір кездегі ұғымдық шеңбері қаншалық болғанын көбіміз білмейміз де. Олай болса, өзінің жаңа ұғымымен барша жұрттың санасына сіңісіп кеткен сөздерді, жаңа бір контексте жетіңкіремей тұр екен деп, қайтадан өзгерте салудың қажеті жоқ.

Көп уақыттан бері «квадрат» дегенді «шаршы», «куб» дегенді «текше» деп оқып, жазып келеміз. «Текше метр», «шаршы метр» деген сөздердің мағыналарын түсінбейтін қазақ кем шығар. Сондықтан бұл сөздерді қайта өзгертіп, орысша қалыбына түсірудің қаншалық қажеті бар еді.

Сөздіктерді құрастырушы мамандардың кәсіптік шеңберден шыға алмағандығының ізі сезіледі. «Единица» дегеннің бірде «единица», бірде «бірлік», бірде «өлшем» болу себебі де содан. «Договор генеральный» дегеннің «бас шарт» деп алынып, сол жерде «договор двухсторонний» дегеннің «екі жақты договор» болып кетуі де содан. Немесе бірағы дәл сол жерде «договор типовой» дегеннің «типті шарт», «қалыпты договор» деп әдейілегендей-ақ орысшасына қазақшасын, қазақшасына орысшасын тіркестіріп шұбарлатып қоюда қандай ғылыми негіз бар? «Қарыз» деген сөздің «заемодавец» дегенде балама болуға жарап, «қарыз беруші» деп алынғанда, «заемовладелец» дегенге балама бола алмай, «заем несі» болуының себебі қалай? Мұндай мысалдар бірен-саран болса, оған тоқталып жатпас едік. Ондайлар осы айтылып отырған сөздіктердің бәрінен көптеп табылады.

Ана тілінің байырғы сөздерін тиісті орыс сөздерінің (оның ішінде термин сөздердің де) баламасы ретінде дұрыс қолдану және соған сүйене отырып, оларды мағыналық жағынан жіктеу—кәзіргі тіл мәдениетін көтерудің аса күрделі мәселесі. Бұл бағытта әлі көп жұмыс істелуі керек. Осы тұрғыдан, сөздіктер өз міндеттерін толық атқара алмаған. Оларда әлі алалық көп, тиянақтылық жоқ, жүйе жоқ. «Фонд премирования» деген «сыйлық қоры» деп алыныпты да, содан кейінгі «фонд потребления» «тұтыну фонды» болып кеткен. Мүмкін бұл екі «фондының» арасында айырмашылық бар шығар? Бірақ сонда да дұрыс емес. Қазақтың «қор» деген сөзі қандай контексте келсе де сол «фонд» дегеннің мағынасын бере алады. Бүйтіп құбылта беру қалыптасып қалған ұғымды шашыратып, босаңсытып жібереді. Қабылданған терминге мүмкіндігі болғанынша берік болу керек.

Сөз мағынасының жаңаратыны, жасаратыны болады. Мұны біз ана тіліміздің тәжірибесінен көп кездестіреміз. Мысалы, «талқылау», «өркендеу» деген сөздердің кәзір қандай мағынада және қаншалық жиі қолданылатынын жұрттың бәрі біледі. Ал бірақ бұл сөздердің біріншісінің алғашқы мағынасы қатқан көнді илеу, жұмсарту, ал екіншісі—қауынның желі тартуы екенін көп адам біле бермеуі мүмкін. Осылай жасарып, жаңа ұғым алып жүрген атаулар бұдан былай да молая бермек.

Тегінде аударма сөздіктерімізде ойға өң беретін, канат бітіретін, желпіне, асқақтай сөйлегенде қолданылатын әдемі поэзиялық сөздер қалып қоя береді. Оларға сырттан қараған адам «қазақ тілінің лексикасы неткен жүдеу» деп қалуы мүмкін. «Нұр», «шапак», «шешек ату», «құлпыру», «құлазу», «гүлжазира» деген сияқты сөздер аударма сөздіктерде некен-саяқ ұшырайды. Демек, тіліміздің бар байлығы аудармада толық іске асырылып жүрген жоқ.

Бізде «архаизм» деп аталатын көне сөздерден жалпылама қашу әдеті бар. Біздіңше, бұл дұрыс емес. «Архаизм» деп үркіп жүрген көне сөздеріміздің көбі жазушылар мен журналистердің шабыт шақырып, желпіне, асқақтата, әсерлендіре еселеп, нығарлап айтқысы келген кез-

дерде қолданатын ең күшті құралы. Жауынгер публицистика жанры да оған айрықша сүйенеді. Қазіргі өмірімізді ұжмаққа, Москваға, қаһабаға, Кремльді мехрабқа теңейтін ақындар аз емес. «Күдірет» «ғажайып» деген сияқты сөздер кәзір мүлде жаңа мағынамен айтылатын болды. Сондықтан, аудармада және сөздіктерде біз, жөні келіп тұрған жерде, ондай сөздерді батыл қолданып, қайта, олардың көнеріп, ескіруіне жол бермеуге тырысуымыз керек.

Халық тілін термин сөздермен байыту жолдарының бірі — сол халықтың диалектілері. Бұл жағдай әсіресе біз сияқты баспасөзі әлі жас тілдік қоры хатқа түсіп болмаған ұлттар үшін ерекше маңызды. Ұланбайтақ Қазақстан жерінің түрлі облыстарында тіршілік жағдайы әралуан. Әрқайсысында іргелес отырған басқа халықтардан сіңген сөздер бар екенін былай қойғанда, тұрмыс жағдайларына байланысты көптеген соны атаулар бар. Мәселен, оңтүстік облыстарда егін, су, бау-бақша шаруашылықтарынан, қоныстану тіршілігінен, қолөнер кәсібінен туған атаулар көп. Балық шаруашылығына, теңіз өміріне байланысты атаулардың көбін Гурьев облысынан, Сырдария мен Ертіс бойларынан, Арал мен Балқаш жағалауларын мекендеген қазақтардан табуға болады. Сол сөздерді жалпыхалықтық тілдің қатарына тезірек қосып, социалистік өміріміздің қызметіне жегу үшін терминдердің аудармасына батыл қолданудың пайдасы зор.

Социалистік өміріміз жаңалыққа толы. Саяси-шаруашылық мәні зор көптеген материалдар күн сайын дамылсыз аударылып жатады. Солармен бірге толып жатқан соны сөздер, жаңа ұғымдар келеді. Айталық, суландыру жүйесін өзгерту туралы үкімет қаулысы келгенде «главный канал», «оросительный канал», «распределительный канал» деген сияқты терминдердің арқасында «бас арық», «оман арық», «оқ арық», «құлақ арық», «арық», «қарық» деген сияқты егіншілік кәсібі дамыған облыстарда болатын атаулар шықты. Мақта шаруашылығына байланысты «қозапая», «шит», «көсек», «шанақ» деген сияқты сөздер келіп жатыр. «Дақыл» деп, «егіс» деп «культура» мен «посевті» ажырататын болдық. «Пәлек» деп, жапырақ деп, «ботва» мен «листыны» саралап алдық. Еліміз жүгері егісін өрістетуге кіріскенде, оның «сотасы», «собығы», «шашағы» туралы ұғымдар мен атаулар да қосыла берді. Қазір бұршаққа байланысты толып жатқан соны сөздер қазақтың тіл қазынасының қалтарыстарынан қайта шығып, жарып қолданылуда. «Асбұршақ», «жембұршақ», «жасымық», «нөкат», «қарағұмық» деген сияқты сөздерді осыдан аз уақыт бұрын Қазақстанның біраз жерлері біле бермейтін. Бірақ бұлардың бәрі халықтың хатқа түспеген ауызекі сөздігінде бар атаулар еді. Олардың өмір мұқтажы шығарып жатыр. Ана тіліміз осылай болып әлі де толыса береді, өсе береді.

Термин жасаудағы осы жүйемен келген жетістіктерімізді сөздіктер едәуір жақсы қамтыған. «Су құбыры» деген сөз кәзір әдебиет тілінің қатарынан лайықты орнын алды. Бұл сөз—«водопровод» дегеннің баламасы. «Сооружение» дегеннің «ғимарат» болғаны да теріс емес. Өйткені, «құрылыс» дегенді тым көп жерге пайдаланып жүрміз. Бұлардан басқа да толып жатқан атаулар сөздіктердің тізіміне енген. Бірақ жоқ жерде оғаш бірденелердің шыға келетіні бар. «Моржа» қазақтың ежелгі өз сөзі және әдеби сөзі. Оның тек үй пешіне келгенде ғана емес, завод пештерінде де «моржа» болуға хақы бар. Ал сөздіктерде «от шығатын труба», «түтін шығатын труба» деп өзгеріп кетіпті. Сол сияқты «күбі» деген жақсы баламасы бар сөз «чан» болып кеткен.

Термин жасауда және жалпы орыс сөздеріне лайықты қазақша баламалар қарастыруда тіліміздің қос сөзден құралып жаңа мағына

алатын және жалғау, жұрнақтар арқылы туындап өзгертін жүйелері аудармаға кеңінен қолданылып келеді. Сөздіктерді құрастырушылар да бүгінгі әдеби тіліміздегі осы жолдармен туып жатқан жаналықтарды толық жинақтауға және өздері де сол әдістерге сүйене отырып жаңа атаулар жасауға тырысқан.

Қос сөзден құрылған терминдердің кейбіреулері соншалық сәтті болып шығады да, айтуға да, ойдың желісіне қарай жалғау, жұрнақтармен сан құбылып өзгертуге де икемді келеді. Ондай сөздер өздерінің тиісті ұғымдарын да екіұшты етпей, нақтылы да тиянақты етіп айтысын жеткізеді. «Өнеркәсіп», «кәсіпорын», «кәсіподақ», «жемшөп», «колөнер», «еңбеккүн» деген тәрізді сөздер әдеби тілімізге аударма мәдениетінің қосқан үлесі.

Қос сөзбен термин жасағандағы ең басты шарт: оған жалғау жалғанып, түрлі ой қисындарына қарай өзгертілген шақта мағынасының сақдалдап кетпеуі. Бұл көбінесе алдыңғы сөздің бөлініп қалуынан, соңғы сөздің зат есім түрінде келмей, етістік түрінде келуінен болады. Терминологиялық сөздіктерді құрастырушылар өз тарапынан термин жасаймақшы болғанда осы сырды жете ұқпаған. Сондықтан олардың термин деп айтқандарының көбі әшейін бір олақ аударылған түсінік болып шыға берген, ал кей жерде кісі күлерлік дәреке сөз тіркестеріне де айналып кеткен. Мәселен, «кубовая—су қайнатар», «осенняя стрижка» — күзгі күзем (жазда күзем болмайды, «күзем» дегеннің өзі күзде күзеу деген сөз), «сетка нитей—қылсым торы», «выпускная лейка—металл ағызатын тесік» «выпрямитель ртутный—сынапты туралағыш», «вентилятор центробежный—ортадан тепкіш желдеткіш», «вентилятор частичного проветривания — жартылай желдету желдеткіші», «передаточная простая—жай беріс», «передаточная эстафеты сверху — эстафетаны «үстінде» беру», «передаточная эстафеты снизу—эстафетаны «астынан» беру» деген сияқтылар.

Бұлар термин де емес, жәй түсіндіру де емес, орашолақ аударма ғана. Сондықтан мұндайларды сөз санатына қосып, термин ретінде қарастырудың керекі жоқ еді. Өйткені ең орташа аудармашының өзі ондай сөздер кездескен жағдайда қисынына қарап отырып-ақ бұл айтылғандардан әлдеқайда жатық және түсінікті етіп аударып алады.

Сөздіктердің бәрінде де жалғау, жұрнақ арқылы сөз тудыру әдісі кеңінен қолданылған. Мұның өзі — қазақ тілінің ежелгі дәстүрлік заңы, оның туындап, өсіп-өрбуінің ең тиімді, әрі өнімді жолы. Тіліміздің осы бір туындағыш қасиеті бізді көп қиыншылықтардан алып шығып жүр. Орысшасына қарап отырып, нақ осы әдіспен түбірлес сөздерді небер құбылту терминологиялық атауларымызды әбден молықтырып, қайыта түсуде. Мұндай әдіспен жасалған терминдер халыққа ұғымды, айлаға жатық келеді. Сондықтан да тез сіңеді, тез орнығады. Өйткені, халықтың тамыры ана тілінің өз топырағынан нәр алып, тығыз байланысып жатады. Бір ғана «құру» деген түбірден туып жатқан сөздерді алайықшы: «құру», «құра», «құрау», «құрақ», «құрамыс», «құрам», «құрама», «құрылыс», «құрылым», «құралым», «құралыс», «құрылғы», «құралғы», «құранды»... тағы да туа беруі мүмкін. Әттең, не керек, тіліміздің осы мүмкіншіліктері аудармада, әсіресе термин жасауда толық іске жегілмей келеді.

Еңбек құралдарына, машина саймандар мен олардың тетіктеріне, үй жабдықтарына ат қойғанда, әсіресе «қыш», «ғыш», «кіш», «гіш» жұрнақтары көбірек қолданылып жүр. Бұл жұрнақтар арқылы жасалған терминдерді шығып жатқан сөздіктердің бәрінен мол кездестіруге болады. «Радиоприемник — радиоқабылдағыш», «вентилятор — желдеткіш», «вибратор — дірілдеткіш», «заполнитель — толтырғыш», «звукоизлучатель — дыбыс шығарғыш», тағысын тағылар.

Бірақ сөздіктерде мұндай әдіспен жасалған терминдердің көпшілігі ойдағыдай болып шықпаған. Сөз туғызатын жұрнақтардың өздері көп жерде орнын таба бермеген. «Өлшегіш», «сынағыш», «шындағыш» деген сияқты сөздер аспапты, құралды, немесе олардың тетіктерін мезгеуден гөрі адамды, яғни өлшеуге, сынауға, шындауға икемдігі күшті кісіні мезгейді. Асылында, бұл жұрнақтар біздің тілімізде көбінесе шеберлік иесін, белгілі бір іске салынушы адамды тұлғалайтын жұрнақтар болса керек.

Оның есесіне, тілімізде «уыш», «уіш» жұрнақтары арқылы жасалған еңбек құралдарының аттары тіптен көп. Мысалы, «бұлғауыш», «түйреуіш», «желпуіш», «елеуіш», «таяныш», «тіреуіш» деген сөздер сияқтылар. Халық оларды «бұлғағыш», «түйрегіш» деп атамаған. Өйткені, олай десе құрал емес, адам тұлғаланған болар еді.

«Уыш», «уіш» жұрнақтарын етістік сөздерге жалғау арқылы кәзір де жаңа сөздер жасалып жүр. «Қозғауыш», «тежеуіш» деген сөздер «двигатель», «тормоз» деген сөздердің тамаша баламасы. Сондай-ақ, соңғы кезде шыққан «стогометатель», «скирдометатель» дейтін машиналарды колхозшылардың «маялауыш», «шөмелеуіш» деп жүргенінде естігеніміз бар. Бірақ, амал қанша, осындай орынды келген атауларды тұрақтандырып, барлық жерде бірыңғай қолданбай жүрміз. «Погрузчик» дегенді «жүк тиегіш» демей, «тиеуіш» дей салса болмаппа еді? Қазақ «таяныш», «түйреуіш» дегенде нені таяныш, нені түйрейтінін айтпайтын еді ғой. «Тиеуіш» болған соң ол жүктен басқа не тиейтін еді? Сондай-ақ орысша «картофелеуборочный комбайн», «хлебоуборочный комбайн» дейді екен деп, біз де «картоп жинау комбайны», «астық жинау комбайны» дейміз. «Жинайтынын» тастап, «картоп комбайны», «астық комбайны» деп неге алмаймыз?!

Жалғыз «уыш» пен «уіш» жұрнақтары ғана емес, еңбек құралдарына, олардың тетіктеріне, үй жабдықтарына етістіктен шығарып атылатын жұрнақтар қазақ тілінде өте бай. «Ық», «ік», «қы», «кі», «гі», «ты», «ыр», «ір» жұрнақтарын біз тым аз қолданып жүрміз. Мәселен, қазақта ежелден келе жатқан «сүзгі», «ілдіргі» деген сөздер бар. Осының негізінде кәзір тілімізге «қондырғы» деген термин енді. Ол «установка» деген құралдың есімі.

Сөз жаратқыш жұрнақтардан көп қолданылып жүргендердің бірі «ма», «ме», «ба», «бе» жұрнақтары. Бұлар арқылы көптеген термин сөздер әдеби тіліміздің қорынан лайықты орын алып келеді және олардың бәрі сөздіктерде дұрыс тіркелген. «Баяндама», «қондырма», «көшірме» деген сияқты сөздерді жасанды деп ешкім де айта алмайды. Бірақ кәзіргі уақытта орынды-орынсыз жерлердің бәрінде осы жұрнақтарды жалғау арқылы сөз жасай беретін болғамыз. «Набивка—бітеме», «Крепль—бекітпе», «спуск—түсірме», «выработка—қазба», «проба—сынама», тағы сол сияқтылар. Бұл жұрнақтың бір қиын жері—етістіктің бұйрық райына ұқсап тұрады да, сөз тіркестеріне қосылғанда, ұғымға бірден соқпай, сөйлемнің қисындық күшін әлсіретеді. Мұны сөздіктерде келтірілген мысалдардың өздері-ақ дәлелдеп тұр: «набивка асбестовая—асбест бітеме», «набивка фильтрующая—сүзгіш бітеме», «крепль шарнирно-арочная—тоспалы күмбез бекітпе», «обывривание крепи—бекітпе тұс құланды», «сплав металлический—металл қорытпа», тағысын тағылар.

Кәзіргі қазақ тілінде терминдік сөздердің туу, қалыптасу жолдары саналуан. Сол арналардың бәрімен келіп құйылып жатқан соны ұғымдар, жаңа атаулар ана тілінің қазынасын дамылсыз байытып, оның жазылу және сөйлеу мәдениетін барған сайын көтере түсуде. Кәзіргі уақытта «айналым» және «айналыс» деген сөздердің шектеліп, («оборот», «обращение» деген сөздердің баламалары) әрқайсысының



дара мағына алуының өзі неге тұрады! «Білім», «ғылым», «ілім» деген сөздер бір кезде қазақ жерінің әр өлкесінде әртүрлі айтылғаны болмаса, тек бір мағынаның ғана төңірегінде жүрген сөздер еді. Енді олардың әрқайсысы даму шыңына шарықтаған адамзат ой-санасының табыстарын жинақтай бейнелейтін тұтқалы да түйінді атауларға айналып отыр.

Осылардың бәрі ана тіліміздің даму мүмкіншілігі өлшеусіз зор екеніне шүбә қалдырмайды. Халықтың өмірінде бұрын болмаған нәрселерге сол тілде жаңадан атаулар тумайтын болса, онда тілдің дамуы да мүмкін болмас еді. Терминдік атаулар тек шет тілдерден алу арқы-ғы ғана туады деу біржақтылық.

Әрине, коммунизмге аяқ басып, адамзат табыстарының бар сыбағасына ортақ болып отырған жағдайда, біздің ана тіліміздің тыныс алатын саңылауы, молығатын қайнар көзі — өзіміздің екінші ана тіліміз саналып отырған ұлы орыс тілі. Қала берді, халықаралық терминдерді де біздің кәзіргі әдеби тіліміз жақсы сіңіре алады. Соның бәрін көре отырып, кез келген терминді қазақшалай берейік деу үлкен ағаттық болар еді және одан ештеңе шықпас еді. Өйткені, олай ету тіліміздің тынысын тарылтады, даму қарқынын бөгейді. Бұл жағынан біздің табысымыз да шексіз зор. Кәзір мүлде өз сөздеріміз сияқты болып қалыптасып, жымдасып кеткен орыс сөздері мен шетел сөздері орасан көп. Олар әлі де көбейе береді және оған ешкім де бөгет бола алмайды. Орыс және шетел сөздерінен терминдік атаулар алу — біздің тілімізді байытатын үлкен арнаның бірі.

Тек бір айта кететін нәрсе мынау: орыс терминдерінің де, сол сияқты халықаралық терминдердің де қазақ тіліне сіңетіні бар, сіңбей-біні бар. Қазақ тілінің өзіне тән туындау мүмкіншіліктерін пайдалана отырып жаңа терминдер жасағандағы сияқты, шет тіл сөздерін әкелудің де жолы мен жүйесін білу керек, қазақ тілінің оларды фонетикалық жағынан да, грамматикалық жағынан да және сөйлеу тұрғысынан да бойына сіңіріп әкететіндей болуын көздеу керек. Мәселе тек лексикалық атауларды толтыра беруде емес. Сөз құр атау түрінде ғана келіп, тіліміздің грамматикалық жүйелеріне қиыспай, кірікпей тұратын болса, ол сөз өз қызметін атқара алмайды. Қайта біз ондай сөздерді алудан көбірек ұтыламыз. Сол себепті де Владимир Ильич Лениннің өзі көпшілікке түсініксіз шет сөздерді алуға әуестене берудің дұрыс болмайтынын әдейі ескерткен еді.

Бүкіл Совет елінің ортақ ойы, ортақ мұраты, сөйлесуі мен кеңесуі, яғни жалпы тіршілік қатынасы күн сайын, бірауыздан бірауызға көшкендей-ақ, орыс тілінен қазақ тіліне ауысып айтылып жатады. Міне нақ осы процесте орыс тілінің ұстаздық ролін біз күн сайын, сағат сайын сезіп отырамыз және ол өзінің жаңартушылық борышын дамыл-ғыз атқарып та жатады. Кәзір тіпті қарапайым колхозшының өзінің ойлау жүйесі орысшаға ыңғайланып бара жатқанын аңғару қиын емес. Ал тіл дегеніміз ойдың көрінісі екені белгілі. Сондықтан біздің тілдің синтаксистік құрылымына да, лексикалық құрамына да, фонетикалық қасиеттеріне де түбірлі өзгерістер еніп барады және бұл өзгерістер, негізінен алғанда, тіліміздің заңды жүйесімен үйлесімді. Тілімізге енген әрбір жаңалықтың негізінен орыс тілінің, орыс мәдениетінің үлгісін табу қиын емес. Тек қана оны көре білу керек. Әрине, бұлардың бәрі — зерттеушілерін зәру күтіп отырған маңызды ғылыми тақырыптар.

Орыс тілінің игілікті ықпалы дегенді дұрыс түсініп, дұрыс пайдалана білуіміз керек, оны өз тіліміздің мәдениетін көтерудің ең тиімді және күшті құралы ретінде орнын тауып жұмсай білуіміз қажет. Сөйтіп, тілді шұбарлаушылыққа да және тілдің тынысын тарылтушылыққа да жол бермеу шарт.

«Сөз өнері дертпен тең» деп Абай тегін айтпаған. Әрбір сөзге жанымыз ашитын болсын. Сондықтан «термин жасау» деген кім болса соның қолынан келе беретін оңай ермек емес. Ол үшін оның ұғымына жетік болу да, сол саланың маманы болу да аз. Бұл—нағыз творчестволық жұмыс. Ең алдымен тіл сырын, сөз жанын түсінетін адам керек бұған. «Термин» деген бейнебір қаққан шегедей-ақ, сөздіктегі қойған жерінен тапжылмайтын жансыз зат емес. Ол — қозғалатын, құбылатын, түрленетін, туындайтын жанды тұлға. Әрбір сөз сыр шертіп тұруы керек.

Қорытып айтқанда, бұл шығып жатқан сөздіктердің пайдасы да көп, кемшілік жағы да толып жатыр. Көп сөздер орнын тапқан, қол жеткен табыстарымыз жинақталған. Басқаның бәрін былай қойғанда, орысша терминдердің осынша көп тізімдерін жасап шығудың өзі де үлкен еңбек.

Барлық кемшіліктеріне қарамастан, бұл сөздіктердің күрделі ғылыми еңбек екенін атап айтпасқа болмайды. Олар бұл салада істелетін бұдан былайғы ғылыми жұмыстардың бірінші сатысы болып отыр. Ендігі керегі — осылардың бәрі қорытып, әзірше жаппай зәрулігі болмайтын сөздердің көбін шығарып тастап, бірыңғай жүйеге келтірілген үлкен бір жинақ шығару. Сонда кәзіргі қайталауларға да, жиі кездесетін алалықтарға да жол берілмес еді.

## Журнал сынынан кейін

«СЪЕЗД МАТЕРИАЛДАРЫ КЕҢ НАСИХАТТАЛЫП, ТҮСІНДІРІЛСІН»

Журналымыздың 1962 жылғы бірінші номерінде осы тақырыппен берілген мақала жөнінде Алматы облыстық «Коммунизм таңы» газетінің редакторы Ә. Қарағұлов жолда дас мынаны хабарлады. Мақала «Коммунизм таңы» газетінің редколлегия мәжілісін арнайы талқыланды. Бұл талқылауға редакцияның барлық бөлім меңгерушілері, әдеби қызметкерлері қатыстырылды. Редколлегия газеттің съезд материалдарын насихаттаудағы жетістіктерімен бірге жіберіп отырған кемшіліктерін «Қазақстан коммунисті» өте орынды көрсеткен деп тапты. Бұл уақытқа дейін терең теориялық мақалалардың, партия ұйымдарының съезд материалдарын оқып-үйренуді ұйымдастырудағы тәжірибесінен кенінен баяндайтын материалдардың аз болып келгені рас. Осы кемшіліктерді бұдан былай болдырмау мақсатымен газет бетінде «Коммунизм туралы әңгіме», «Болашаққа сырлассақ», «Партиялық жұмыс—творчестволық жұмыс», «Қоғамдық негіз—болашақ өркені» деген рубрикалар ашылды.


### РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Ордабаев Б. (бас редактор), Айтмағамбетов З.,  
Әбілдаев Қ., Бейсенбаев С., Жанкелдин Т.,  
Мендібаев Қ., Хайдаров С. (жауапты секретарь),  
Ыдырысов Т.

Редакция адресі  
Алматы қаласы,  
Комсомол көшесі, 103  
Тел. 2-23-03, 2-24-95

7/V-1962 ж. басуға қол қойылды, к. 70×108<sup>1</sup>/<sub>16</sub>, 2,5 қ. — 6,85 авт. т. УГ00389. Т. 20.3

ҚКП Орталық Комитеті жанындағы республикалық газет-журнал баспасы. Заказ 2768



Бағасы 20 тиын.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің  
айына бір рет шығатын

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

журналына жазыла беруге болады

Журнал 1962 жылдың январынан бастап жақсы көркемделген, көлемі «Огонек» журналындай болып шыға бастады.

Журнал алдыңғы қатарлы жанашылдардың, ғалымдардың, мамандар мен ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің егіншілік, мал шаруашылығы, комплексті механикаландыру және экономика мәселелері жөніндегі мақалаларын жариялап отырады.

Журналда селолар мен ауылдардағы тандаулы адамдар жөнінде очерктер, ауыл тұрмысы жайында әңгімелер және фельетондар басылады.

Журналда «Сын және библиография», «Аңшылық және балық аулау», «Үй шаруасындағы әйелдерге кеңес» деген бөлімдер бар. Журналдың май айындағы санынан бастап «Бағбан мен бақшашыға көмек» деген бөлім ашылады.

Журналға «Союзпечатьтің» барлық бөлімшелері, байланыс бөлімдері, сол сияқты колхоздардағы, совхоздардағы, РТС және ғылыми-зерттеу мекемелеріндегі қоғамдық таратушы өкілдер арқылы жазылуға болады.

Журналды үзбей алып тұру үшін оған бір жылға немесе алты айға біржолата жазылу дұрыс.

Журнал қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жазылу бағасы: жылына — 2 сом 40 тиын, жарты жылға 1 сом 20 тиын.